Шарманов Т.Ш. Мир Козыбаева: К 70-летию со дня рождения. С. 14–24;  
Кул-Мухаммед М. Гулама. С.25–48;  
Алдажуманов К. Академик М.К.Козыбаев и историческая наука Казахстана. С.51–60;  
Гуревич Л. Историк Отечества. С. 61–71;  
Сужиков Б. Академик Манаш Козыбаев и культурно-нравственный потенциал исторического знания. С. 72–86;  
Мажитов С. Академик Манаш Козыбаев - основатель историософии независимого Казахстана, ученый - гуманист. С. 87–100.

173. Манаштану: Курс лекций /Сев.-Каз. гос.ун-т им. М.Козыбаева. Сост. С.И.Ибраев. Петропавловск, 2006. 186 с.
174. Махин В. Манаш Козыбаев – Человек в истории // Казахстанская правда. 2006. 3 ноября.
175. Плоских В.М. М.К.Козыбаев: монолог об Отчизне // SHYGYS («Восток»). 2006. №2(6). С. 15–18.
176. Рожков Александр. Тарлан истории // Аргументы и факты - Казахстан. 2006. №45.
177. Сергазинова Александра. Памяти М.Козыбаева // Юридическая газета. 2006. 22 декабря.
178. Толенова З. Борец за историческую правду // Мысль. 2006. №11–12. С. 31–34.
179. Шарманов Т. Человек в истории // Новое поколение. 2006. 3 ноября.

180. Шулембаева Р. Книги учителя // Казахстанская правда. 2006. 25 марта.

## 2007

181. Академик М.К.Қозыбаевтың 75 жылдығына арналған «Қазіргі кезеңдегі гуманитарлық ғылымдардың мәселелері» аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 21 қараша, 2006 ж. = Материалы региональной научно-практич. конференции, посвящ. 75-летию со дня рожд. академика М.К.Козыбаева, «Проблемы гуманитарных наук на современном этапе» /Қостанай мем. пед. ин-ты.- Қостанай: Қостанай мем. пед. ин-ты, 2007. 300 бет.

### ***Мазмұны:***

Бурханов К.Н. Академик М.К.Козыбаев и проблемы становления исторического сознания в Казахстане. 5-11 бб.;

Күзембайұлы А. Академик М.К.Қозыбаев қазақ тарихының теориялық мәселелері жөнінде. 11-14 бб.;

Елкей Н.Н. М.К.Қозыбаев еңбектеріндегі тарих тағылымы. 14-18 бб.;

Сүйінкина П.Б. Ұстаздықтан бастау алған дария. 18-23 бб.;

Байдалы Р.Ж. Манаш Қозыбаев - қоғам қайраткері. 27-33 бб.;

Мукатаева Л.К. Великие личности XX века: Ахмет Байтурсынов и Манаш Козыбаев. 51-56 бб.;

Терновой И.К. Некоторые вопросы коллективизации в научных исследованиях академика М.К.Козыбаева. 60-68 бб.;

Литвиненко Ю.С. Роль философско-педагогического наследия академика М.К.Козыбаева. 221-224 бб.;

Тотин Б.Қ. Өркениет мәселесі – академик М.Қозыбаев еңбектерінде. 233-238 бб.;

Панияз Т.П. Академик М.Қозыбаев еңбектерінде мемлекеттілік мәселелері. 238-243 бб.

182. Бұрханов К., Төленова З. Академик Қозыбаев және Қазақстандағы үлттық тарихи сананың қалыптасуы // Қазақ тарихы. 2007. №2. 35-38 бб.

183. Жұмасұлтанов Ә. Әмірі де, өзі де өнеге еді // Қостанай таңы. 2007. 10 сәуір.

184. Исенов Ә.И., Елкей Н.Н. Қазақ тарихын кездестірудегі М.Қозыбаев концепциясы // Академик З.Алдамжар атындағы

Қостанай әлеуметтік- технологиялық университеті: ғылыми хабаршысы. 2007. №4. 141–145 бб.

185. Кулдібаев Е.Қ. Академик М.Қ.Қозыбаев және ұлы тұлғалар // «Қайнар» университетінің хабаршысы = Вестн. ун-та «Қайнар» 2007. №3/2. 33–39 бб.

186. Кулдібаев Е.Қ. Академик М.Қ.Қозыбаевтың тарих ғылымындағы үйымдастыруышылық және ағартушылық қызметі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси - әлеуметтік ғылымдар сериясы = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. Исторические и соц.- полит. науки. 2007. №1. 76–79 бб.

187. Кулдібаев Е.Қ. М.Қ.Қозыбаев еңбектеріндегі желтоқсан дақпырты мен шындығы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси - әлеуметтік ғылымдар сериясы = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. исторические и соц. - полит. науки. 2007. №3. 102–106 бб.

188. Кулдібаев Е.Қ. М.Қ.Қозыбаев еңбектеріндегі XX ғасырдың 20-50 жылдардағы ашаршылық, ұжымдастыру, тәркілеу және қуғын-сүргін мәселелері // Әлем өркениеті және Қазақстан = Мировые цивилизации и Казахстан: материалы науч. конф. (5–9 июля 2007 г.) /отв. ред. К.Ш.Хафизова. Алматы, 2007. Ч.2. 215–225 бб.

189. Кулдібаев Е.Қ. М.Қ.Қозыбаев зерттеулеріндегі тәуелсіздік, ұлт тақырыбы // Отан тарихы = Отечеств. история. 2007. №3. 168–173 бб.

190. Қирабаев С. Биік тұлға // Қирабаев С. Тарих және әдебиет. - Алматы, 2007. 489–494 бб.

191. Қозыбаев атындағы көше. Улица имени Козыбаева. Kozybaev Street // Алматы көшелері. Улицы Алматы. Streets of Almaty. Алматы: БАУР, 2007. 115 б.

192. Қошанов А. Халқына қызмет еткен... // Кошанов А. Национальные экономические интересы и отношения собственности. - Алматы, 2007. 499–504 бб.

193. Мұқатаева Л. XX ғасырдың ұлы реформаторы // Жас Өркен. Қостанай, 2007. №6. 2–5 бб.

194. Мырзагалиева К. Ақынжанды академик // Қостанай таңы. 2007. 12 қантар.

195. Салықов К. Қазақтың Манашы // Солтүстік Қазақстан. 2007. 8 қараша.

196. Төленова З. Академик Манаш Қозыбаев // Қазақ тарихы. 2007. №1. 92–96 бб.

197. Төленова З. Қозыбаев еңбектерінің көрсеткіші // Қазақ тарихы. 2007. №1. 94–96 бб.
198. Деревянко А.П., Ламин В.А. Об «Избранных трудах» М.К.Козыбаева // Гуманитарные науки в Сибири. Сер. отечественная история. 2007. №2. С. 139–140.
199. Кодыбаева С.С. К вопросу о разработке проблем методологии истории в научном творчестве М.Козыбаева // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. историческая. 2007. №4. С. 10–11.

**2008**

200. Қулдібаев Е.Қ. Академик М.Қ.Козыбаевтың тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси - әлеуметтік ғылымдар сериясы = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. исторические и соц.-полит. науки. 2008. №1. 72–77 бб.

201. Козыбаев Манаш Кабашевич // Кто есть кто в Казахстане. Биографическая энциклопедия. Изд. десятое, доп. Алматы, 2008. С. 466.

**2009**

202. Жақсанов О. Ұлт зияллыларының абызы // Ақиқат. 2009. № 8. 49–52 бб.

203. Қулдібаев Е.Қ. Академик М.Қ.Козыбаев еңбектеріндегі алаш мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси - әлеуметтік ғылымдар сериясы = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. исторические и соц.-полит. науки. 2009. №2. 21–23 бб.

204. Қозыбаева С. Өлі разы болмай, тірі байымас // Ана тілі. 2009. 9 сәуір.

205. Сабденова Г.Е. М.Қ.Козыбаев еңбектеріндегі ортағасырлық тарихтың кейбір проблемалары // Актуальные проблемы исторической науки Казахстана: Материалы международной научно-практической конференции 29-30 мая 2009 года. Алматы, 2009. С. 270–276.

206. Абдилдабекова А.М. Изучение движения «Алаш» в контексте распада Российской империи // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. историческая. 2009. № 3. С. 28–32.

207. Бурабаев М.С. Казахский Геродот. Академик Козыбаев М. При независимом Казахстане могут ли освободить ученого от должности за поддержку научной идеи и публикацию неординарной книги? // Бурабаев М.С. Ағын Қасымжанов - основоположник возрождения фараиеведения на исторической родине Абу Наср аль-Фараби в Казахстане. Партия разрушает историческую и культурную память туреццев. Алматы, 2009. С. 243–244.

208. Козыбаев Манаш Кабашевич // Жұзден - жүйрік, мыңдан - тұлпар. Лауреаты государственных премий, 1934–2009 гг. Алматы: Қазақ университеті, 2009. С. 195–198.

209. Шарманов Т.Ш. Мир Козыбаева // Штрихи к портретам моих современников. Алматы, 2009. С. 39–49.

## 2010

210. Қекішев Т. Ғұламағибраты // Егемен Қазақстан. 2010. 18 мамыр.

211. Қекішев Тұрсынбек. Ғұламаныңғибратты ойлары // Ақықат. 2010. №8. 47–53 бб.

212. Кулдибаев Е.К. М.К.Козыбаевтың өмір жолы мен ғылыми шығармашылық мұрасы (1985–2002 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010. 29 б.

213. Пшенбайқызы Сара. Дүние-дүрмек өткінші // Дарабоз. 2010. №7(17). 70–74 бб.

214. Әйдырысов Ә. Алаштың Әз Манашы; Манаштың ғажайып бүркүлі! // Ә.Әйдырысов. Тұлғалар. Алматы: Қазақ университеті, 2010. 61–69 бб.

## 2011

215. Козыбаев Манаш Кабашевич // Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. Изд. одиннадцатое, доп. Алматы, 2011. С. 584.

**М.Қ.Қозыбаевтың жетекшілігімен  
қорғалған диссертациялар**

**Диссертации, выполненные  
под руководством М.К.Козыбаева**

1. Ахметов Қ.Ә. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстан мәдениеті («мәдени революцияның» концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы): Докторлық диссертация. Алматы, 2002.
2. Баязитов Д.Т. Қызылорда - Қазақ Автономиялық Қенестік Социалистік Республикасының астанасы (1925-1929 жж.): Кандидаттық диссертация. Алматы, 2006.
3. Мукатаева Л.К. Г.Е.Катанаев: жизнь и деятельность исследователя Степного края. Кандидатская диссертация. Алматы, 2002.
4. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.): Докторлық диссертация. Алматы, 2001.

*Әділхан ПІРМАНОВ,  
Айжан ҚАЛАЕВА*

## АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

### Жолаушымыз бәріміз

Өмір жолынан касиетті, құрделі жол жоқ. Жарық дүниеге келген әр адамның өз жолы бар. Сегіз сері «Дүние — бір қисық жол бұрандаған», — десе, Н. Г. Чернышевский: «Өмір сұру — Нева даңғылында серуендеу емес», — дейді. Қараашаш сұлудың «Судан қалай өтүге болады?» деген Жиренше шешеннің сауалына: «Бір жол бар — алыс, алыс та болса жақын, екінші жол бар — жақын, жақын да болса алыс» деген астарлы жауабын даналық емес деп кім айтады.

Алысты да, жақынды да жол қосады. Өткенді бүгінгімен, бүгінгіні ертеңгімен жалғайды. Жол әр түрлі. Абай айтқандай, «Адасқанның алды — жар, арты — соқпақ». Кездейсоқ жол — соқпақ. Сүрлеу, тас жол, темір жол, даңғыл жол, өмір жолы, сауда жолы, шанды жорық жолы, жұлдыз жолы... Осылай кете барады.

Әр пінденің өз жолы бар. Біреулерге ата-бабасы даңғыл жол даярлап, старт алаңын жасап береді. Қазақ ондайда «Әке даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді», — деп жатады. Екінші біреулері өмір жолын сүрлеуден, нөлдік циклдан бастайды. Солай бола тұrsa да, аяғын алшаң-алшаң басып, қындықтан қашпайды, тығырыққа тірелсе, кейін шегініп, жол кедергілерінен шашасына шаң жүқпас жүйріктердей аршындал

аттайды. Сөйтіп өзіне лайық жол табады, не болмаса тыңнан жол салады, қайткенде де өмірден өз еншісін алады.

Алайда «Алла береді», «тәнірім жарылқайды», «құдайдың басқа салғанын көрдік» дейтін психологиядағы жаңдардың өз бақытын табуы негайбыл. Әр пенде өз бақытын өзі жасайды, ол бейне бір үста секілді.

Өмір жолы – ізденіс жолы. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ – өмір бойы жоқ іздеғен халық. Өмірге келген әр адам өз орнын – тұрағын іздейді, сүйген жарын – жұмағын іздейді, сүйкімді перзент шырағын іздейді, өз мүмкіндігін іске асыру үшін өнер – пырағын іздейді, сүйкімді орта, дос-жаран – жайқалған құрағын іздейді. Осының бәрі – ізденіс жолы, талпының жолы, еңбек жолы, махаббат жолы, адами парасат жолы.

Жол... Абай бабамыз айтқандай, өмір қысқа, жол ұзақ. Қамшының сабындан қысқа өмірде ұзақ жол журу оңай емес. Ол үшін сенімді жолсерік, мықты көлік, таусылмас азық, айқын бағыт-бағдар керек. Осының бәрін ойластыруға, қыыстыруға, үйлестіруге ақыл, ерік, жігер керек... Міне, соңда ғана ізденіс жолы, өмір жолы пендені көздеғен мұратына жеткізеді.

Тағы бір айта кетерлік ой: қара басының қамын ғана ойлаған пенде бақытты бола алмайды. Пенденің жеке басының мұддесі Отан, ел, халық мұддесімен ұштасып жатса, бақыттылық деген – сол.

ХХ ғасырдың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы «Абай жолында» ұлы бабамыздың ұлағатты өмірін көркем тілмен кестеледі. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген халық сөзінің терең тамырын көрсетті. Қазақ ғылымындағы ірі тұлғалардың бірі академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың өмір жолы мен ғылымдағы ғұмыры жайлы сыр шертетін бұл кітап «Абай жолы» сияқты әлемдік деңгейдегі биік туынды болмаса да, ғалымның тағымы мол өмірі жас үрпақтағибрат болсын дегенді мақсат етті.

## Төзімділік мектебі

Манаш Қабашұлы – XX ғасырдың бір перзенті. Ол – Міржақып Дулатов айтқандай, үлт мұддесіне жараган бір ағаштың, бәйтеректің жаңқасы ғана. Сондықтан оның өмірінен де ел басынан кешкен өмірдің бір қырлары көрінері хақ.

XX ғасырдың 30-жылдары үлттың үштен бірін жалмаған аштық, қызыл қырғын, 1937–1938 жылдардағы террор. Екінші дүниежүзілік соғыс, үлт болмысына қауіп тәндірген тың игеру, үлт коммунистік құрылыстар ата тарихымызда қасіретті із қалдырыды. Республикамызда 30-жылдары екі миллион екі жұз мың халық қырылды, большевиктік қызыл террорда 125 мың адам және атылды. Отан соғысы жылдарының туралы, жанама шығыны 1300 мыңға барып жығылды. Айналасы 15 жыл ішінде 3 млн 650 мың адамның өмірі қыылды. Қазақ сахараасы қансырап қалды. 1916 – 1926 жылдары сырттан, елдің еуропалық бөлігінен 800 мың адам көшіріліп әкелінді. 1930–1940 жылдар аралығында арнайы қоныстандырылған жұмысшылардың саны 509 мыңға жетті. Соғыс жылдары эвакуацияланған жарты миллионнан астам халық босып келіп, елімізге қоныс тепті. Еділ өнірінен немістер, Кавказдан чечен, ингуштар, қарашибайлар, т.б. тау халықтары, Қырымнан келген татарлар – жалпы саны миллионнан астам халық қазақ сахараасына орналасты.

Енді осы жалпы көріністегі қазақ ауылын, оның түрғындарын, жас бала өмірін алайықшы.

Манаш Қабашұлының балалық шағы Қостанай облысы, Мендіқара ауданындағы «Жаңатұрмыс» колхозында (Жарқайық ауылы) етті. Аштық жылы дүниеге келген ол ана сүтіне жарымай, аурушаң болып есті. Мәкең өзінің балалық шағы туралы атап анасының, туыстарының естеліктерін ойына түсіргенде: «Мен қатты жылап, көгеріп, талып қалады екенмін. Немере ағам Исаҳмет мені жылатпау үшін ылғи көтеріп жүреді екен. Менің адам болып, қаз тұрып жүргеніме барша әulet: «О, жасаған, бұл өлімтік бала да адам болды», – деп таңғалады екен», – дейді.

«Бұл бала неге аурушаң болып есті, анасы Ақсұлу көтерген он екі баланың төртеуі ғана тірі қалу себебі неде?» деген сауалға

жауап іздесек, сөз жоқ, мұның бәрі — заман ауыртпалығы, жоқшылықтың салдары.

Соғыс алдында «Жаңатұрмысқа» қоныс аударылған поляктардың көпшілігі қырылып қалды. Солардан болар-болмас қана күнкөрісі бар ел қалт-құлт етіп, аман қалды. Мәкең мұның себебі біздің халқымыздың көнбістігінен, ғасырлар бойы тіршілік үшін күресіп, төзімділік мектебінен өткенінен деп біледі. Қазақ сонау «Ақтабан шұбырындыдан» бері ғасырлар бойы Дарвин айтқан табиғи сұрыпталу процесін бастап кешіп келеді. Мектеп бала-лары көктем шығар-шықпас, ойдым-ойдым қар жатқан кезден бастап жалаңаяқ жүретін. Көктемде бүкіл ауыл адамы масақ теріп, қыр астындағы егін даласын кезіп кететін. «Бірде, — деп есіне алады Мәкең, — атам, әжем, мен, көршілес Бекбосын ата әuletімен бірге Сушолақ сайының бойына масақ теруге шықтық. Су тасып жатыр еken. Бір қалтарысына қар кептеліп қалыпты. Мен сол қардың үстімен өтіп кетпек болдым. Қарды басуым сол еді, асты қуыс еken, ойылып кетіп, қатты қарқынмен ағып жатқан тасқын су тымақтай қағып ала жөнелді. Тек көршіміздің бірі шапшаң қимылдап, мені судан шығарып алды».

Қабаш үйі жетім-жесірлерге лық толы еді. 1938 жылы он жылға сотталған қайнағасы Бекназардың отбасы және майданға кеткен, жас кезінен ағасын сағалаған Базарбайдың отбасы, әкешешесі — бәрі бірге шағын қоржын үйде тұрды. «Бізге, — дейді Мәкең, — үйдің бір бұрышы тиетін. Iргесі сыз, тілті жаз айларында дымқыл тартып тұратын. Сығырайған терезелерді сыртынан шөппен, қармен жауып, жылуды сақтауға тырысатынбыз. Мен сондай өмірден қалай тірі қалғаныма әлі күнге таңғаламын».

Адам көнбіс. Жақсыға тез үйренеді, ауыртпалыққа көнеді, көнбеске шара да жоқ. Дегенмен, Қозыбай әuletінің өмір сүруге деген үмтілісі басқалардан ерекше еді. Жасы 70-ке келсе де Қозыбай ата бір күн тыным тапқан емес. Жазда шөп шабады, отын даярлайды, күзде астықтың сабанын тасиды, қисық қайындарды кесіп, жарып, кептіреді. Орман ішін кезіп, құлаған ағаштарды жинап алады.

Есіл өнірінде егін бітік шыққан жылдары жалданып, егін орған кездері де болды. Қора-қопсыны жинап, жөндеп, айналасының бәрін мұнтаздай етіп тазалап қояды. «Ерте тұрғанның ырысы

артық», — деп отыратын қария. Жинаған азын-аулақ бидайды күзде орыс селосы Жаңақалаға апарып, үн қылып тарттырып алатын. Қысқа даярлық, отбасын жұдетпей алғып шығу Қозыбай ата мен оның қолындағы Қабаштың міндегі еді. «Мен, — деп есіне алады Манаш аға, — сол «Жаңатұрмыста» менің Қозыбай атамдай еңбек еткен бір қарияны білмеймін. Ауыл шалдарының: «Қозеке, осысаған не жоқ, балаң — басқарма, бір сені асырайдығой», — деп айтқандарын талай естідім. Сонда атам тұрып: «Ой, замандастарым-ай, өкіметтен алса, баламды қапасқа қамайды. Одан да өз еңбегімізben ел қатарлы құн көргеніміз артық емес пел Амандық керек. Отбасы үлкен, бар ауыртпалық Қабажанда. Оған мен көмектеспегендегі, кім көмектеседі», — дейтін.

1942 жылы астық шықлады, нашар жыртылған егістіктерді алабота, қара сұлы, сұттіген басып кетті. Сиыр жегіп, тайыз айдалған жерге себілген тұқым қарға, торғайға жем болды. Бүкіл елге аштық қаупі тәнген. Сол бір сәтте Қабаш өте үлкен ерлік жасады. Колхоз қоймаларының едендеріне дейін сыпыртып, астына құйылғаны бар, барлығы мың жарым пүттай бидай, сұлы жинады. Оны далага жайып кептіртіп, елетті. Жаз бойы Қозыбай ақсақал бастаған ауыл қариялары егістікті кезекпен қүзеттіп, ұры-қарыдан сақтап, әрбір отбасына күзде у-шусыз бөліп берді. «Қыс бойы, — дейді Мәкең, — әкемді аудан прокуроры мазалап шықты. Тек қана оның танк колоннасына ақша бергені, И. Стalinнен алған телеграммасы ғана пәледен сақтап қалды».

Қозыбай ата балаларын адал еңбек етуге тәрбиеледі. Қыс бойы немерелерінің, келіндерінің пималарын табандап, ағаш диірменді жөндейп, ауыл құдығын тазартып, тыным таппайтын. Құдыққа түсіп кеткен шелектерді шығарып, ағаш басына іліп кетеді екен. Соғыс жылдары ел картоп еге бастағанда да, ең үлкен бақша Қозыбай атанікі болатын. Оны талмен қоршau да онай емес. Ұра қазып, картопты үсітпей, бұлдірмей, сақтау да соның міндегі еді.

Келіндеріне үзбей құрт қайнаттырып, қапшық-қапшық құрт жинағып, бала-шаға қыс бойы құрт көже ішіп шығатын. Витамині көп құрт көженің оларды ауру-сырқаудан аман сақтауға көп пайдасы тиген еді. Айран, құрт көже, картоп, қыр жуасы, масақтан жиған азды-көпті астық — өлмestің құні, осының бәрі барша

солтүстік өнірдегі қазақтардың негізгі қорегі еді. Ауыр заманда өмір кешіп, булығып өскен ауыл баласы Манаштың көпке дейін бойы өспеді, жүргі әлсіз болды. Кейін отыздан аса бере жүрек ауруына шалдығуы да сол бала кездे көрген қынышылықтардың зардабы екені анық. Есейе келе заман талабымен окуға талпынyp, елімен бірге есейіп, ерте қанаттанған Манаш Қабашұлы ерінбей еңбек етуді мақсат тұтты. Мәкең бақытының сырьы да осында болса керек.

### **Әйгілі әулет**

Қазақта «әулет», «қара шаңырақ», «отау» сияқты киелі үғымдар бар. Бала, әке, ата, баба, болып өрбі беретін қазақ өз үрпағының өсіп-өнуін мұрат еткен. Орыс халқында әулетті «династия» деп атайды. 300 жылдан артық Ресейді билеген Романовтар династиясы сияқты атақты әулеттер сол орыс елінде не сан. Қазақ елінде де мұндай әйгілі әулеттер баршылық. Сонау Абылай әулеті, Шормановтар әулеті, Құнанбай әулеті, Сәтбай әулеті, Жұбановтар әулеті, Қонаевтар әулеті... Әр елде, әр жерде сол өлкеге белгілі әулеттер көптеп кездеседі. Сондай даңқты, барша қазақ еліне та-нымал әулеттердің бірі – Қозыбай әулеті.

Қозыбайдың Қабашы еңбекпен есейіп, өсіп-жетілген еңсөлі азаматтардың бірі, бірі ғана емес бірегейі еді. Ол Кеңес өкіметінің жаңа экономикалық саясаты тұсында ел басқару жүйесіне ілігіп, туған жерінде ауылнай болған кезінде 1929 – 31 жылдары қолдан жасалған аштық кесірінен босып, өлім-жітімге үшыраған елдің ба-сын қосуға араласты. Жарқайық, Қаратал, Сарқамыс, Байғожа сияқты іргелі ауылдардың аштықтан аман қалғандарын жинап, кооператив үйімдастыруды. Кеңес қызыметкерлерін даярлайтын курстан өтіп, сауатын ашқаннан кейін Мендіқара аудандық партия комитеті талантты жас Қабекене сенім білдіріп, «Жаңатұрмыс» колхозына председатель етіп тағайыннады. Еңсесі бір көтерілмей, тұралаған «Жаңатұрмыс» колхозының бар байлығы арық-тұрық 7 ат пен бас-аяғы бес жүздей ғана қой еді. Қабекен сондай тақыр жерге бақ-дәүлетті өз қолымен орнатты.

Сол бір аумалы-төкпелі заманда іргесі сөгілген елді біріктіріп, тізесі бүгілген ерді қайта тұрғызған жандарға қазақ елі әрқашан да қарыздар. Қабаш әкей сол «Ақтабан шұбырындыдан» кейін

елді жинап, іргелі халықтың опырылған ордасын қайта тұрғызып, шашылған уығын қайта жинап, аузына тамақ, алдына мал салған қазақтың батырлары іспетті. Голошекиннің ойранынан кейін қазақтың қазақ болуы, колхозды ауылдардың өсіп-өркендеуі сол Қабекең сияқты ерлердің арқасы.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қабекең сол өзі іргесін көтерген елдің басы-қасында қалды. Бір ауылдан жүзге жуық азамат майданға кетіп, жетім-жесір, бала-шағалы ауылға қамқоршы әке болды. Тамбовтан шыққан орыс шаруасы Ф. Головатый танк колоннасын жасауға жиған-тергенін майданға тарту еткенде, Қабаш Қозыбай әuletінің барын майдан жолына салды. Яков Верещенко деген азаматпен бірігіп, Орынбордағы авиация заводынан бір звено самолет сатып алып, майданға жіберді. Самолеттің бірі Қабаш Қозыбаев атында, екіншісі – Яков Верещенко атында, ал үшіншісі Қозыбаев-Верещенко атында болды. Соғыстан кейін Кеңес елінің авиация маршалы Верещагин Қабекең «Сіз берген самолеттер бүкіл соғыс бойы Қарулы күштер құрамындағы транспорт авиациясында пайдаланылды» деп хабарлады.

Іә, Қабекең сол бір самолеттерді байлығы асып-тасқаннан берген жоқ-ты. 80-нен асқан Қозыбай ата, майдангер інісі Bazарбайдың отбасы, 1938 жылы итежеккенге айдалған қайнағасы Бекназардың шешесі мен қызы, балалар үйінен колхозға асырауға берілген Құләй деген қыз – бәрі өз отбасымен бірге тұрды. Оның үстіне еңбек майданына кеткен Әбілмәжін, Әбіл ағаларының отбасыларының тауқыметі де Қабекенің мойнында еді. «Ер мойнында қыл арқан шірімес» дегендей, осының бәріне қарамай, Қабекең азаматтықтың ерен улгісін көрсетті.

1943 жылы ақпанды «Правда» газеті қазақ халқының майдангер жерлестеріне арнаған хатын жариялады. Қазақ халқының атынан қол қойғандардың ішінде Қабаш Қозыбаев та бар еді.

Қабаш Қозыбаевтың тәрбиесін алып өскен жас туlectердің бірі албырт, қызу қанды Оразалы Әбілұлы еді. Ол Қозыбай әuletіндегі немерелердің алды – ата бауырындағы бала болатын. Жас кезінен баласында болып, Қабекең қолында өскен ол әкесінің інісін өз әкесінен кем көрмейтін. Орекең майданнан аман оралып, Қостанай мұғалімдер институтын, Қостанай ауыл шаруашылық техникумын, кейін Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітірді. Алғыр, жігерлі Орекең комсомол, кеңес қызметтерінде істеп,

шындалды. Аз ғана жыл ішінде Қазақстандағы орта звено лидерлерінің бірі болды. Тың көтерген дубірлі жылдары ол Затобол, Амангелді, Арқалық аудандарын басқарды, көптеген тың совхоздарын көтерді, вагонда тұрып, үйсіз-күйсіз жапан далада Арқалық қаласының іргетасын қалады. Орекенің өркениет дамуынан сырт қалған Торғай өлкесіне сінірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол «Правда» газетіне «Торғай шақырады» деген үндеу жариялап, Торғай тыңын игеруге елеулі үлес қосты. Торғай даласында көптеген елді мекендер бой көтерді, тас, асфальт, темір жолдар салынды. Мәдениет сарайлары, музейі бар Арқалық қаласы Торғай облысының орталығына айналды. Арқалықта педагогикалық институт ашылды. Самолетпен ұшып, Торғай даласындағы аудан орталығынан жүздеген километр жерде мал баққан халыққа үн, қант тасыған кездері де болды.

Орекен ел баласы атанды, Социалистік Еңбек Ері атағымен марапатталды, Қазақстан Жоғары Кеңесі Президиумы мүшелігіне сайланды, ұзақ жылдар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. Қостанай, Актөбе облыстырыбасшыларының бірі ретінде, үлкен Торғайдың дамуына елеулі үлес қосқан азамат қазақ елінің қайраткер үлдарының бірі, ақжарқын, ақпейіл Орекенің есімі қазақ елінің тарихында хаттаулы.

Қозыбай әuletінен қазақ елінің көрнекті тұлғаларының қатарынан орын алған азаматтар аз емес. Солардың бірі — Манаш Қабашұлы. Мәкең еліміз тәуелсіздік алған тұста барша республика тарихшыларын біріктіріп, империялық өктемдікке, тоталитарлық жүйеге, боданшылық психологияға қарсы ұлы жорық бастады. Отан тарихының туын көтерді, тәуелсіздікті рухани баянды етуге елеулі үлес қосты. Мәкеңің екпінді үнін бүкіл ел естіді, пікірін, еңбектерін барша өркениетті қауым таныды, танып қана қоймады, мойындағы да.

Қозыбай әuletінде ғылым әлеміне қанат қағып, өсіп келе жатқан жастар да бар. Қабаштың отбасынан Манаштан басқа Сағымбай мен немересі Илияс тарих ғылымдарының докторы, Оразалының Құмары химия ғылымдарының кандидаты. Әuletте жаңа нарық кезеңінің сырына үніліп жүрген жастар да баршылық.

Түрікше «қара» «қасиетті» деген ұғымды білдіреді. Қазақтың «қара қазан», «қара шаңырақ» дейтіні содан. Қозыбай ата

шаңырағы да — қасиет қонған, қызыр дарыған әulet. Оның амандығы — ел амандығы.

## Талап пен талант

Манаш Қабашұлы — шым үйде туып, ауыз үйдің бір бұрышындағы жаңа туған қозы-лақпен ойнап өсken ауыл баласы. Ауыл баласының көретіні — ауыл маңы, кең дала. Сондықтан да ортасы тар болғанмен, қиялыш жүйрік келеді. Сол кездे бүкіл «Жаңатұрмыста» «Мәдениет және искусство» (осы күнгі «Жұлдыз») журналын алатын бір ғана мұғалім болыпты. Кезінде екі сыныптық орыс-қазақ мектебін бітірген Әбілмәжін деген мұғалімнің үйінде ғана шағын кітапхана бар екен. Оның Алма деген еркетотай жалғыз қызы көнілі тускенде ғана бірер күнге кейбір кітаптарды оқуға беретін. Ай жарығымен кітап оқып өсken балалардың бірі — Мәкең. Өте зерек, оқуға ықыласы ерекше балаға жақсы ұстаздар кездесті. Олардың ішінде бар-ша республикаға есімі танымал Ахметқазы Шотаев та бар. Ал сол Ахаң әрі суретші, әрі фотограф, әрі мүсінші еді. Орыс әдебиетін жақсы білетін Ахаң бала тәрбиелеуден жалықпайтын, жаңалыққа жаңы құмар адам еді.

Алматы рабфагын бітірген ерлі-зайыпты Мұхаметқали Қазыбаев пен Нәғима Ахметқызы сол кезеңдегі алдыңғы қатарлы ұстаздар еді. Олар өте зейінді, талапты Манаш шәкіртіне бар білгенін үйретуге тырысып бақты.

Жетіжілдікты бітірген соң, Мәкең аудан орталығындағы педучилищеге түсті. Мендіқара педучилищесі сол өңірдің университетті десе де болғандай. Онда бүкіл облыстың, оның ішінде Торғай өнірінің балалары келіп оқытын. Облыс көлеміндегі мектептердің ұстаздары барлығы дерлік осы педучилищенің түлектері еді. Манаш Қабашұлы педучилищеде оқыған жылдары майданнан оралған Жұмағали Дәненов, Құлям Байназаров сияқты республика көлемінде танымал қайраткер ұстаздар дәріс берді. Мәкең республика ағарту ісіне еңбегі сіңген А.Д. Сыров, С. Ешмұханов, ғалым С. Тойшыбаева, А. Попова сияқты ұстаздарын асқан жылыштықпен жиі есіне алып отырады.

Манаш Қабашұлы педуучилищені 16 жасында бітіріп, бір жыл ғана мұғалім болып істегеннен кейін, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне келіп түсті.

### **Білім бесігінде**

Сол бір соғыстан кейінгі 40-жылдардың соңы... Соғыс біткенмен, тұрмыс ауыр кез. Оқуға түскендер ішінде әскери күрте, кітель киген майдангерлер жиі кездесетін. Бірқатар университет ұстаздары «ұлтшылдарды ұстау» науқанына ілігіп, айтыс-тартыс лауалап тұрған шақ.

Университетте Манаш орыс бөлімінде оқыды. Дәріс орыс тілінде оқылатын. «Тарихтан алғашқы дәрісті лауазымы жоғары, бұрын университет ректоры болған Лукьянец деген адам оқыды, — деп еске алады Мәкең. — Аузы-аузына жүкпайды. «Коммунистік манифест» туралы айтып ала жөнелді, өте шапшаң, лепіріп сөйлейді. Мен ішімнен дәрістің бәрі осылай оқылса, біз оны түсінбей, көзіміз бақырайып отырсак, ертең емтиханды қалай тапсырамыз деп ойлаймын. Алайда, көз қорқақ, қол батыр. Кешікпей біз де жетіліп, орысша оқығандар қатарына келіп қосылдық-ау. Алайда, олармен теңесіп, белдесу үшін екі жарым жылдай көз майын тауысып, күндіз-түні еңбек етуге тұра келді. Кітапханаға таң ата барып, түнде ғана қайтатынын».

Іә, орыстың «труд - все перетрет» дегеніндей, мұндайда тек еңбек қана тірек болмақ. Аз құнгі бейнет көп жылғы зейнетке жеткізеді. Осылай Манаштың орысша былдырына күлген талайлардың оның шаңына да ілесе алмай қалған кездері болды. 4 курста Амангелді Иманов стипендиясын алып, үздік студенттер қатарында болды.

Манаш Қабашұлы университеттің бірінші курсынан бастап ғылыми мен айналыса бастады. Оның 1-курста көне Рим тарихынан жазған жұмысын ұстазы К. Коржева «Студенттерге оқу құралы есебінде пайдалануға болады» деп бағалады. Ал КСРО тарихы бойынша «Алғашқы орыс мемлекеті және орыс халқының қалыптасуы» деген тақырыпта жазған курстық жұмыстың 7 бөліміне ұстазы А. Чижов жеті «отлично» бағасын

қойып, ризашылық танытты. Үшінші курста Манаш Қабашұлы үлт мәселесін зерттеумен айналысады. Оған В. Лениннің «Үлт капиталистік рынок, нарықты қоғамға енген тұста қалыптасады, оны буржуазиялық үлт деп атауға болады» деген тезисі қатты әсер етеді. «Мен, — деп еске алады Мәкең, — көп ойландым. Сонда қалай, орыс халқы XVIII—XIX ғасырға дейін үлт болмағаны ма? Түсініксіз. Мен: «Орыс халқы қалың жаумен алысып, Киев мемлекеттігін құрған кезде халық болып, кейін Мәскеу кінәздігі орыс жерін біріктірген тұста үлт болып шыққан жоқ па? Ал қазақ халқы 370 жыл бойы қалмақпен соғысқан Отан соғысы жылдары үлтқа айналды. Оның жауынгерлік салты, әдебиеті, мәдениеті қалыптасты», — деп үстазым А. Чижовты мазалайтынмын.

Төртінші курста жазған ғылыми жұмысы үшін қалалық конкурстың жеңімпазы атанған Мәкең университеттегі қоғамдық жұмыстарға белсene араласып, курс комсомолдарының, ал III — IV курстарда университет комсомол ұжымы жетекшілерінің бірі болды. Оқу бітірген тұста ол ысылған, талабы мен таланты танылған, болашағы зор жас маман деп танылды.

1952 жылы күзде Қырғыз Мемлекеттік университеті ашылды. Манаш Қабашұлы Қазақ университеттегі делегациясының құрамында бауырлас, туыс қырғыз халқының қуанышына ортақ болып, түңғыш рет Одақ көлемінде өткен үлкен акцияға қатысты. Университет салтанатты түрде ашылып, қонақтар Ыстықкөлді айналып, қыдырып қайтты. «Шолпанатада, — деп еске алады Мәкең, — күн батар кезде суға түстік. Мен топтан бөлініп, жалғыз өзім қалтарыс жерге барып шомылдым. Өйткені суға түскенде киетін арнағы киімім жоқ еді. Қаражаттың тапшы кезі. Шіркін, жоқшылықтың сол бір қорлығын осы уақытқа дейін ұмыта алмаймын».

Университет бітірер алдында әкесі Қабаш қатты ауырды. Қар қүреп жүргенде, есік алдына төгілген құл қоқысы желмен ұшып, көзіне кіріп, екі көзі де көрмей қалады. Тракторға тіркелген шанадағы жолаушыларға ілесіп, Қабекең көзін емде ту үшін Ресейдің Қорған қаласына кетеді. Сол хабар жетісімен Мәкең елге аттанады. Елге келсе — жүдеушілік, үй іші жетімсіреп қалған. Сол сапардан оралған Манаш Қабашұлы елге қайтуға бел байлайды, аспирантураға тусуден үзілді-кесілді бас тарта-

ды. Оку аяқталып, студенттерді жан-жаққа бөлген кезде Мәкен «Қостанайға барамын», — деп отырып алады. Университет ректоры Асқар Закарин, т.б. комиссия мүшелері оқуды үздік бітірген Мәкенді Қостанай оқытушылар институтына жіберуге үйірады.

Қазақ Мемлекеттік университеті ұлылардың үясы еді. Ұстаздар қатарында қазақ ғылым академиясының ордасын тігуге қатысқан М. О. Әуезов, Т. Тәжібаев, І. Кеңесбаев, Ұсанович т.б. болатын. Тарих факультетінде Е. Бекмаханов, А. Нұсіпбеков, Б. Сүлейменов, М. Ақынжанов, Фришман, Серовайский, С. Бейсембаев, Богуславский, Н. Киікбаев сияқты көрнекті тарихшылар дәріс оқыды. Университетте сол кездегі көрнекті экономист ғалымдар Ф. Жеребятев, Бровер, Нейштадт сияқты ғұламалар ұстаздық етті. Академик Т. Тәжібаев психологиядан қазақ тілінде дәріс оқыды.

Университет артта қалды, ата-анасын, іні-қарындастарын ойлаған жас жігіт «Қостанай қайдасың?» — деп ат басын елге бұрды.

### **Алғашқы қадам**

Мәкен университет бітіріп, Қостанай оқытушылар институтына әуелі ассистент, жарты жылдан кейін аға оқытушы болып қызмет істей жүріп, өз елінің тарихын зерттеуге кірісті. Ол өз елінде болған бес жыл ішінде Қостанай өнірінің, көне заманнан бергі тарихына үніле қарап, ең әуелі «Қостанай» этнонимінің шығу тегін іздеді. 1879 жылы қала салынған кезде Тобылдың «Қостанай» деген өткелі болғаны белгілі болды. Ендеше Тобылдың Әбілсай келіп құятын сағасы неге «Қостанай» аталды? Автордың пайымдауы бойынша, бұл жерде көне заманда Танай деген тайпа қоныстанған. Ал «қоныс» деген сөздің көшпелі түріктерде «қос» деп те айттылуы мүмкін. Осы ұғымға сүйене отырып Мәкен «Аштыққа ұшыраған елдің Танай деген қызы осы сағаға алғаш қос тігіп, балық аулап, шұбырған халықты асырапты. Содан бұл елді мекен «Танайдың қосы» атанипты» деген жорамал ұсынды. «Тана» деп ертеде түймені айтқан. Түмени ол кезде өте сирек кездесетін қымбат, асыл зат саналған.

«Эпидемия кезінде қос перзентінен айырылған ана балаларын «қос танам-ай» деп жоқтапты» деген пікірді айтқан да Мәкең. Осылардың бәрі «Костанай вчера, сегодня и завтра» деген 58 беттік Қостанай облыстық мәдениет бөлімінің жаңындағы лекторлар тобы шығарған (1955 ж.) кітапшада жарық көрді. Кейін Қостанай туралы кітапша шығарған В. Малехенков осы М. Қозыбаевтың айтқандарын сілтемесіз, өзінің пікіріне айналдырып жазып шықты. «Кейін Шәңгерей Жәнібеков Ыбырай Алтынсариннің аталары Тней, Тнай дегендерді атақты Наушабай ақын қыпшақтардың қостнейлері деп жырлағанын айта келіп: «Қостанай» сол «қостнайдан» шықпады ма екен?» деген болжам айтқаны тағы бар» деп еске алады Мәкең.

Қостанай қаласының салынуы, өлкенің отарлануы, қара шекпенді шаруалардың қоныстануы, ақпан, қазан төңкерісі, Колчак билігі, шаруалардың көтерілісі т.б. тарихи проблемалар төнірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Челябінің, Орынбордың, Қостанайдың архивтерін ақтарып, талмай ізденген ғалымның мақалалары бірінен кейін бірі бүркүрап шығып жатты. Қазан төңкерісінің 40 жылдығы қарсанында Мәкеңнің облыстық газете Омар Досжанов туралы үлкен мақаласы шықты. Онда Омардың Сібірге айдалғаны, оның Сібір Омары атанғаны, Колчак кезеңінде атылғаны туралы жазылды. Қасым Тоғузаковтың «Сібір Омар» поэмасы осы мақала негізінде жазылды. Кешікпей автордың ұсынысымен қаладағы бір көшеге Омар Досжанов аты берілді. Бұл қаладағы Сұлтан Баймағамбетов атындағы көшеден кейінгі қазақ атындағы екінші көше еді. Қостанайдан Рудный қаласына кетіп бара жатқан жолда О. Досжановқа ескерткіш орнатылды. Тобыл станциясындағы қорымда жерленген Омекен басына құлпытас қойылды.

Жас ғалым 1919 жылы көктемдегі Колчак режиміне қарсы шаруалар көтерілісін мұқият зерттеп, көптеген мақалалар, кітапшалар шығарды. 1957 жылы Мәкеңнің қатысуымен бұл тақырыпта арнайы кітап жарық көрді. Мәкеңнің ұсынысымен бір көшеге Қызыл Армияның Қостанайды колчакшылардан азат еткен күн — «19 август» аты берілді. Ал 1919 жылы көтерілісшілердің қаланы колчакшылардан тартып алып,

баса-көктеп кірген «5 апрель» де көше атына айналды. Шаруалар көтерілісі жетекшілерінің бірі М. Летунов есімі бір селога берілді.

Қостанай өнірін отарлау тұсында көптеген үлттық жер атаулары жойылып кетті. Тіпті ыбырай Алтынсарин туып-өскен жер аттары да орыстандырылды. Жас ғалым Тобыл жағасындағы аудандардың біріне ы. Алтынсарин атын беру туралы ұсыныс жасады. Ол кезде Мәкеңнің ағасы Оразалы Затобол аудандық атқару комитетінің тәрағасы еді. Орекене райком хатшысы К.Т. Шумара: «Ореке, что там твой брат шумит? Кто такой Ибраим Алтынсарин?», – депті. Осылай ұсыныс аяқасты қалды. Тек біраз жылдар өтіп, Қостанай ауданынан Обаған өнірі бөлініп шыққан кезде ғана ы. Алтынсарин аты ауданға берілді.

Бір сөзben айтқанда, жас ғалым туған ел тарихын игеріп, бес жыл ішінде көптеген проблемалар көтерді, халықтың тарихи салнасын оятуды мақсат етті.

«Сол жылдары, — дейді Мәкең толғанып, лекторлықты игеріп, көптеген баяндамалар жасадым. Қостанай мен Мендиқара ауданы аралығындағы шаруалар көтерілісінің маршрутымен жүріп, көптеген адамдармен кездестім. Бірде мені іздел Введенка деген селодан бір орыс шаруасы келді. Қойынан бір ораған затты алды. Ол әуелі ораған матаны ашты, содан кейін тағы бір түйіншекті шешті. Оның ішіндегі газеттің орауын ашып, сарғайып кеткен бір фотосуретті алды. Ол шаруалар көтерілісінің басшысы А. Жиляевтің суреті екен. 40 жыл бойы сары майдай сақтап, тығып ұстаған асылы. Шаруа өзінің сол көтеріліске қатысқанын, Андрей Жиляевтің өте қабілетті қолбасшы болғандығын, Кеңес өкіметінің оны атып, қатыгездік жасағанын баяндады».

Сол бір жылдары жас ғалым барша облыс жүртшылығына танылды. Ол құрған қалалық лекторлар тобы бүкіл облыс көлемінде лекциялар оқып, білім мен ғылым жаңалығын таратты. Оқытушылар институтын педагогикалық институт дәрежесіне көтеруде сол кездегі бастауыш партия ұжымының хатшысы, қалалық партия комитетінің мүшесі Манаш Қабашұлының еңбегі ерекше еді. Ол 16 жыл бойы тек іргетасы ғана қаланып, жайрап жатқан құрылышқа жан бітіріп, институтқа жаңа корпус салуға да үлес қости. Қала құрылышының басшысы Зельцердің

соңынатұсіп, бірнеше қалалық партия конференциясында сынға алды. Қостанай совнархозының төрағасы Рашид Қадырбаевқа жолықты. «Р. Қадырбаев жасынан Украинада еңбек етіп келген, тәжірибелі, түсінігі мол азамат еді, — деп есіне түсіреді Мәкең. — Обалы не керек, институт құрылышын өзі қадағалап, бір жылдың ішінде түркізып берді».

«Осы күні ойлап қарасам, — дейді Мәкең, — біздің азаматтық белсенділігіміз жоғары болған еken. Қара бастың емес, ел мұддесін көбірек ойлаппаз. Таңертең институтқа келгеннен қаланың екінші шетіндегі үйіме түннің бір шамасында жаяу қайтушы едім. Шаршау дегенді білмейтінмін».

Қостанай кезеңі мені өсірді, шынықтырып, шындағы. Мен азамат болып, есейдім. Өзімнің бақытым Сара Пішенбайқызымен отау құрдым, тұңғышым Ілияс дүниеге келді. Ен ғажабы, Қостанайға интернационалист болып келген мен Алматыға үлтшыл болып оралдым. Тың игеруге келгендердің зорлық-зомбылығы көп болды. Ашықтан-ашық біздерді баса-көктеп, жанышқысы келді. Жоғары оқу орнын үздік дипломмен бітіріп келіп, пединститутқа сабак бере бастаған Сараны конкурстан құлатты. Сөйтіп олар менен «өш алған» болды. Мен де Л. Седекин, Давыдов сияқты жандайшап шовинистерді барынша әшкерелеп бақтым, олардың тепкісінен бірен-саран отandaстарымды қорғадым. Алайда, менің мүмкіндігім аз еді. Облыстық партия комитетінде істейтін И. К. Жаналаев, А. Сәрсеновтер де дәрменсіздік танытты. Оларды айыптауға болмайтын. «Аздың үні шықпастың» кебі».

Көп ұзамай Қостанай кезеңі аяқталды. Мәкең қырандай биікке самғауды армандағы. Кешікпей оны Алматыға жаңа ғылыми қызметке шақырды.

### **Ұзақ жолда**

Манаш Қабашұлын Алматыға қызметке шақырған өзінің бір кездегі ұстазы Серікбай Бейсембайұлы еді. Ол 1958 — 1960 жылдары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтында директор болатын. Бұл ғылыми мекеме Мәскеудегі Қенестер Одағы Компартия-

сы Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институтының (ИМЛ) филиалы болып саналатын. Сондықтан бұл институт ғылыми зерттеу жұмыстарымен қатар, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін, партия қараптарын аударумен және архив ісімен айналысадын мекеме еді. Партияның атақ, даңқының арқасында академиялық ғылыми институттарға қарағанда статусы жоғары саналатын. Институттың ғылыми қызметкерлері жұмысшы табының қалыптасуы, социалистік идеялардың таралуы, марксизм-ленинизм, қазақ сахараасындағы революциялық қозғалыс - шаруалардың, жұмысшы табының, ұлт қозғалысының тарихымен айналысадын. Қазақстанда ақпан, қазан революцияларының жеңіл, кеңестік коғамның қалыптасуы, бүкіл кеңестік дәүірдегі Қазақстан Коммунистік партиясының қызметін жан-жақты зерделеу, насиҳаттау осы ғылыми мекеменің негізгі міндеті болатын. В. И. Лениннің 55 томдық шығармаларын қазақ тіліне аударған осы институт аудармашылары екені мәлім.

Жас маман Манаш Қабашұлы тарих секторына аға ғылыми қызметкер болып орналасты. Еңбекақы төмен (Қостанайда 2500 сом болса, мұнда 1150 сом еңбекақы алды), пәтер болса жоқ, жұбайы жұмыссыз, жас баламен үйде. Үй демекші, жас жұбайлар чемодандарын көтеріп (екі чемодан, бір шифоньер) Тастақтан, Хрущев поселкасынан жалдамалы пәтер іздеп, сарылды. Екі-үш жыл ішінде бірнеше пәтер ауыстырып, әбден берекелері кеткен кезде әрең дегенде пәтер алды-ау әйтеуір.

Секторда жұмыс аса ауыр емес еді. Тапсырма бірде үйліп берілсе, бірде уақыт бос болатын. Сектор басшысы П. М. Пахмурный өзі азамат соғысы тарихына маманданған еді, сондықтан жас ғалымға ол кезенді зерттеуді қойып, Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеуге кеңес берді. Кешікпей Мәкең Қазақстан Компартиясы тарихы туралы очеркке Ұлы Отан соғысы тарихы туралы тарау жазатын автор болып тағайындалды.

Манаш Қабашұлы осы институтта қызмет істеп жүріп, кандидаттық диссертациясын қорғады, аға ғылыми қызметкер (доцентке теңдес дәреже) дипломын алды, 1964 жылы оның «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны» деген алғашқы көлемді монографиясы жарық көрді. Бұл

партия тарихы туралы жеке автор жазған алғашқы монография болатын. Ғылыми қауым бұл еңбекті жылы қабылдады. Аз ғана уақыт ішінде Мәкең республикаға танымал бола бастады. 5 – 6 жыл ішінде оның докторлық жұмысы аяқталып та қалған еді. Алайда, университет бітірген 10 жылдағы үйсіз-күйсіз тіршілік, құнқөріс үшін көрінгеннің жазу-сызуын жазудан деңсаулығына зақым келіп, 1964 жылы жазда Манаш Қабашұлы емханадан бір-ақ шықты.

Жас жұбайын қызметке орналастырған бір «ағасына» Мәскеуде шығатын кітапшасын жазып берді. Қызметке алған «пайғамбардың» диссертациясын бір ізге салып, жәндеді, үй-күй берген бастықтардың да жазу-сызуын қолынан өткізді. Албырт, зорлық-зомбылыққа жаңы қас Мәкең ішінен күйініп, қорланды, шыдады, бірақ жүргегі мұндай ауыр салмақты көтере алмады.

«Алты ай төсектен тұрмай, емханада жаттым, – дейді Мәкең сол күндерді есіне алып. – Әйнектің бір бұрышынан биік теректің басы ғана көрінеді. Мен емханаға түскенде жасыл же-лекке оранған бәйтерек сойдиып, жапырақсыз қалғанда барып, мені тұрғызыды. Ол кезде инфаркт дегеннен жұрттың есі кететін кез. Солай, жасым 33-ке келмей жатып Одақтағы жас жүргегі қабынғандардың бірі болып шыға келдім».

Емханада жатқан адамға күн өтпейді, таң да ұзақ көрініп, ат-пай қояды. Ойың сан саққа жүгіріп, өзінді-өзің шаршатасың. Осы тұста ұстазы академик Сақтаған Бәйішевтің қамқорлығы ерекше сезілді. Демалысқа кеткен шәкіртіне 1965 жылдың қантар айында жазған хатындағы: «Сен көп еңбек еттің, монографиянда проблема жан-жақты ғылыми сарапанған. Бәрі де өз орнында, бәрі де дұрыс болады. Тек емделіп, тезірек қатарға косылуың керек» деген ақыл-кеңесі жанға сеп, жүрекке шипа болғаны хақ.

Партия тарихы институтында істеп жүрген кезде Мәкең Отан соғысы тарихының Одақ көлеміндегі көрнекті мамандарының біріне айналды. Отан соғысының 30 жылдығына арнап «На за-щите Советской Родины» атты «Политиздат» шығарған ұжымдық монографияның авторы болды.

Сол жылдары Отан корғау проблемасы бойынша шақырылған көптеген халықаралық конференцияларға қатысты, халық-аралық конгресте арнайы баяндама жасады. Одақтық жина-

лыстар мен конференция материалдары қатарында ғылыми еңбектері жарық көрді. Ұлы Отан соғысының тарихнамасын жазуға қатысты.

Мәкен докторлық жұмысы даяр болса да, әуелі институт директоры, өзінің үстазы Серікбай Бейсембаевтың, институт директорының орынбасары Павел Пахмурныйдың қорғауларын күтті.

Мәкеңнің жұмысын Мәскеудегі КОКП-ның Орталық Комитеті жаңындағы марксизм-ленинизм институтының ғылыми Кеңесі қабылдады. Еңбектің сыншы-сарапшылары болып, Мәскеу университетінің кафедра менгерушісі, белгілі ғалым, профессор Н.И.Шатагин, Ұлы Отан соғысы туралы алғашқышықтан 6 томдық еңбектің бас жетекшісі, генерал-майор, профессор Е.А.Болтин, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Б.Тұрсынбаев белгіленді. Қорғау барысында Кеңес мүшелері отызға жуық сұрақ қойды. Ғалым оларға 1,5 сағат жауап берді. Кеңес мәжілісінде диссертация жөнінде жарыссөзге қатысқан мәскеулік ғалымдар еңбекті бірауыздан Жоғары аттестациялық комиссияның талағына сай деп бағалады.

Бұл оқиға 1969 жылы 4 маусымда болып еді. Қорғауға қатысқан Н.Д.Оңдасынов ғалымның әкесі Қабашқа: «Замандасым, бала сенікі екені рас, бірақ ол — сонымен бірге ел баласы, халық перзенті. Мен осындай баламыз барын мақтан етемін», — деп куанышын танытыпты.

Мәскеу ғалымдарын қазақстандық ғалым соны ғылыми жаңалықтарымен таңғалдырды. Ең алдымен Мәкен Қазақстаннан майданға алынған, тыл армиясына аттанғандар екі млн-ға жуық екендігін айттып, шығыстағы ұлттық аймақтар генофондының әлсіреп қалғанын дәлелдеді. Гитлер тоталдық мобилизация жасап, халқының 12%-ын әскерге алса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 25%-ға жеткен екен. Диссертант оның себептерін — республиканың аграрлық сипатымен, ұлттық республикалардағы тыл еңбекшілеріне бронь берілмегенін, осының салдарынан Қарағандыдағы кеншілердің соғыстан бұрынғы құрамының 84%-ының майданға кетуімен түсіндірді. Қазақстан өзінің ұлттық жұмысшы кадрларын майданға аттан-

дырып, олардың орнына Донбасс кеншілері мен металлургтерін қабылдап, оларды аман сақтап қалды.

Ғалым партия құрылышындаға көптеген жаңа тұжырым-дамалар жасады. Ленин құрған коммунистік партия әскери үйым болды. Азамат соғысы кезінде ол одан әрі милитаризацияланды. Сталин партияны ортағасырлық меченостардың үйымы секілді тас түйіндей шоғырланылды. Соғыс біткен дәүірде милитаризацияланған партияда демократияландыру процесі жүргізілмеді. Докторанттың көлтірген теориялық пікірлері нақты дәлелденді. Соғыс жылдары 1937—1938 жылдардағы «үштіктер» қайта пайда болды, партияда команда, бүйрық, жарлық, өктемдік етек алды. Кейбір жерлерде жұмысқа әскери тәртіппен — колоннаға тұрғызып апару пайда болды. Ғалым Қазақстан партия үйымының коммунистерді мобилизациялауы ұлттық аудандардағы жергілікті партия үйимдарын қансыратып кеткенін, қатардағы ауыл коммунистері майданға кетіп, оның орнына әйелдер, жастар алынғанын, партия құрамының 1937—1938 жылдардан кейін тағы бір зор қырғынға ұшырағанын баяндады.

Ғалым көтерген ұлken проблемалардың бірі — ұлт мәселесі болды. 1916 жылғы патша ағзамның маусым жарлығындағыдай Қазақстан 1941—1945 жылдары тыл жұмысына адам алынұына ол арнайы тоқталды. Ғалым өз зерттеуінде социализм тұсында қалыптасқан ұлттық жұмысшы табы мен ауыл шаруашылығындағы механизаторлардың, зиялды қауымның соғыс жылдары жаппай мобилизацияға іліні ұлт саясатына қайши деген пікірге келді. Ал өндіріске әйелдердің, оның ішінде қазақ әйелдерінің келуі, шын мәнінде, партияның табысы емес, ауыр енбекке аналардың жегілуі патриоттық ұлтшылдықтан гөрі амалсыздық жолы екендігіне ғалым тарихнамада тұнғыш рет мәскеуліктердің назарын аударды.

Болашақ академик Манаш Қабашұлының жай қатардағы докторант емес, пісіп-жетілген, ойы ұшқыр, өткір, шыншыл ғалымдығы саясатта сактықпен андап басып отырған ғылыми Қеңес мүшелерін баурап алды. Мәскеу ғалымдары ұлттық аудандарда тарих ғылымының өсіп, талантты кадрлардың бой көтеріп келе жатқанын ризашылықпен айтып жатты.

Манаш Қабашұлының докторлығын сәтті қорғап келуі ағайынтыстарын қуантқанымен, билік жүйесінде отырған С.Н.Имашев төнірегін тебіренте қойған жоқ. Институт директоры С. Бейсембаев, оның орынбасары П.Пахмурный ынғайы келгенде ұжымда номенклатуралық жұмыс жоқтығын, ғылыми ортаның ұш докторға тарлығын көнілімен де, қабағымен де, сөзімен де жеткізе бастады. Кешікпей Мәкенді конкурент көріп, іштарлық жасап жүргендердің жолы болды.

### **Қыын жылдар**

Қазақстан Компартиясы жанындағы институтта істеп жүрген шағы байлаулы аттай кез болды. Таңертең 9-да келіп, кешкі 6-ға дейін басшылардың алдында отырып, табаны күректей 16 жыл қызмет істеді. Тапсырма алып, күнде бақылауда, бас еркіндіктен айырылып, өліп-талып істеген қызметтің айдауда жүргеннен не айырмасы бар? Әрбір сөзді жалғыз ли то емес, көптеген «сақшылар», «сыншылар» елекten өткізетін.

Осы институтта қызмет істеп жүрген алғашқы жылдары жас ғалым Қостанайдың орыс тілінде шығатын облыстық газетіне Қытай революциясының жеңісі туралы мақала жазды. Ол кезде жас отбасының бюджетінде қаламақы зор орын алатын. Обкомның хатшысы И.Басов сол мақаланы оқып, Қазақстан Орталық Комитетінің ғылым бөлімінеге телефон соғыпты. Ғалымды Орталық Комитетке шақырды. Алайда, автордың жіберген «қатесі» И.Басовтың білместігінен шыққан болып шығып, жас ғалым өзінің ғылыми жағынан, теориялық табандылығы жағынан тазалығын дәлелдеп берді. Осы бір оқиға жас, албырт ғалымды барынша сақ болуға үйретті, өйткені ойда жоқ жерде жала құрбаны болып, айыпталу түкке түрмайтын кез еді. Алайда, әлеуметтік қияннатты, әділетсіздікті күнде көріп жүрген жанның үнемі сақ болуы мүмкін емес екен. Оның үстіне XX партия съезінен кейін болған «жылымық» жылдар тегін өтпеген-ді. Институтта 1939 жылы сотталып, «халық жауы» болған Әбдіров Молдабай сияқты адамдардың айдаудан оралған кезі еді. Молдекен ол кезде аудармашы екен. Үш адам, оның ішінде Х. Жапасов

деген жерлесі бар, Н. Скворцовтың Қазақстан Компартиясының кезекті съезінде жасайтын баяндамасын аударып отырыпты. Тұс кезінде дүкеннен тамақ әкеліп, шай ішіп отырып, Молдекен: «Осы қараторғайдың баласы қандай мылжың, үшеуіміз болып, әлі сөзінің жартысына келмедік», — деші. «Жұмыс бітіп, кешке үйіме келсем, — деуші еді Молдекен, — мені НКВД-ның екі «батыры» күтіп тұр екен. Он жылға айдалып жүре бердім». Бір қызығы — сол 1939 жылы сотталып кетуіне «көмегі» тиген Хабиболла ақсақалмен Молдекен қайта қызметтес болды. Әрбір партия жиынтында Молдабай ақсақал сөз сөйлеп, қазақ тілінің статусы, информациалық ақпараттағы орыс тілінің өктемедігі туралы ашына сөз сөйлейтін.

Бүгінде республика жүртшылығына кеңінен танымал ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев ол кезде қазақ әдебиетінің 20–30 жылдардағы проблемаларын зерттейтін. Ол да бас көтеріп, институттың 4–5 қызметкерімен бірлесіп, «Қазақ әдебиетінде» ана тілінің тағдыры туралы проблемалық мақалалар жазған кезі еді. Осы бір жас ғылыми қызметкерлердің жеке істері жиналыстаarda қаралып, айқай-шу, дау-дамай енді ғана басыла бастаған тұста ұжымға мүше болып Манаш аға да келген-ді.

Институттағы «ыстық» атмосфера, аумалы-төкпелі климат жас ғалымға үлкен әсер етті. Қостанайда орыс зиялыштарының, әсіресе тың игеруге келгендердің — өршеленген шовинизмнің зорлығын көзімен көрген Мәкең жанына институттағы «науқан» шипа болғандай болды. Алматыдағы зиялыш қауым оны баурап алды. Ақын Ғаббас Жұмабаев Мәкеңнің жерлесі, ағасының досы еді. Ғабең үйінде енді ол Сырбай Мәуленовпен, Қасым Тоғұзақовпен, Жайсанбек Молдағалиевпен т.б. танысты. Енді ол олардың жиындарына үзбей қатысады болды. Сырбай ағаның буы бұркырап, қундей күркіреп, Нысанбай ақынның «Хан Кенесінен» үзінді оқығанын талай естіді. Сырағаң Науан туралы жырларды көп айтатын. Ақын Нұрқан Ахметбековтің, Наушабайдың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың (аттарын айтпайтын) өлеңдерін жатқа оқытын. Сол бір жылдары Манаш аға тағы бір университеттен өткендей болды. Ғаббас ағаның өлеңдер жинағы шығып, гонорар алған кезінде мұндай жиындар үзаққа созылатын. Қызметте ауадай жетпейтін еркіндік

рухы осы бір бунтар жандардың жанында жүргенде лаулап жанғандай болатын еді. Жер аударылып келген Қасым Тоғузақов аздал ішіп алған кезде қазақ әдебиеті нарқасқаларының жырларын түйдек-түйдегімен төгетін. Сонымен бірге тоталитарлық жүйеге, лагерьлік өмірге деген құйінішін, ащы зарын шығарып, монологтар айттын.

Осының бәрі жас ғалымның жанын алай-тулей қылатын. Оның үстіне партоократиялық жүйенің елді бөлшектеп, бөлуі қатты қынжылтатын. «1969 жылдың желтоқсанында Оразалы ағаймен Мәскеу түбіндегі КОКП Орталық Комитетінің «Пушкино» деген санаторийіне бардым. Сонда В.Шепилов деген Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Шаруашылық бөлімі бастығының орынбасары демалып жатыр еken. Маған ала көзімен бір қарап, сәлем бермей өте шықты. Ертеңінде ағаны Мәскеудегі Орталық Комитеттің Іс басқармасы шақырып, жауап алады. Олар: «Сен неге біздің жүйеге қарамайтын адамды демалысқа әкелесің? Кім сізге ондай құқық берді?», — деп әкірендерепті. Аға тұрып: «Біріншіден, менің інім — партия мүшесі. Ал санаторий сол қаржыға үсталады. Екіншіден, ол сіздердің жүйелерініздегі марксизм-ленинизм институты қазақ филиалының бөлім менгерушісі, ғылым докторы», — дейді. Сонда барып мәскеулік бастықсымақтар: «Әй, әлгі В. Шепилов бізді адастырған еken. Сіз кешіріңіз, біз ол кісі туралы басқа мағлұмат алып едік», — депті.

Жай ғана штрих. Партоократияға жай халық өкілінің кіріп кетуі қандай үрей тудырады десеніші. Жас ғалым қанша сақ болса да тарихи ақықаттан алыс кете алмады. Ол Отан соғысы тарихын зерттегендеге, Қазақстаннан қан майданға аттанғандардың санын терді, оны халықтың жалпы санынан пайыздап шығарды. Сейтіп, ұлт аймағы — қазақ сахараасының қансырап қалғандығын ымдарап емес, ашық білдірді. Ол қазақ еліндегі барлық механизаторлар майданға кеткен кезде 850 мың гектар жаңа жер игерудің елге, шаруаға ауыр тигендігін, малды контракт арқылы (жас бұзауларды) алу, шаруаларды малсыздандыру кедейлендірудің бір түрі екендігін жазды. 200 мың жасы келген қазақтарды еңбек армиясына алып, Сібірдегі құрылыштарға салды. Тек қана Магнитогорскінің №6 домнасының фундаментін 10 мың

қазақ (барлық жұмысшылардың 40 пайызы) 1942 жылдың аяғында қолмен — күрек, сүйменимен қазды. Мындаған қазақтар сол еңбек әскерінде 1916 жылғы қара жұмысқа алынған тыл армиясындағы қазақтардың тағдырының қайталады. Мәкең бұл шындықты қаймықпай, ашық айтты. Кейін тәуелсіздік алғаннан кейін «лагерная экономика» деген тіркесті екінің бірі айтатын болды. Мәкең 1969 жылы бұл тақырыпта сөз көтергенде ешкімнің батылы барып, үндеуге шамасы келмеген еді. Сол монографияда («Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны». А., 1964) Мәкең депортация тақырыбын қозғады. Алғашқы жер аударылғандар туралы кесек және тұжырымды пікірлер айттылды. Кейін бұл проблеманы автор жан-жақты баяндап жазды да. Осы еңбекте автор көтерген бір проблема — эвакуация мәселесі болды. Батыс аудандардан — Украинадан келген Донбасс шахтерлері, 3200 құрылышты соғыс жылдары Қазақстанда болды, ал Қарағандының байырғы шахтерлерінен небәрі 16 пайыз ғана қалды. Лениндік ұлт саясаты қазақтың ұлттық жұмысшы табын қалыптастыруды, ал сол жұмысшы табы негізінен майданда қырылды. Бұл тағдыр қазақ зиялды қауымының басынан да өтті.

Ғылыми дәлдік, объективтілік, шыншылдық принциптеріне сүйенген ғалымның батылдығы сол кезде-ақ талай зерттеушілерді таңғалдырды (Ю. В. Арутюнян т. б.). 1970 жылы XIII Халықаралық тарихшылар конгресінде М. Қозыбаев қазақтардың Отан қорғауға қатысуының тағлымдары туралы баянда ма жасап, Отан соғысының сабактарын түйіндейді.

Ғалымның өз әріптесі З.А.Голиковамен бірлесіп жазған еңбегі «Золотой фонд партии» (Из опыта кадровой политики КПСС. А., 1973) оның ғылыми карьерасын үзбесе де, ұзақ жылдар бәсендепті, ғылыми аясын тарылтты. Республика көлемінде оның алдына шлагбаум қойылды. Ғалым не үшін айыпталды, ал монография не себепті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы С. Имашевтің бүйріғымен отқа жағылды?

Біріншіден, еңбектің тарихнамасында көрсетілгендей, бұл әлі зерттелмеген мәселе еді. 1928 — 1958 жылдар арасында партия кадрлары туралы қалам тартылмады. Оның себебі партияның өз басындағы трагедиясына, қасіретіне байланысты еді.

Екіншіден, Коммунистік партияның кадрлар даярлау, өсіру, оны қызметке орналастыру принциптері қағаз жүзінде жазылғанымен, іс жүзінде орындалмады. Партияның қарапы тек басшы органдардың түсінік, түйсігі бойынша шешілді. Ұлттық кадрларға сенім болмады. «Кадр жоғарыдан тәменге келді, ал тәменнен жоғары жаққа көтерілмеді. Кадрлар біржакты (ұлыдержавалық) сипатта тағайындалды, яғни басшы номенклатураға тек орыс коммунистері, ал көмекшілері болып үлт кадрлары қойылды. Социализмнің алғашқы кезінде кадрлар бір қызметте көп отырғызылмай, жіе ауыстырылып, карьеризмге, коррупцияға жол берілмесе, кейін, керісінше, бір қызметте ұзақ жылдар отырғандар көбейді, отбасылық, тайпалық, жүздік кландар шыға бастады, билік жүйесі өктемдікке ұшырады, кадр даярлау, тағайындау принциптерін басшылыққа алу жайына қалды.

Манаш Қабашұлы мен Зоя Александровнаның осындай жабық тақырыпты зерттеп, ойда жоқ ғылыми тұжырымдар жасауды билік жүйесін ұстап отырған топқа ұнаған жоқ. «Пәленің» алдын алып, монографияны отқа жағып барып тынды. Сол кезде С. Имашев өзінің елінен қыз алған күйеу балаларды көтерді, өзімен бірге оқыған достарын сүйреді, бүкіл идеология жүйесі С. Имашевтің қолында болды. Кинематография, баспасөз, баспа және полиграфия, облыстардағы идеология хатшылары имашевшылардан жасақталды. Авторлар кітаптың кіріспесінде: «Проблема кадров в историко-партийной науке разработана все еще недостаточно. Слабо или почти не разработаны вопросы формирования руководящих партийных кадров в период социалистического строительства. Неполно раскрыта диалектика становления национальных кадров революционеров, умело сочетающих интернациональные и национальные задачи. Ждут исследования проблемы выдвиженчества, укрепления кадрами партийного аппарата, коренизация как своеобразный этап в кадровой политике КПСС. Почти нет самостоятельных исследований по изучению закономерностей интенсивного обмена кадрами в организациях партии. В существующей литературе преимущественно показывается движение кадров сверху вниз и совершенно не отражено движение снизу вверх».

Заслуживает внимания изучение опыта партии по идеино-теоретической закалке кадров в период строительства социализма.

Во многих исследованиях кадровая проблема изучается вообще, не прослеживаются судьбы людей. Исследователи не особо акцентируют внимание на трудностях разрешения кадровой политики в национальных районах. Поэтому не всегда принимаются в учет факторы, создавшие благоприятные условия для воспитания кадров в ходе строительства социализма», — деп ашық жазады.

Осыдан кейін М. Қозыбаев пен З. Голикова қудаланбағанда кім қудаланбақ? Оның үстіне авторлар Д. Қонаев билік жасап тұрған кез туралы: «Вместе с тем в кадровой политике были и издержки. Частые, не продиктованные жизнью перестройки и реорганизации партийных, советских и хозяйственных органов вызывали многочисленные перестановки и сменяемость кадров, создавали у работников неуверенность, мешали им в полной мере проявлять инициативу, свои организаторские способности» деп жазды.

Міне, осындай жабық проблемаларды зерттеу керектігін айтып, Қазақстан Компартиясының кадр саясатындағы кемшіліктерді сынаған авторларды билік жүйесіндегілер қайдан аясын. Институтта өсіп жетілген, рухани қауымға есімі танымал болып келе жатқан жас ғылым докторын ұжымнан тайдыруға мүдделілер де пайда болды. Олар авторлардың жеке ісін арнайы ғылыми кеңесте қарап, барынша айыптап бақты. Мәкеңнің үстазы Серікбай Бейсембаев өз шәқіртінің институттан кетуіне, сөйтіп С. Имашевтың ойынан шығуға бас болып атсалысты.

Қысылтайған кезең басталды. Мәкең жоғары оқу орнына кафедра менгерушісі болып кетуге бел байлады. Оған бірге қызмет істеп жүрген әріптестерінің сатқындығы, екіжүзділігі қатты батты. Ол кезде кафедра менгерушілерін де облыстық партия комитеті бекітетін. Мәкең облыстық партия комитетінің бюро-сына мәселені қояр алдында А. Асқаровтың қабылдауында болды. Обалы не керек, Асекен: «Саған, шырағым, зооветтен статусы жоғары оқу орны табылмады ма?» деген сауламен өзінің ғалымға жаны аштынын, С. Имашевтің «тірлігіне» іштей қарсы

екенін танытты. Бюroда ғалымға бір де бір сұрак қоймай, тез бекітті. Жанға жара салып, жатса түстен, журсе естен кетпейтін жаңа дүдемал кезең басталды.

## **Жанашыр ұжым**

Алматы малдәрігерлік институтында Манаш Қабашұлы жетпісінші жылдардың басынан жарты еңбекақыға қосымша қызмет істейтін. Сондықтан жаңа ұжым «жер аударылып» келген ғалымға таныс болатын. Бұл атақты ұжымнан қазақтың талай саңлақтары пана тапқан еді. 30-жылдары қуғында жүрген Әлімхан Ермеков осы институтта дәріс оқып, профессор болған-ды. Солжылдары түрмеде отырып шығып, басына пана іздеген тұста қазақ тілінен сабақ беріп, Мұхтар Омарханұлы да осында істепті. Ал орыс профессорларының көбі Ресейден қуылып келген зияллылар болатын. Институттағы өсіп келе жатқан қазақ жастары ғалым ағаларын жылы қабылдады. Аз уақыт ішінде қоғамдық білім беретін салаға Мәкең соны жаңалықтар енгізді. Ең алдымен, кейбір курстарға дәріс қазақша оқылатын болды. Техникалық әдіспен сабақ жүргізілетін аудитория жасақталды. Лекцияларда фильмдер, диафильмдер, карталар пайдаланыла бастады. Қоғамдық ғылым ертеңі, аңыз емес, Отан тарихының құрамдас бөлігіне айналды. Қоғамдық білімдерге арнайы кабинеттер құрылып, жаңа әдебиеттермен толықтырылды. Мәкең қазақша консультацияларды диктафонға жазғызып, студенттердің тақырып бойынша керек материалды өздері тыңдауына мүмкіндік жасады. КСРО көлеміндегі 100 аграрлық оқу орындарының қоғамтану кафедралары оқытушыларының басын қосып, үш бүкілодақтық конференция өткізді, оның материалдарын типографиядан басқызып шығарды. Бұл оқу орны ол кезде Мәскеудегі ауыл шаруашылығы министрлігіне қарайтын. Манаш Қабашұлы министрлік алдына өзі басқарған кафедрада тарихтан аспирантура ашуды сұрады. Министрліктің жоғарғы оқу орнын басқаратын профессор Красота: «Сізге, Манаш Қабашевич, неше аспирант алсаңыз да рұқсат», — деп ризашылығын білдірді. Бұл бүкіл одақ бойынша партия та-

рихы кафедрасындағы жалғыз аспирантура еді. Кейін Мәкен кеткеннен кейін аспирантура жабылып қалды.

Институттың ректоры З.К.Қожабеков еді. Жаңалыққа құштар, кең пейіл, ақкөніл Зейнолла сол тұста азаматтығын танытты. Ол Мәкенді бағалай білді. оның ұжымға келуі құбылыс екенін, дарынды қолдау керек екенін, Мәкенің жазықсыз қудаланып отырғанын түсіне білді. Ғалымның бастамаларын қолдады, кешікпей тарих кафедрасы институттың атын шығара бастады. Институт кафедрасы Білім министрлігінің базалық жетекші кафедрасына айналды. Кафедра жаңалығымен Қазақстанның басқа да оқу орындарының өкілдері келіп танысатын болды. Мәкен институтқа шығармашылық зиялды қауым өкілдерін шақырып, кездесулер өткізетін болды. Сол жылдары Сырбай аға, Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев, Мәриям Хакімжанова, Ф. Оңғарсынова т.б. ақындармен кездесу кештері өтті. Манаш Қабашұлының ұсынысымен институт студенттері театрларға жиі баруды дәстүрге айналдырыды.

Бұл жылдары ғалымның Одақтағы әріптестерімен байланысы қүшейе түскен еді. Жазықсыз жалаға ұшыраған ғалымға тарих ғылымдарының докторы, Мәскеудегі академиялық тарих институтының бөлім менгерушілері Г.А.Куманев, А.В.Митрофанова, Киевтен профессор Н.А.Буцко, М. И.Кравчук, Минскіден — А.И.Залесский, Ереваннан В.А.Арутюнян, Новосибирскіден — И.И.Комогорцев, Ленинградтан — В.Комал, И.И.Захаров, В.А.Ежов т.б. қатты қолдау көрсетті. Олар оны Бүкілодақтық конференциялардың үйымдастыру алқасына енгізді. Ұжымдық монографияларға автор етіп шақырды, көптеген одақтық басылымдарға баяндамаларын жариялатты. Конференциялардың төралқасына сайлап, секция жұмыстарын басқартты. Ондай конференциялардың көбіне ол Қазақстаннан жеке, жалғыз өзі шақырылатын еді. Сол жылдары ғылыми қауым осындай қолдау көрсетлеген болса, қудалауға түскен ғалымның тағдыры не боларын кім білсін. Солай бола тұрса да, Алматы малдәрігерлік институтының рухани қолдауы ерекше болды. Мәкен бұл ұжымдағы басты тұлғаға айналды. Институт

ұжымында жылы климат орнауына Зейнолла Камалиұлының азаматтығы, көрегендігі себеп болғаны сөзсіз.

### **Үміт оты**

Қырықтан аса бере профессор, идеология майданының көрнекті сарбаздарының бірі Манаш Қабашұлының көкірегінде үміт отын оятқандай қоғамдық ахуал қалыптасты. Қазақ Мемлекеттік университетінің жаңынан Қоғамдық білімдер пәндерін оқытушылар мамандығын жетілдіру институты ашылды. Онда тарих, саяси экономия, политология, философия оқытушылары бес жыл сайын мамандығын жетілдіру үшін міндетті түрде 6 айлық арнайы оқуға келуі керек еді. Ол институт Қазақстан мен Қырғызстан республикаларының жоғары оқу орындарына ортақ болды. Тарих кафедрасына менгеруші болып Мәкең шақырылды. Шын мәнінде, оны шақыруға мәжбүр болды, өйткені оқытушыларды, ұстаздарды оқытуға даярлығы зор, беделді ұстаз керек еді. Манаш Қабашұлы көп кешікпей-ақ қызметке кіріспін кетті.

Қазақстан, Қырғызстан жоғары оқу орындарында гуманитарлық, қоғамдық пәндерді оқытуудың орталығына айналған институтта жұмыс жетерлік еді. Оқуға келген қауымның ғылыми жұмыстарына бағыт беру, диссертациялық тақырыптарын бекіту, кандидаттық, докторлық диссертацияларды талқылау, ғылыми рефераттарды тыңдап, бағалап, құндыларын жарыққа шығарып, жас ғалымдарға жол ашу оңай тірлік емес болып шықты. Жаңынан ғылым ордасында істеп келе жатқан Мәкең жас оқытуши қауымның сүйікті жетекшісіне айналды. Курсқа окуға келгендердің бірталайы ғылыми бағыт алып, сәтті қорғап кетті.

Манаш ағаның жайдары, қарапайымдылығынан болар, осы институтта оқып жүрген Қарағанды университетінің жас ұстазы бір күні ағаны тоқтатып: «Мен сізді түсімде көрдім. Ақбоз ат мініп, ту ұстап, шың басында түр екенсіз. Құдай біледі, Сізді осы жолы ғылым академиясына корреспондент-мүшелікке сыйлайтын шығар», – депті. Рас, кешікпей 1979 жылдың көктемінде ғылым Академиясының жалпы жиналышы Манаш Қабашұлын

академия құрамына сайлады. Бір орынға ондаған адам таласса да, төрелік жасаған академик ағалар Мәкеңе дауыс берді. Фалымның Академия мүшесі ретінде жаңа өмір белесі басталды.

## Қазақ энциклопедиясында

60-жылдары Қазақ Совет энциклопедиясы құрылып, оның тұнғыш бас редакторы болып академик Мұхаметжан Қаратаяев тағайындалды. Мұхаң қазақтың тұнғыш энциклопедиясының негізін қалап, көп еңбек сінірді. Алайда, көп отырғаннан ба, әлде пенделік пе, ел арасында ҚСЭ Қызылорда Совет энциклопедиясы деп айтыла бастады. Ұжымның қызметкерлерінің көшілігі сол жақтан шылқандар еді. Не керек, арызшы қауым соңына түсіп, Мұхаң энциклопедиядан кетіп тынды. 250 қундей энциклопедия қауымы басшысыз отырды.

1979 жылы жазда Манаш Қабашұлын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне шақырды. «Көп адамның ішінен сізді лайық көріп отырмыз. Сіздің екітілділігіңіз, қазақшаға жетіктігіңіз, білімдарлығыңыз, еңбексүйгіштігіңіз бізге белгілі. Тек партияның XVI съезінде Д.А.Қонаевтың баяндамасына іліккеніңіз бар. Бірақ бұл күні Сіздің кінәсіздігіңіз анықталды». З.Камалиденов ұзақ сөйлем, өз шешімін айтты. Өзі бастап Д.А.Қонаевқа алып барды. Д. Қонаев әуелі салқынқандылық танытып, үндемей біраз тыңдаған соң: «Мен жолдас М. Қозыбаевты білемін. Жазғандарын оқымын. Өсіп келе жатқан жас. Алайда, әлгі бір кездे сөз болғаны бар емес пе?» — дейді Камалиденовке қарап. Закаң тұрып: «Ол рас, бірақ автордың позициясы дұрыс, проблема дер кезінде ғылыми түрғыда көтерілген. Бірақ кейбір адамдар әділетсіздік жасаған, тайыз пайымдал, кінә таққан. Мен мәселені зерттедім, Мәскеулік әріптестеріммен де ақылдастым. Ғылыми жағынан Манаш Қабашұлының позициясы дұрыс деп білемін», — деп ашығын айтады. Д.А. Қонаев дәл мұндай батыл ұсыныс күтпесе керек. Көзінің астымен қарап, біраз үнсіз отырған соң: «Ендеше хош, батамды берейін. Бюроға даярланыңдар. Ал шырақ, энциклопедия — жауапты сала, Орталық үймен ақылдасып істе. Академик М. Қаратаяевтың

жіберген қателіктерінен сабақ алғайсың», — деп орнынан тұрып, шығарып салыпты.

Кейін бірнеше жылдардан соң, Димекен зейнетте жүрген шағында кездескен жерде: «Академик Қозыбаев, аман-сау барсың ба?» деп жылы амандасатын еді, — дейді Мәкең.

Энциклопедиялық басылым шығару оңай іс емес. Мамандар жоқтың қасы, оған тек жоғары білім аздық етеді. Энциклопедист болу үшін білімділікпен қатар тазалық керек. Кейбір энциклопедист болып ұзақ жыл істегендердің ішінде ертерек жазылған материалдарды жымқырып, өз атынан беруге машиқтанған қулар да болады. Орысша энциклопедиядағы материалдарды атусті аударып, нан жегіш пысықтар да кездесіп жүрді. Манаш Қабашұлы бар материалдарды өзі басынан аяғына дейін бірнеше мәрте қарап шығатын. Шикі, дүмбіlez жазылған мақалаларды орта жолдан қайтаратын. Жұмысты шапшаң істеуге үйренген ол жайбасарлардың есін кетіретін. «Мынаны сен қарай сал» деп екінші біреуге сілтей салу деген болмайтын. Әмбебап энциклопедист әдебиетті жетік білуі керек. Мәкең әрбір мақалаға байланысты кешенді библиография жасауды талап ететін. Қазақ тарихына байланысты мақалаларды мамандарға беруді талап етіп отыратын.

Әмбебап энциклопедиялық басылымдар шығаруға Манаш Қабашұлы кезінде зиялды қауымның қалың тобы тартылды. Қазақ Совет энциклопедиясына есімі елге танымал ғалымдар жиі келетін болды. Ол ол ма, енді бұл ұжымда атақты жазушылармен, өнер қайраткерлерімен, ғалымдармен кездесу өткізу дәстүрге айналды. Сол жылдары Ғабит Мұсірепов, Ғабиден Мұстафин, академиктер С. Бейсембаев, Ә. Қайдаровтармен және корреспондент-мүшелері М. Балақаев, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, мұсінші Х. Наурызбаевтармен т.б. кездесулер өтті. Мұндай кездесулер ұжымды рухани сілкіндірді, Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясының статусын көтерді. Шығарылатын басылымдар деңгейі жоғарылады.

Қазақ энциклопедиясы ұжымында істеп жүрген кезде Қазақстанда Бүкілодақтық энциклопедиялар бас редакторларының жиыны өткізілді. Онда бас баяндаманы Манаш Қабашұлының өзі жасады. Тұнғыш рет энциклопедиялық

әдебиетте Одақтық және Ұлттық ара-қатынас, ұлттық әнциклопедияның түрпаты, ішкі мазмұны, ұлттық материалдар мен Одақтық материалдардың ара-қатынасы, регионалдық әнциклопедияның бағыт-бағдары сөз болды. Мәкең Пушкин-нен кейін ұлт аудандарында, мысалы Қазақстанда Абай, Мұхтар Әуезов, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, т. б. тұлғаларға арналған әнциклопедиялар шығаруды құн тәртібіне қойды.

Қазақ әнциклопедиясының бас редакторы қызметінде жүргенде, Кеңестер Одағы әнциклопедиясының Бас алкасына мүше болды. Сол тұста Қазақ Совет әнциклопедиясы басылымының библиографиялық, ең жұмысы көп, полиграфиялық терілімі аса күрделі 13 томы жарықта шықты. Сөйтіп ҚСЭ-ның 12 томы толықтырылып, оның жұмысы шын мәнінде Мәкең басшылық еткен тұста аяқталды. Сонымен қатар, үш томдық балалар әмбебап басылымын, отбасылыш («Шаңырақ»), медициналық, философиялық, 4 томдық орысша-қазақша қысқаша Қазақ Совет Энциклопедиясы (бұрынғы 13 томда одақтық, әлемдік ақпарат көп болатын), қалалық (Алматы), регионалдық (облыстық, Қарағанды) әнциклопедиялары даярланып, негізінен басылып шықты. Бір томдық «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» атты орысша, қазақша басылым (анықтамалық) еңбектер жарық көрді. Оған 609 иллюстрация, 11 карта берілді. Манаш Қабашұлы әнциклопедиялық басылымдарды қос тілде шығаруды бастады. Балалар әнциклопедиясы алғашқыда аударма болып жоспарланғанмен, іс жүзінде Мәкең оны қазақыландырып, ұлттық рух, мазмұн берді. Осылай арнайы тематикалық әнциклопедиялардың негізі қаланды. Болашақ әнциклопедиялық басылымдардың бағыты анықталды. Манаш Қабашұлы қызмет еткен жылдары атальмыш әнциклопедиялардың қолжазбалары толық дайындалып, өндіріске өткізілді, тек отбасылыш әнциклопедия «Шаңырақ» атымен шықты. Осылай Қазақ Совет әнциклопедиясы Манаш аға басқарған кезде соны бір белестен етіп, кемел шағына жеткен еді.

## Көсемсөздің шебері

Манаш Қабашұлы әдебиетпен қанаттанды. Қөркем әдебиетті жаңы сүйді. 1952 жылы ғана ол үш жүзге жуық орыс әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармаларын оқып шықты. Тек қазақ емес, орыс әдебиетін де жетік білетін шәкіртінің жауаптарына, біліміне К. Куррова деген үстазы орыс әдебиетінен емтихан алған кезде асқан ризашылығын білдірген еді. Мәкең содан былай орыс, әлемдік әдебиеттің озық шығармаларын оқуды дағдыға айналдырған. Ол тарихты қөркем тілде жазуды армандады. Қазақ мәдениетіне Ж. Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Ә. Бекейханов пен М. Дулатовтың қайта оралуы, «Қазақ», «Айқап» беттерінде басылған ғасыр басындағы публицистика, Баубек Бұлқышевтың мақалалары, Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым», «Болашақ соғыс туралы» новелласы т.б. шығармалар Мәкеңді қатты тебірентті. Әсіресе Ахаңың «Әдебиет танытқышы» оның жан-дүниесін жаңғыртқандай болды. «Біз, — дейді Мәкең, — қолдан жасалған рухани аштықтан өттік. Үлт дауылпаздарының шығармаларын білмей өстік. Жазықсыз жазаланған жандарға тас лақтырып, өз жанымызды өзіміз жаралап, қаралап өсіппіз. Қандай бақытсыздық десенші?». Тәуелсіздік алған тұста Мәкеңнің екінші тынысы ашылды. Ол енді публицистика жанрына бой үрді. «Аттан, қазақ, — тәуелсіздік сапарына қосыл, жаңа заман күрескерлерінің қатарына!» — деп ұран тастады. Ол енді «Отан», «тәуелсіздік», «егемендік», «үлтжандылық» туралы толғанды. «Тәуелсіздік үшін сан үрпақ алысты, арпалысты. «Аттан, қазақ!» деп жар салып, атқа мінді. «Отан» деп қан майданға кірді. Құлдың елі — тойған жер, ердің елі — туған жер екенін білді олар. Отан — жан азығы, пендениң тұп қазығы екенідің қазагыма қанмен дарыды. Отансыз адам — суалған өзен, құлазыған дала екендігін көрді олар. Отансыз өмір бықсыған көмірдей сан үрпақты аңы тутінге қамады. «Отаным — ошағым ғой маздаған, пырағым ғой өзегімді өртеген, қуатым, өмірімді жалғаған», — деп талай ата-бабаларымыз арманға бөленді. Отан берік қамалы, таудан ескен самалы екенін білген ел адамдары «Отан» деп толғанады, «Отан» деп үріс ішінде долданады. «Отан» деп жауын жермен-жексен етті, не өз қанын селдettі, көздің жасын көл

етті...». Міне, осылай Мәкең тарих пырағына мінді. Тәуелсіздік алған жылдарда ол өзіне бір сәт демалыс берген емес, тіпті демалыста журсе де, жазып, талай тарихи очерктермен оралды. «1996 жылы күзде, - деп есіне алады Мәкең, — Сарыағашта дем алдық. Желтоқсан оқиғасының он жылдығын зерттеп, алып барған бір жәшік әдебиеттерді, құжаттарды қотарып, бас көтермей отырып дым».

### **Ақтаңдақтармен айқас**

Тәуелсіздік келген тұста рухани еркіндік нышандары байқала бастады. Ең алдымен Мәкең бастаған тарихшылар тобы тарихтың ақтаңдақтарына үңілді. Сонау бетбұрыс кезінде (1988 ж.) Тарих институтының ұжымы М. Қ. Қозыбаевты ұжымның басшылығына сайлаған еді. Сол жылдары, дәлдеп айтсақ, 1987 жылды ақпанды «ақтаңдақ» термині алғаш рет қолданылды. Бірте-бірте қолдану аясы кеңіп, Отан тарихының көптеген кезендерін камти бастады. «Тарихтың ашы сабағы» деген басылымда Мәкең жеке басқа табыну идеологиясымен қатар, тоқырау кезінде кеңінен етек жайған волюнтаризм мен субъективизмге, рухани жұтаңшылыққа тоқталды. Құнтартібіне социалистік үлт, жұмысшы табы, колхозшы шаруа, социалистік интеллигенцияның қалыптасуы, мәдени мұра, сабактастық дәстүрдің үзілісі, әкімшілік туралы теориялық тұжырымдамалар қойылды. Бюрократиялық жүйе проблемалары алға тартылды. Мәдени революцияның басты мәселелері — адамгершілік мәдениеті, еңбек мәдениеті, эстетикалық мәдениет, саяси мәдениет, әлеуметтік мәдениеттің кешенді қаралу керектігі, мәдени революцияның аясы тарылып, мәдени ағартушылыққа, саяси үгітке тірелгені, мәдениеттің кең мағынадағы өркениеттік сипаты туралы айтЫЛДЫ. Қара бояумен боялған зиялды қауым тарихы туралы толғанды. Автор ақтаңдақтар қатарында қазақ халқының этногенезі (шығу тегі), қазақ халқының жоңғарларға қарсы үлт-азаттық қозғалысы, қазақ халқының көне мәдениеті тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылуы тарихы, көшпелілер өркениеті тарихы, қазақ халқын күшпен отырықшыландыру әдістері мен шежіре мәселелерін көтерді. Автор қайта құрудың жасанды схема, жадағай декларацияға ұрындырып, жаңаша

ойлау жүйесін қалыптастыруға жол аша алмай отырғандығына қынжылыс білдірді.

Мәкең архив қызметкерлерінің қоймаларды толық ашпайтындығына, деректеме саласындағы қысымға тоқталды. Бетбұрыс дәүірінде айналып келіп, жеке басқа табыну идеологиясына ұрыну, жартылай ашылған шындық шымылдығын қайтадан түсіріп, жабулы қазанға айналдыру сияқты жалған «сақтық» тәжірибесіне батыл қарсы шығып, қалам тартқан да Мәкең еді. Осы тұста тарихшылар әuletіне көсемдік еткен Мәкең Қазақ мемлекеттігі, отаршылық жүйе, геноцид, этноцид саясаты туралы алғашқы идеяларды алға тартты (Қараңыз: Ақтандактар ақиқаты. А., 1992, 5—12 б.). Тарихшы қауым Алаштан үркіп-қорқып, ат-тонын ала қашқан кезде ол: «Алаш — қазақ халқы де-ген үғым. Алаш — еліміздің ежелі аты. Ол ғасырдың басындағы үлттық сананың есу процесінің құрамдас бөлігі», — деп атап көрсетті. Ол Алаш қозғалысын «оянған Азия халқының ішінде қазақ халқы да бар», — деп ресейлік шеңберден асыра қарады. Алаш қозғалысының сипаты туралы сол 80-жылдары Мәкең «Ендеше қазақ сахараасындағы үлт-азаттық қозғалыс тек таза пролетарлық қозғалыс болуы мүмкін емес, ол ортағасырлықтан буржуазиялық демократияға бет алған қозғалыс екендігі даусыз», — деп жазды.

Ғалым қазақ зиялыштарының ғасыр басындағы ерекшелігіне көп көніл бөлді. 80-жылдардың екінші жартысында Тарих және этнология институты сталинизмге — голошекиндікке қарсы шықты, оны әшкереледі. «Тарих сабақтастығы» атты мақаласында Мәкең үлт-азаттық қозғалысын ақырат түрғысында қайта зерттеуді мақсат етті. Қазақстандағы 1916 жылғы үлт-азаттық қозғалысының проблемаларын қайта қарап, баяндама жасады. Кейін ол проблемаға сан рет оралу нәтижесінде кешенді бағдарлама ұсынды. Бағдарламада автор социалистік кезең тарихын кешенді қайта қарауды ұсынды. «Үш тоғыс: мәдениет, оқу-ағарту және интернационализм мәселелері» деген проблемалық мақаласында мәдениет тарихының ақтаңдақтарына жан-жақты тоқтала келіп, ғалым былай деп жазды: «Мәдениет тарихының ақтаңдақтары қандай? Ең алдымен, мәдениетті, өнерді, халықтық мұраны

догматикалық, схоластикалық түрғыда қараудан бас тарту керек. Мәдениет тарихын келте түсініп, оны сауатсыздықты жою, бастауыш, орташа, орта білім алу, жоғары білім беру, интелигенция даярлау аясында ғана қарауды қою керек. Мәдениеттің сан-саласын дүниежүзілік ғылымның жетістіктері түрғысынан зерттейтін күн туды.

Осы күнге дейін республикамызда мәдени дамуды зерттейтін ғалымдар негізінен оның жеке-жеке салаларын зерттеп келеді. Ғылымтану, әдебиеттану, өнертану салалары айтарлықтай дамуда. Бірақ мәдениет тарихын зерттеушілер қатарында экономикалық мәдениет, құқықтық мәдениет, халықтар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, саяси мәдениет, этикалық мәдениет, еңбек мәдениеттерін зерттеп жүрген жан жоқ десем қателеслеген болар едім. Ал материалдық мәдениет саласында біз тек XIX – XX ғ. төнірегінен аса алмай келеміз. Республикалық Ш. Ұәлихановтан қалған дәстүрді жалғап, халқымыздың діни санасын, оның діни көзқарасын, ислам дінінің қазақ сахарасындағы тарихын, оның мәдениетке, әдебиетке, өнерге әр кезеңде жасаған ықпалын зерттеп жүрген ғалымдар жоқтың қасы.

Қазақ халқының мәдениеті тек Одақ шеңберінде жасалып отырған жоқ. Халқымыздың бір миллионнан астам бір бөлігі Шынжаң жерінде. Өкінішке орай, біздің Шынжаң қазақтарының мәдениеті туралы білетініміз тым аз. Қытай елімен қарым-қатынас түзеліп, даму барысында этнографиялық, антропологиялық, тіл-әдеби ғылыми экспедицияларын жіберіп, зерттеу жүргізу Қазақстан ғалымдарына парыз.

Мәдениет тарихын зерттеген уақытта кейір методологиялық мәселелерге көніл бөлу керек кой деп ойлаймыз. Амал нешік, қалыптасқан көзқарасты ұзақ жылдар ескермедік. Халқымыздың революциядан бұрынғы кезде қол жеткен мәдени табыстарынан бездік, қол үздік. Тарихтың жаңа белесінде, міне, осы мұрага оралар мүмкіндік туды. Ендеше, қазақ мәдениеттін мұраларына ғылыми көзқараспен қарап, халқымыздың бай ауыз әдебиетін, қолөнер мәдениетін, материалдық, рухани байлықтарын кеңінен, жаңаша ойлау концепциясы негізінде зерттеу қажет-ақ.

Ұлы революция барысында В.И.Ленин ескі интеллигенцияның білімін, өнерін, талабын, үйымдастыруышылық қабілетін социалистік қоғамды құру ісіне пайдалануға шақырғаны мәлім. Ал бұл кезең Қазақстан топырағында тек 1925 жылға дейін созылды. Ф.И.Голощекин қазақ сахараасына келгеннен кейін ескі интеллигенцияның бәріне бірдей, оның ішінде, тіпті Кенес өкіметін орнатуға аса зор үлес қоскан Сәкенге шейін ұлтшыл айдарын тақты, қудалау басталды. Қазақ социалистік мәдениетінің іргетасын қалауға жантәнін сала кіріскең, В.И.Лениннен мандат алып, қазақ ревкомының құрамына кірген Ахмет Байтұрсыновтың, оның шәкірттерінің сонына Голощекин құндіз шам алып тұсті. Аз ғана уақыттың ішінде қазақ елінің интеллигенциясының қаймағы бұзылды, халықтың интеллектуалдық потенциалы өшті. Қазақ топырағында жеке басқа табыну идеологиясы мен тәжірибесі ерте орнады, ол қазақ мәдениетін ойсырата ойрандады. Осы күнге дейін әдебиетте жер-көкке сыйғызбай орынсыз лепіріп, мәдени революция туралы сталиндік концепция тұрғысынан жазылған еңбектердің орнына жаңа зерттеу жұмыстары жүргізілу керектігі айдан аян».

Қазақстан тарихнамасында Мәкең бірінші болып «халқымыз қараңғы еді, мәдениеті тәмен, сорлы еді» деген тезиске қарсы шықты. Ол жоғарыда аты аталған мақалада былай деп жазды: «Қазақ мәдениетінің тарихына жаттанды стереотиптер, догматтық тұжырымдар орасан кеселін тигізді. Осы уақытқа дейін «халқымыз қараңғы еді, мәдениеті тәмен еді, сорлы еді» деген тұжырым «еңбектен» «еңбеккө» көшеді. Ал олай болса, тақыр жерде Шоқан, Ұбырай, Абай, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ұбырай, Шашубай, Жамбыл, т.б. қалай пайда болды? Ал А.С. Пушкинді қызықтырған қазақ эпостары қай халықтың тақиясына тар қеледі? Ғасырлар бойы жаугершілік жасаған халқымыздың қару-жарақ жасау дәстүрі, қолөнері, ауыз әдебиеті, қонақ қабылдау өнері, дала этикасы, т.б. бүкіл Еуропаға, Азияға аңыз болған жоқ па? Дала этикасы. Жоқ, ол тағылар этикасы емес. Ол көшпелілер өркениетінің этикасы. Ол — он үште ұлды ұлан етіп ер жеткізген, он алтыда қызды бұлаңдатып бойжеткізген халықтың этикасы. Ол —

сұлулықты, батырлықты, парасаттылықты төбесіне көтерген халықтың этикасы. Ал біз осы дала этикасын сөз жоқ, басыну ғасырлық жаугершілік, одан қалды, отаршылдық бұғауы түспеген, өркениет дамуынан сырт қалмаған халықтармен салыстырғанда қазақ халықының көш бойы кенже қалғаны рас. Бірақ ол оның кешелігінен, түрпайылығынан, жабайылығынан, мәдениетсіздігінен емес-ті. «Революцияға дейін қазақтардың сауаттылығы 2 пайыз еді» деген стереотип әлі де болса да кездеседі. 1911 жылы 18 қаңтарда қазақ даласында М.Ф. Шербина жүргізген экспедиция есеп-қисап органдарының дерегі бойынша Торғай, Орал, Закаспий облыстарында, Астрахан губерниясында сауаттылар саны 8,9 пайыз болғаны осы уақытқа дейін ескерілмейтіні таңдандырады.

Кейінгі кездердегі ғылыми деректер бойынша 1897 жылғы Ресей санағының дұрыс өткізілмегені анықталып отыр. Санақ анкетасының 6—14 сұрақтары, оның ішінде сауаттылық туралы 13 сұрақ көп жағдайда мүлде толтырылмаған. Сіра, отаршыл Ресей үшін салық төлейтін қазақтар саны ғана керек болса керек. Оның үстіне санақшы орыстар келе жатқанда қазақтар олардың көзіне түскісі келмей, көшіп те кеткен жайлар болған. Ең соңғы тексерілген деректер бойынша сауаттылық дәрежесі Ресейде 21 пайыз, ал Туркістанда 19,5 пайыз болған. Мәдениет тарихнамасының тағы бір құрделі мәселесі — үрпақ жалғастығын зерттеу. Ол ғасырдан ғасырға созылған халық мәдениетінің үрпақтар арқылы байланысы диалектикасын ашу, мәдениет бәйтерегінің күре тамырларын, талышқтарын талдау. Ол үшін мәдени қайраткерлердің өз заманына сай, бұрынғы үрпақпен салыстырғанда берген үлесін жан-жақты көрсетіп, әділ баға беру қажет деп білемін. Олардың ешқайсысына ен тақпай, айдар салмай, бетіне қүие жақпай, байыбына барып, парасатпен зерттеуге үйренуіміз керек. Міне, осындай мәдениет қайраткерлерінің үлесінен халық қазынасы, мәдени мұрасы қалыптасатының ұмытуға болмайды. Ол — жеке бастын меншігі емес, халық мұрасы, өркениет қазынасы.

Тарихнамада ойсырап, орны толмай келе жатқан проблемалардың бірі тайпалардың халық болып қалыптасуы, Азия мен Еуропа, тіпті Африка халықтары арасындағы әр дәүірде,

әр деңгейде дамыған мәдени байланыс. Осы тарихи процесс көлеңкеде қалып, толық мағынасында зерттелмей келеді. Әсіресе бүгінгі күндері кейбір аймақтарда ұлттардың сана-сезім серпінін ұлтшылдыққа бұрып отырған жағдайда интернационалдық мәдени байланыс тарихы халықтар достығын нығайтуға септігін тигізері хақ.

Автор ақтаңдақтар тарихымен қатар, тұтас «қазақ мәдениетінің тарихын» жазуды алға қойды. Ғалым алғаш рет республикаға тағдыр талқысымен айдалып келген халықтардың проблемасын көтерді. Ақтаңдақтар проблемасына қайта оралып, оны негіздей түсті. Осы мақалада ол «Қазақстан тарихында ақтаңдақ беттер не сан:

- қазақ халқының этногенезі;
- қазақ халқының көршілес шығыс халықтарымен тарихи байланысы;
- Қазақстандағы мемлекеттердің пайда болу тарихы;
- патша өкіметінің отарлау саясаты, Ресейдің аз халықтар тағдырына деген көзқарасы;
- капитализм және империализм дәүіріндегі ұлт-азаттық қозғалысының ғылыми концепциясы;
- Ресейдегі үш революция, Азамат соғысы кезеңіндегі саяси-қоғамдық ағым, партиялардың тарихи сырын ашу;
- қазақ халқының феодалдық-патриархалдық қарым-қатынас, рулық идеология және отарлық режим үстем кезінде қалыптасқан интеллигенциясының тарихы;
- ислам дінін қазақ сахарасында тарату тарихы.

Мен жоғарыда тек қана Қазақстан тарихының бір тарихи белесінің кезек күттірмес проблемаларын санап өттім. Ал мұндан проблемалардың аталмай қалғандары не сан. Бір ғана «қыпшақ» проблемасы — өз алдына бір бағдарлама. Ал «Ұлы Жібек жолы, қазақ сахарасындағы қалалық өркениет проблемалары халқымыздың шоқтығын әлем тарихында көтеретін, өз алдына болашағы бар ғылымның бір арнасы десе де болады», — деп жазды.

Мәкең Отан тарихына үңілген сайын ақтаңдақтар аясы кеңи берді, оны зерттеуге тарихшылардың жаңа толқындары қосылды. Қазақстан тарихшыларының туын көтерген Мәкең ұлт

проблемасына көп көңіл бөлді. Ол былай деп көрсетті: «Сталиндік нәубет жылдары тұтас үлттар мен ұлыстардың тағдыры әкімшілдік-әміршілдік жолмен шешілді. Үлт мәселесінің сталиндік зорлық-зомбылығынан қазақ халқы аз жапа шеккен жоқ. Сталинизмнің Қазақстандағы жергілікті көрінісі — голошекиншілдік кезінде дамудың социалистік жолына түскен қазақ халқының 42 пайызы құрбан болды. Енді ғана өркендер келе жатқан ел үшін будан артық трагедия бола ма? Арқаңа аяздай бататын осы ақиқатты айтуға күні кеше ғана мүмкіндік алғанымызды еске түсірсек, үлт мәселесі саласында қордаланған, шиеленісken проблемалардың сыры өзінен өзі-ақ түсінікті болады. Ел тағдыры, үлт тағдыры табанға салып тапталған сталиндік нәубет жылдары Қазақстан халықтар түрмесіне, каторгасына айналып, Алжир, Карлаг сияқты лагерьлер салынды. 1937 жылы Қазақстанға 18526 корей отбасы (шамамен 100 мың адам) зорлық-зомбылықпен жер аударылды. Интернационалист қазақ халқы корей бауырларына жерін де, төрін де беріп, таршылық көрсетпеді. КСРО Жоғарғы Советінің 1941 жылғы 27 тамызындағы жарлығы бойынша Еділ өніріндегі 361 мың немісті кір жуып, кіндік кескен жерінен айырып, Қазақстанға қоныс аударды. Осылайша, тек 1943 жылдың 1 шілдесінен дейін еліміздің батысынан 532.506 адам эвакуацияланды. Мейірбан қазақ халқы оларды да жатсынбай, қарсы алып, дастарқанынан — нан, жерінен қоныс берді. 1943 — 44 жылдары қасиетті қазақ жерінен Солтүстік Кавказдан құғындалған жарты миллионнан астам қарашай, балқар, чечен, ингуш, курд, қалмақ, т.б. халықтар пана тапты. Құні бүгінге дейін әділдік таппанаған Қырымдағы татар бауырларымыз да қазақ ағасының кең шапанының астына кірді. Соғыс операциялары Батыс Еуропаға қарай ауысқан 1944 жылдың қарашасында Месхетияның 110 мың адам мекен ететін 220 елді мекеніндегі түрік туғандарымыз Орта Азия мен Қазақстанға көшірілді. Құғын-сүргінге ұшыраған осы халықтардың қайсысы болмасын, күмән келтірмейтін бір ақиқат нәрсе: мейірбандық пен бауырмалдық, жомарттық пен дарқандық қанына сіңген қазақ халқының жазықсыз жапа шеккен халықтарды жатырқамай достық құшаққа алуы, ғылым тілімен айтқанда, шынайы

интернационалдығы. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған, қоныс аударған, эвакуацияланған, тың игеруге келгендерді паналата жүріп, қайран қазақ бабалары ту тіккен елінде аз санды үлтқа айналды. Ол аз болғандай, 1987 жылғы «Қазақ республикалық партия үйімінің еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында «қазақ үлтшылдығының көрінісі» туралы айып тағылды. Бұл — тарихи шындық алдындағы қиянат. КОКП Орталық Комитеті өз кателігін кеш те болса мойындан, атапған айыпты халқымыздан алып тастауға мәжбүр болды. Үлтаралық қатынастар проблемасын шешу үшін, алдымен теориялыш салада үлт мәселесі жөніндегі концепцияны жаңадан қалыптастыру керек».

Бұл үлкен үзіндіні келтіріп отырған себебіміз — ғалымның ой өрісінің кендігін, әр тезисі ұзақ жылдық зерттеуге негізделгенін, егемендік алған елдің үлт саясатына негіз боларлық ғылыми тұжырымдамалардың қалай пайда болғанын көрсету. Ғалым осы бір бағдарламалық мақаласында тұңғыш рет үлт мәселесінің трагедиясын кеңестік, таптық жүйе бойынша түсіндірді. Бұрын айналып келгенде сталинизмді кінәлап, Ленинді ақтап алуға үмтүлатын тарихшы қауым жаңа сатыға көтерілді. Мәкең былай деп жазды: «В.И.Ленин бастаған большевиктер үлт бағдарламасын жасап, іс жүзіне асыра алмады. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, үлт мәселесі — жан-жүйеге байланысты нәзік мәселе. Ал большевиктер оны шешуде диктатураға, құшке, білекке сүйенді. Екіншіден, ұлыдержавалық биліктен бас тарту сөз жүзінде ғана болды, іс жүзінде халықтар бір орталыққа қарады, орталық империяның, саясаттың тірегіне айналды. Ушіншіден, үлт мәселесін шешу үшін экономикалық тәуелсіздік керек еді. Ал үлт аймақтары баяғы қалпында шикізат қоры болып қала берді. Төртіншіден, үлт мәселесін шешу үшін отаршылдық идеологиядан, көзқарастан арылу керек еді. Ал іс жүзінде большевиктер партиясы орыс халқын аға халық санады, сол халықтың ғана ата тарихы, ана тілі, әскери, діни дәстүрі дәріптелді. Отаршылдық идеологияның мұртын балта кеспеді. Совет империясының тарихында көптеген халықтар геноцид саясатының құрбаны болды. Оған тек қана Сталин ай-

ыпты емес, айыпты — Ленин қалыптастырған бір партиялық, диктатуралық, мемлекеттік дәрежеде шендерестірілген система».

Тәуелсіздік орнамай тұрып-ақ, Мәкең бастаған тарихшылар халықты жаңа рух негізінде тәрбиелеуге атсалысты. Әсіресе, осы тұста Мәкең өткізген екі халықаралық конференция бүкіл Қеңестік елдің тарихшыларын дүр сілкіндірген еді. Оның бірі — Қазақстанның, басқа да аз халықтардың Ресейге қосылуы жөніндегі айтыс, екіншісі — күштеп ұжымдастыру проблемасы туралы бүкілодақтық дөңгелек стол. Осы жылдары Мәкең бастаған зерттеушілердің (Ж. Әбілғожин, М. Тәтімов) «Ашаршылық ақиқаты» деген ұжымдық мақаласы жарық көрді. Ол «Вопросы истории» журналының (1989) 7-санында жарияланды. Мұнда тұнғыш рет шаруаларды ұжымдастыру күшлен, зорлықпен жүргені дәлелденіп қана қойған жоқ, ең бастысы, ол саясаттың мемлекеттік деңгейдегі этноцид саясаты екендігі айқындалды. Қөптеген қалың қырымтатар белгісіз деректер келтіріліп, қазақ халқының 42 пайызы сол жылдары қырылып қалғаны айтылды. «Ашаршылық ақиқаты», «Казахстанская трагедия» деген атпен Одақтық журналда шығып, кеңестік жүйенің зұлымдығын әшкерелеген ғажайып мақала базылды. Бұрын ұжымдастыру жылдары лениндік кооперативтік жоспар бүрмаланды деп дәлелденіп келген қазақ сахара-сында осы зорлық-зомбылықтың жүйелі түрде, үздіксіз, өте қатаң жүргізілгені, бұл саясаттың қолдан жасалған «Ақтабан шұбырынды» саясатына ұласқаны жан-жақты көрсетілді. Патша заманында шабарман болып, жағалы киім киіп, мылтық ұстағандарға қызмет еткен қара табан кедейлерден шыққан белсенді, шолақ белсенділердің жасаған әлегі, олардың тап тірегіне айналғаны дәлелденді. Бұрын ұжымдастыру дәүіріндегі негізгі кіна Ф.И. Голощекинге артылса, енді И. Сталиннің бонопартизм саясатының негізгі архитекторы В. Ленин салған жүйенің Ресей сияқты артта қалған, шаруалары басым елде феодалдық әскери социализм орнауы зандағылыш екендігі баса айтылды. «Тұбірлі бетбұрыс», — делінді мақалада, ауыл шаруашылығы құрылымының «сілікпесін шығарып», қоғамның алдағы проблемаларын түкпірден қозғады. Қалыптасқан жағдайда шаруаларды ұжымдастыру процесінің

негізгі қозғаушы күші бұқараның шынайы белсенділігі не-  
месе «төмендегілер» түсінген экономикалық қажеттілік емес,  
«жоғарыдан үйымдастырылған», заңға қайшы келетін әдіспен  
жетілдірілген біртұтас жүйесі болып табылады» (Ақтандақтар  
ақиқаты, 59 б.).

Ең бірінші рет сол жылдардағы демографиялық ахуал ғылыми  
турде негізделді. «Казахстанская трагедия» ақтандақтар ақи-  
қатын ашу жолындағы үлкен бір белес болды. Бұл жылдары  
күн тәртібіне қазақ жерінің тарихы қойылды. Этноаумақтық  
тұастық Отан тарихында бұрыннан да әлсін-әлсін қозғалып, елді  
елендетіп отаратын. Егемендік проблемасы жақындаған сайын  
ұлы орыстық отаршылдық шовинизм атына мінген алаяқтар бұл  
мәселені ушықтырып жіберді. Әсіресе геосаяси ұлы дер жавалық  
науқанды А.И. Солженицынның «Ресейдің көсегесін қалай  
көгертеміз» деген еңбегі жандандырды. Ресейде оны «реформа-  
тор жазушы» атап, сойылын соғушылар көбейді. Қеңестер Одағы  
деп аталатын тірі организмнің «анатомиялық мүрдесін ашуға»  
А. Афанасьев т.б. атой салып кірісті. А. Солженицын «парасат-  
сыз коммунисттер» жарылқаған бұл халық, яғни қазақтар қалай  
болса солай бөліп берген аумақты алған: «көшпелілер табыны  
жылына бір рет жүріп өткен жердің бәрі – Қазақстан болды»  
деп байбалам салды. Сондай-ақ, бұл «данышпан» Қазақстан  
тек онтүстікегі құм басып жатқан алқапты ғана қамтиды, ал  
онтүстік Сібір, онтүстік Орал өнірі Ресей жері деп даурықты.  
Мәкең осы тұста әріптестерімен бірігіп, алапат майданға ара-  
ласты да кетті. Ол «Жауды шаптым ту байлап» (А., 1994) деген  
атына заты сай кітабында сол кезде Ресейде шыққан ғылыми  
әдебиеттің сан түрін пайдалана отырып, өзінің энциклопедистік  
білімін барынша қолданды. Өйткені жер дауы – ел дауы еді,  
даудың үлкені де, бастысы осы болатын. Бұл еңбекте жер ту-  
ралы, шекара туралы айтылған Ф. Брокгауз бен И. Ефронның  
энциклопедиялық сөздігіндегі фактілер, А. Левшин, А. Вамбери  
т.б. ғалымдар еңбегі күлілкке тартылды. Сонымен қазақтың со-  
нау көне заманнан XX ғасырдың аяғына дейінгі жер динамика-  
сы сипатталды.

Мәкең «ерікті отаршыларды», «жер іздеген шаруаларды»,  
«есенгіреген сектанттарды», «қаңғырған аңшыларды», «бейіт

қазушы қарақшыларды», «қылмыскер қашқындарды», бекініс салып, басып алушыларды аямай-ақ әшкөреледі. Ол әшкөрелеу сонау қарақшы Ермак туралы жазылған сериядан басталды. В.И. Козлов деген ресейлік зерттеуші «Каспийден Тянь-Шаньға дейін созылған байтақ автономия (Қазақстан) теріскей батысында экономикалық тұрғыдан Поволжье мен Уралға телінген Орал казак әскерлерінің орыс мекендереген жерлерін, ал оңтүстік шығысында Жетісу казактарының жерлерін Верный поселесімен (соның негізінде кейінірек Алматы қаласы пайда болды) қосып алды, ал бұлар Сібір казактарынікі еді», — деп лақты.

Қазақстан тарихшылары осы тұста кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. А. Елагин, М. Әбдіров казактар туралы арнайы еңбектер жазды. Ал Мәкең болса, ондай еңбектерге ақ батасын бере отырып, Ресей империясындағы 11 казак әскерлерінің Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу, Астрахан сияқты қазақ жерін қалай басып алғанын, Жайық, Ой, Ор, Ертіс, Тобыл, Обаған өзендерінің жағалауын, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Іле өңірлеріндегі шұрайлы жерлерді қалай күшпен иемденгенін, қазақ жерінің Оралда 166 мың, Орынборда 533 мың, Сібірде 172 мың, Жетісуда 45 мың казак әскерлеріне қалай кесіліп берілгенін көрсетті.

Ғалым В. И. Козловтың орыс мәселесін қоздырған, арандатушылық әрекетін әшкөрелеген тұста «Литературная газетада» (1991, 8 наурыз) жарияланған «Казактар мен кайсактар» деген мақалада «Қазақстанда КСР Одағы құрамынан шығутура-лы жарты жүртқа жар салған үндер естіліп жатыр» — деп халық депутаты М. Қозыбаевқа тиіскеңдерге, ғалым картографиялық материалдар негізінде қазақ жерінің барлық контурын сыйзып, отаршылардың өздері даярлаған құжаттар негізінде жаңа отаршылардың жұмған аузын аштырмастай жауап қайтарды. Онда ол А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей», К. Риттердің «Землевладение Азии», В. Сиверстің «Азия», «Всеобщая география» («Азиатская Россия», т. III), Элизе Реклю, Н.Н. Фирсовтың «Сибирский край», «Чтения по истории Сибири», Н. Ивановтың «М.Н. Татищев и его время», А. Н. Седельниковтың «Киргизский край», А.И. Макшеевтың «Исторический обзор Туркестана» т.б. кешенді

еңбектерінен дәлелдер келтірді. Осылай тарихшы қауым қазақ жеріне деген жаңа отаршылардың дүркін-дүркін жасалған тарихи, картографиялық агрессиясына тойтарыс берді, егемендік алған сәттегі елдің емін-еркін есеюіне айтартықтай үлес қосты. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, барын бағалап, жоғын түгендеу кезеңіндегі Манаш Қабашұлының «Ермак: аңыз бен ақиқат» атты сериялы басылымының орны ерекше. Өйткені Ресейге қазақ сахараасының қосылуы, зорлық-зомбылық басы сол қарақшы Ермак жорығында жатыр. Ғалым отарлау тарихын Кеңес жүйесінің құлау, 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларымен байланыстыруды. Ғалым ресейлік әріптестерінің «Ресей отарлаушы ел болған жоқ, оны Британия, Испания, Голландия, Франциямен салыстыруға болмайды» деген (қараңыз: Неделя, 1990, 12–18 ақпан) байбаламын әшкерелеп, оның қандыбалақ отаршыл империя екендігін, метрополиясында 54 млн шаршы километр болса, 17,4 млн отарланған халықтардың жері екенін онда ХХ ғасырдың басында 33,2 млн халық болғандығын дәлелдеп берді. Отарлану нәтижесінде қосылған аумақ империя жерінің 76,3, ал отар елдер халқының 19,6 пайзын құрғанын ашына айтты.

Академик ағамыз Н. Карамзиннің «аты шұлы болғанмен, тегі белгісіз еді» дегеніне сүйене отырып, жылнамалар негізінде Ермактың тексіз екендігін дәлелдеді. Сондай-ақ есімнама саласында талдау жасалып, Ермактың (Жармақтың) түрік негізді қашқын екені, зорлық-зомбылыққа байланысты «уату», «жару», тоқпақ аталағып, елінен безген, жерінен аластатылған азғын — тексіз екендігі көптеген деректер негізінде жан-жақты талданды. Ғалым Ермактың «бау-кеспе қарақшы» екендігін Строганов, Сібір шежірелері негізінде дәлелдейді. Ермак тек өзі ғана емес, оның барша жасағы — дружинасы да баукеспе ұры еді. Орыс тарихнамасы оларды «сүттен ақ, судан таза, ертегілердегі батырлардай мейірімді» етіп көрсетуге тырысты. Ермак жасағын «шайка разбойников» деп Строганов шежіресі атап көрсетеді. Ал Сібір жылнамасы Ермак шайқасының ұры-қарақшылар екенін мойындейды. Ғалым орыс тарихнамасындағы жалған атаманның бейнесін С. Соловьевтың, П. Небольсиннің, Г. Миллердің, Н. Карамзиннің деректері арқылы ашып көрсетті.

Академик ағамыз орыс мемлекетінің Ермакты қасиетті адам деңгейіне қалай көтергенін жазды, қолдан жасалған Савва Есипов жылнамасын әшкереледі. Тобол архипастырының, Ресей православие шіркеуінің Ермактан әулие жасаудағы арамзалығын, мемлекеттік деңгейдегі отаршылықтың түп негізін жан-жақты ашты. Ұрықарыдан есімі ақызға айналған қаһарманды отаршылар осылай қолдан жасаған еді.

Академик М. Қозыбаев өзінің осы әйгілі еңбегінде Ермактың ұрықары ғана емес, патша жендеті екендігін дәлелдеді, ібірсібір жұртының шабылу тарихын, түркі тектес халықтардың отарға айналу тағдырын көрсетті. Ғалымның есімі «Ермак: ақыз бер ақиқаттан» кейін қазақ жұртшылығына кеңінен танымал болды. Авторға елдің түкпір-түкпірінен мындаған хаттар келіп түсті. Талптық тұрғыдағы темір құрсау бұзылып, қалың тарихшы қауымның бас көтеріп, сыр айттып, көсіле жазуына жол ашқандай болды. Сен бұзылды, отаршыл жүйенің тоғаны топан су астында қалды.

Манаш Қабашұлы мұнымен тоқтамай, «Голощекин және Қазақстан», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» сияқты сериялы еңбектер жариялады. Барша Қеңес дәүірінде казақ елінің, көрген зәбірі, қорлықзорлығы тарих биігінен әділ бағасын алды. Академик ағамыз ғалымдық таланттың публицистикаға ұластырды, ғажайып бейнелі сюжеттер арқылы тұтас дәүірді тұлғалады, ел басқарған көсемдердің ұлт мәселесін шешудегі істерін, алға қойған мақсаттарын, іргелі халық тағдырын арқау етті. Тәуелсіздік алған он жыл ішінде тарихты халыққа жақындастып, қалың оқырман санасына жеткізген тарихшы – Манаш ағамыз шын мәнінде халық перзентіне айналды. Ақтаңдақтармен айқас Отан тарихын түбебейлі сараптауға, зерделеуге ұласты. Тарих майданының басы-қасында жүрген Мәкең осы майдандағы қолбасы сияқты.

Академик Манаш Қозыбаев. Алматы, 2001. 3-38 бб.

## Әбдүәли ҚАЙДАР

### **ТАРИХТЫҢ АУЫР ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ**

Бұғынгі егемендік алған, тәуелсіз мемлекетін құрып, өзінше ел болып отырған қазақ халқының рухани, мәдени өміріне үніле қараған адам жоғалтып алған, көз жазып қалған, табылмай жатқан, қысыны келмей тұрған көп «жоқтардың» бірі де бірегейі – өзінің үлттық, азаматтық тарихы екенін сезінеді. Бұл ұғымдардың өте кең де ауқымды, терең де тегеурінді екенін тарихи санасы сансыраған қарапайым халық болмаса да, сол халықтың сүт бетінен қалқып алар қаймағындаған зиялды азаматтары жақсы білсе керек. Халқымыздың бойына біткен бір әдеті – қолда бар асылды түгелдең ұстап, барынша бағалай білмейтін ұқыпсыздығы, ал жоғалтып алса, қолма-қол іздеу салмайтын енжарлығы болса, ал жоғалғаны аяқ астынан табыла қалса, бөркін аспанға атып, қуанатыны.

Міне, осы әдетімізге қарай жоғалтқанымыз аз емес. Ал бір жақсы әдетіміз – ғайыптан заман өзгеріп, еңсеміз көтеріліп, елдігімізді тани бастасақ болды, жоғалтқандарымыздың басқасын емес, ең алдымен ескі дүниелерімізді іздейтініміз. Ол қандай дүние? Шынымен-ақ, бізді өткен замандардың сілімтіктерін сілкілеп, жаррамсыз дүниелерін жаңартуға, жасығын жаңалауға құмар жүрт деп ойлайтындар болса, айтальық: «мың өліп, мың тіріліп келе жатқан халқымыздың тағы да мың бірінші рет қайта тірілу» сөтінде жарқын болашаққа үмітін арта отырып, ойлайтын асыл арманы: сан ғасырлық өткен өмірінің тарихын білу, атадан балаға, үрпақтан үрпаққа мирас болып қаларлық рухани мұрамызды танып-білу болып саналады.

«Әр жылы бір ғасырға баланатындағы өткен тарихи он жыл беделінде іске асқан өзекті өзгерістер мен өзіндік жаңа құбылыстарға не жатады?» деп сүрай қалған жан болса, өз басым «ол — тарихи санамыздың ояна бастауы!» деп кесіп-пішіп айта ала-мын. Міне, сол бір тарихи санамыздың оянып, қанаттана бастаған, қалың қауымның екі рет алдына қараса, бір рет артына қарап, жоғын іздейтін кезінде, тұсауы кесіліп, тәй-тәй басқан алғашқы қадамын өз көзімен көріп, қуаныш сезімі бойын билей бастаған шағында өткелі отырған атақ-лауазымы шаршы етектен асатын академик, тарихшы-ғалым — Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың 70 жылдық мерейтойының осы аталған иғлікті істерге, халықтың қуаныш сезіміне тікелей қатысы бар деп ойлаймын. Бір заманда, бір коғамда, бір академияда, ғылымның «коғамдық ғылымдар» деп аталатын үлкен бір саласында қоян-қолтық қызметтес болып, сырлас, пікірлес, әріптес болып, көп жылдар бойы Алатау ауасын бірге жүтүп, көүсар сүйнін бірге ішіп, тату-тәтті өмір кешіп, аға-іні ретінде сыйласып келе жатқан Манаш бауырымыздың мерейтойы қарсанында бір-екі ауыз пікір айтуды ағалық парызын деп санадым. Біз бір сәт лирикалық үлкен оркестрді тыңдалған отырмыз деп сезінейік. Ол оркестр «кешегі заманның баласымыз, бүгінгі заманның атасымыз» (Ахмет Байтұрсынов) деп санайтын, болашақ алдында өз жауапкершілігін сезіне бастаған, өткен тарихын білуге ынта-жігері мол, бүгінде қаумалаған қалың тарихшы қауымы құрған шығармашылық ұжым делік. Сан алуан саз аспаптарының сыңғыrlаған сиқырлы өз дауысы, өз үні бола тұрса да, оркестрді басқарушы — дирижер ұстаған жінішке таяқшаның әрекетімен қалың жүрт алдында, салтанатты залды басына көтере, үйлесімді де өзара үндесті, құдіретті де күшті бір-ақ дауыс, бір ырғақ, бір тебіреніс қана үстем болып шарықтайды. Бұл құбылыс әрбір саз аспабының өз міндеті мен қызметтің жетік те дәл, шекіз шеберлікпен орындауына байланысты болса керек.

Міне, осы қаптаған қалың, әр алуан аспаптардың ішінде, әсіресе оркестр әлемінде ерекше қызмет атқаратын, көп скрипкалардың бірегейі — «бірінші скрипка» деп ерекше құрметпен аталатын аспап бар. Бұл — қазақ өмірінде болмаса да, Еуропа классикалық музыка дәстүрінде қалыптасқан классикалық үфым. Мен құрметті інім

Манашты республикамыздағы қаптаған (әр түрлі саз аспаптарына үқсайтын, яғни білімі де, біліктілігі де, мінез-құлқы да, тарихқа көзқарасы да әр алуан) қалың тарихшылардан құралған осындай академиялық оркестрдің бірінші скрипкашысына балағым келеді. Ол скрипка — ете курделі симфонияның рухын ерекше сезінетін, әрбір дыбыс пен үннің лебін дәл тауып, жүрек соғысы мен та-мырын тап басып, тани білетін сезімтал да сергек ойыншының қолындағы аса бағалы аспап деген сөз. Демек, «бірінші скрипкада ойнау» дегеннің мән-мағынасын сауатты жұрт дұрыс түсінеді ғой деп айтып отырмыз.

Фалымдар арасында «тарихты тарихшы емес, тарихты түсіндіруші жасайды» деген сөз бар еken. Оны айтып отырған себебім, «қазақтың өз тарихы, шынайы үлттық тарихы әлі жоқ» деп кесіп айтуда аузым бармаса да, «бар» деп, ауыз толтыра айтуда да келмейтін бүгінгі таңда жоқ тарихымызды жасау міндеттінен бұрын дүниемізді тарих етіп жүйеге келтіру, оның бас-аяғын айқындал, түсіндірудің өзі оңай мәселе емес. Сондықтан да болар, тарихшы Манаш Қабашұлының біраз жылдар бойы негізінен тарихтың салалы мәселелерімен («Отан соғысы тарихы» т. б.) шүғылданып келіп, егемендік қарсаңында «Қазақ энциклопедиясы» атты үлкен мектептен өтіп, келелі де курделі үлттық, азаматтық тарихқа тікелей араласып, бұл саланы игеріп, іргесін қалап, замана тұрғысынан жаңа бағытқа басын бұрып, жаңа үрдіспен дамуына жөн сілтеуінде оның алдынан арайлап тарихтың үш мәселесі бой көрсеткен сияқты. Оның біріншісі — жазылған тарихымыз болды, бірақ одан егеменді ел санатына қосылған қазақ халқының шынайы өз тарихын түгел, оның үш кезеңін — кешегісін, бүгінгісін және ертеңгісін толық айқындастын идеологиялық қысым араласпаған өз тарихын табу қындау болды. Екіншісі — бұрын-соңды жазылышп, шындықты сан саққа жүгіртіп келген қаптаған қалың тарихи, шежірелік деректерді сұрыптай келгенде тарихи дамудың өзіндік өзегін, басталуы мен аяқталу мерзімін айқындау да оңай болып отырған жоқ. Үшіншіден, азыз-әңгіме, шежіре, ауыз әдебиеті деректері болмаса, тарихи деректерге саналатын әр тілді жазба бұлақтардың тым тапшылығы, барларын іске қосудағы енжарлықта тарих шаруашылығына тән дүние. Қысқасы, біздің байқауымызша, мерейтой иегері Манаш ініміздің келелі тарихқа

белсene араласар кезеңі тарих туралы айтушы да, жазушы да көп, «өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, өз пікірін тықпалаушы, басқа пікірді түртпектеуші, ақылдастып шешер мәселені таласқа айналдырып, «қойшы көп болса, қой арам өледінің» керін келтіріп жатқан аласапыран сәтке деп келіп отырған сияқты. Манаш көтерген тарихты мен «жүгі ауыр тарих» деп атауымның себебі де, міне, осыған байланысты. Демек, дәл бүгінгі танда Манаштың бас скрипкашы болып, тарих сүйгіштер көшін, тарихшылар қауымын бастап, басқару, ең болмаса, шын тарихқа шеліркеп отырған қалың жұртшылықтың алғашқы талабына лайықты жауап беріп, төл тарихымыздың арғы-бергісін түсіндіріп, шөлін қандырмаса да, сусынын қандырудың өзі де орасан зор міндет.

Осы бір ауыр, ауыр болса да, абзал міндетті орындау барысында дәл бүгін өз орнын тауып, қалыптаса қоймаса да бағдар-бағытын дұрыстап келе жатқан, жаңа, жаңа болса да ескі, ескі болса да жаңа тарихымыздың іргетасын қалау қарбаласында ерлікке бергісіз еңбек етіп, ортадан озып, азаматтық танытып, ұлан-ғайыр абырайға, ел ризашылығына бөленіп отырған Манаштың өзі де осы тұста ағынан жарылып: «Тындырғанымнан әлі де тындыратын, іске асыратын ой-толғанысым көп» деп айтқан болар еді.

Мен білетін Манаш Қабашұлы — шынайы еңбек адамы, үйымдастырушылық қабілеті зор, қарымы мол, ойы терең, қос тілде қатар сөйлеп, қатар жаза алатын, тілі шешен, қаламы жүрдек зерттеуші. Оның, әсіресе, кейінгі он, он бес жыл ішінде атқарған еңбегі мен Шоқан атындағы қара шаңырақ — ғылым ордасын басқаруда таныта білген үйымдастыру қызметі жайында қаламдастары айта жатар.

Халқымыздың төл тарихын, барша болмысын білуге құмар жандардың бірі ретінде мен Манаш ініміздің өз халқының тарихын зерттеуге қосқан иғлікті еңбегін ерекше бағалап, оның бүгінгі мерейтойында (өзі айтатында): «Өзі ер, болашағы мол халқыңа аянбай қызмет ете беру үшін денсаулығың да мол болғай! Бұрқылдата бер, Мәке!» дегім келеді.

*Өмірзақ СҰЛТАНГАЗИН*

## **АСЫЛ АҒА, ӘРІПТЕС ДОС ТУРАЛЫ СӨЗ**

Қоғамның әр даму сатысында әрбір халық заман талабына сай өзінің ойшыл, терен білімді, ұлы адамдарын өмір сахнасына әкеледі. Өркениетті, өскен елдер үшін осы ұлы адамдардың ісін келесі үрпақтың дарынды өкілдері жалғастырып отыруы шарт. Бүгінгі таңда келелі істерімен қоғамға танымал, дарынды, ойшыл азаматтарымыз – сол бүрінғы ұлы адамдардың ізбасар інілері. Сейтіп, зиялжылар керуені мәңгілік қозғалыста жалғасып отырады. Сондай жалғастылықты әдебиет пен мәдениет саласында Абай мен Әуезов, ғылым саласында Шоқан мен Қаныш, тарих саласында Марғұлан және Қозыбаев араларынан аңғару қысын емес. Шоқан мен Мәкеңнің арасында да ортақ бір ұқсастық бар деп айту артық болмайды. Шоқан Ұәлиханов 1835 жылы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген (қазіргі Қостанай облысы). Шоқанның балалық шағы Тобыл өзені мен Құсмұрын көлін жалғастыратын Обаған өзенінің қалың тогайлары мен жазық жайларында өткен. Шоқан өзінің туып-өскен елінің сұлу табиғатынан үлкен ләzzат алған. Обаған, Құндызызды өзендерін жағалай қоныстанған Атығай, Керей, Уақ, Қылшак елдерінің небір майталман шешендері мен ақын-жырауларының аузынан қазақ эпостары мен халық поэзиясын жастайынан құмарта тындал, кейіннен солардың біразын жазып алғып, қағаз бетіне түсірген. Шоқанның балалық шағындағы осы айттылған факторлар оның болашақта үлкен ойшыл, этнограф-ғалым болып қалыптасуына өзінің үлкен әсерін тигізгені белгілі.

100 жылдан кейін осы Шоқанның балалық шағы өтіп, қалыптасқан Обаған өнірінде Манаш Қозыбаев дүниеге келді. Манаш пен Шоқанның туып-өсіп, балалық шақтары өткен табиғи

ортасы бір де, рухани тәрбие алған қоғамы үқсас. Соңдықтан да болар, осы екі зиялышың бойындағы табиғи қабілет-қасиеттерінің, жазған еңбектерінің терендігі мен көлемділігі, тарихи оқиғаларды зерттеу әдістерінің бір-біріне үқсастығы. Мүмкін көп жылдар бойы Мәкеңнің Шоқан есімімен аталған Қазақстан Үлттық ғылым академиясының Тарих және археология (кейіннен этнология) институтын басқаруы да кездейсоқ емес болар. Осы айтылған Обаған Өңіріне өзімнің қатысым болғанына және соңғы 20 жыл ішінде Мәкеңмен жақын достық қатынаста болып, қоян-қолтық араласып, Қазақстан ғылымының қара шаңырағында өтпелі кезенде қызметтес болуымды үлкен бақыт тұтамын. Мәкеңді неғұрлым жақын білген сайын, оның парасаттылығы мен адамгершілігіне сүйінішім күннен-күнге арта тұсуде.

Оның бойындағы күш-қуат, ой терендігі, өзінің жеке басына қоятын қатаң талап, еңбекқорлық, жолдастары мен жақын адамдарына қалтқысыз берілу — әлбette, бір адамның бойынан табыла бермейтін қасиеттер. Мәкең өзінің қоғам, үлт алдындағы парызы мен міндеттін ойынан бір минут та шығарып көрген емес. Қоғамда болып жатқан кейбір жайсыз жайлар, тарих бетіндегі кезінде кеткен асыра сілтеулер мен айтылмай қалған деректер оның жаңына қатты батып, құйзелтетінін мен әсіресе Қазақстан ғылым академиясын басқарып жүргенде аңғаратын едім. Сол бір уақыттағы жаңағы айтылған жауапкершіліктен туған Мәкеңнің үлкен еңбектерінің бірі — оның Ермакқа және Орыс казактарына байланысты деректерді ғылыми түрғыдан талдап, тарихи шындықты қалпына келтіруі. Бұл соңғы жылдарда тарих ғылымына қосылған тенденсі жоқ үлкен үлес еді. Мәкеңнің тарихымыздың актаңдақ беттерін толықтыру және оны келесі үрпақça жеткізудегі еңбектері мен іс-әрекеттері де ұшан-теңіз. Оған тарихшыларымыз өз бағасын бере жатар.

Менің әрілтес досым, асыл ағам өзінің 70 жылдық торқалы тойын үлкен бір рухани өрлеу үстінде қарсы алып, халқының сый-сияптына бөлөніп отыр. Ондай бақыт екінің біріне буйыра бермейді. Дегенмен де, қазақтың зиялыш азаматтарының бәрі осы академик Манаш Қозыбаевтай ел алдындағы ұлы мақсаттарды жете түсініп, сол мақсатқа жетуге атсалысса, қазақ елін болашақта үлкен жетістіктер күтептін айқын.

*Әбіш КЕКІЛБАЕВ*

## **БҮГІН МЕН ЕРТЕҢГЕ БІРДЕЙ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ҒҰЛАМА**

Бірде жұмыстан қайтып келе жатып, Алматыда Үкімет үйі қасындағы гүлзарда серуендереп жүрген ақын Ғафу Қайырбековке жолығып қалдым. Қасында толықша денелі, қою қара шашты, аққұба өнді, қыр мұрынды, қалың қабақ, томпақ бет жігіт ағасы бол қалған кісі біздерге қуле карап тұр екен. Қол алысып амандастық. «Бұл — Манаш Қозыбаев деген ағаң. Бірің — тарихты көп қопаратын жазушысың. Бірің — нағыз тарихшы ғалымсың. Осылай көрісіп-білісіп жүрмейсіндер ме, түге!», — деп әзілдеді Ғафекең.

Ақынның аузына Құдай салып тұрса керек. Көп үзамай Республика Жоғарғы Кеңесінің кезекті сайлауы бітті де, Мәкең екеуіміз жаңа сайланған депутаттар санатына бірге іліктік. Әуелде кеңестік қоғам ауқымында жүргізіліп жатқан реформаларды одан әрі тереңдетеміз деп жиылған заң шығарушылар бірте-бірте тек бұрынғы қоғамды ғана емес, күллі мемлекетті түбірімен өзгертуеліктын процесстерге килікті. Оған біреулер апшыды, біреулер абыржыды, біреулер әліптің артын бақты. Біреулер бәрібір түбебейлі шешімдер жасауға тұра келетінін түсіне бастады. Күн өткен сайын пікірлер алуанданып, мұddeлелер жіктеліп, қоғамдық күштер әрүдайылана түсті. Төмennен де, жоғарыдан да, қос қапталдан күтпеген дүмпулерге үздіксіз ұшырай бастаған үйреншікті үрдіске ешкімнің көңілі бітпеді. Оған қаңқа болып келген саяси жүйе тапа-тал түсте дауыл соқпай, жау жаппай,

шаңырағы ортасына түсіп, ойсырай күйреді. Сол кездегі естияр үрпақта тарихи таңдау жасауға тұра келді. Ол үрпақ жиырмасыншы ғасырдың басындағы саяси дүрбелендерден кейін, болары болып, бояуы сіңіп қойған қоғамда туып-өсіп, ер жеткендер еді. Бесіктен белі шықпай тұрып жүйелі түрде қалыптастырылып қалған әмбеге ортақ қоғамдық сана-мен табан астында қоштаса салу оңайға түспеді. Бір кездегі қытайлар да «қарғыстың ең жаманы — өтпелі кезенде өмір сүр» деген деп осындайдан шығарып айтқан шығар.

Бізге өз таңдауымызды жасау оңай болған жоқ. Біреулер: «Бұның арты қайтып кетер екен?» — деп құмілжіді. Біреулер: «Қай қасаптың тұсында да өткір пышақ керек!» — деп, қос алақандарына бірдей түкіріп, әлекедей жаланып, әдеттегі шолақ белсенділікке басты. Ал енді біреулер: «Көп үлтты алып мемлекеттің басына күн туып тұрған кезде әркімнің жеке басының емес, ең алдымен, елінің тағдыры шешіледі. Мандайымызға сондай заман бұйырып тұрса, ұлттымыздың үпайын түгендер қалайық!» — деп, тәуекелге бел байлады. Манаш Қозыбаев сол топтың жуан ортасында емес, маңдай алдында жүрді. Егемендік мәлімдемесін, Тәуелсіздік, Азаматтық туралы заңдарды әзірлеуге белсене атсалысты. «Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Заңының» жобасын әзірлеген жұмыс тобын басқарды. Тұңғыш Ата Заңымыздың жобасын әзірлейтін Президент басқаратын беделді комиссияның мүшесі болды. Бұның бәрі мансап емес еді. Біреу ұқса, біреу ұқпайтын, біреу ұнатса да, біреу ұнатпайтын бүндай шаруалардың соңында жұру ол кезде көп жүртқа сау басынды қарадай саудаға салу сияқты болып көрінетін. Ауытқыма уақыт пен әрүдай қауым жағдайында жанынды шүберекке түйіп, басың мен арынды бәске тігіп, жұмылатын жанкешті жұмыс еді. Бұғінгілердің ғана емес, ертеңгілердің алдындағы асқаралы жауапкершілік еді. Ол кездегі жүртшылық ол жұмыстың тек дауысқа қойылатын соңғы сәттеріне ғана куә болды. Ал ең шытырман, ең күрделі, ең өткір кезендері жұмыс барысындағы талқылауларға тап

келетін. Аталмыш құжаттардың әлгіндегі біреу біліп, біреу білмейтін азапты өткелдерден аман өтуіне жан-тәнімен аянбай еңбек ете білгендердің бірі Мәкең еді.

Манаш Қабашұлының терең білімі, қос тілге бірдей жүйрік шешендігі, жауды көбейтпей, дауды өршітпей, елге керек мәселені бейбіт түрде шешуді қалайтын мәмлекерлігі сол жылдары бар болмысымен жарқырай көрінді.

Біліммен қоса білік деген, азаматтықпен қоса кісілік деген де ұғымдар бар. Халық соңғы екеуін алдыңғы екеуінен кем қадірлемейді. Өз басында күйттегенде қайсысына жүгіну өз еркін, ал ел мұддесін күйттегенде төртеуіне бірдей жүгіну шарт. Манаш Қозыбаев — осыны терең түсініп, қапысыз меңгергендіктен де саясатқа келген ғалым. Әйтпесе, кеудемсоқ білім мен беттен тырнап, жағаға жармасқыш әлеуметтік аусарлық қай заманда да халықтың сорын көбейтпесе, бағын асырған емес. Бұны тарихшы білмегенде, кім біледі?! Содан да ма екен, Мәкең шаңырақ артқан сары атандай орнықты мінезі мен тұrlаулы бағытынан мен көріп, мен білгелі бір сәт ауытқыған емес.

Ал біздерді тағдыр бір арбаға жеккелі он жылдан астам уақыт болыпты. Ол екі ортада елдің де, ердің де басына сын болған талай оқиғалар өтті.

Тіпті егемендігімізді жарияладап, тәуелсіздігімізді алғаннан ел басына талай қындық, ер басына талай сын түсті. Жағдай бірден түзеле қоймады. Жылдар, тіпті ғасырлар бойы кетіп келе жатқан ұпай бірден түгенделе салмады. Кейде тіпті бұрынғымызға да зар болып қалған тұстарымыз болды. Әсіресе, ғылым мен мәдениетте. Сондай кем-кетігімізді сөз еткен бір талқылауда жұмысшы депутаттың: «Ау, зиялышайындар, тіпті өз бастарыңа келетін пайда-зиянды білмей тұрып, жүрттың басын неге босқа қатырдыңдар?» — деп салғаны бар. Иә, тек өз басына келер пайда-зиянды есептеген кісіге тәуелсіздік пен егемендіктің еш қажеті болмай қалуы да мүмкін. Оған тәуелсіз мемлекет орнатудың мыңнан бір шаруасын бастамай жатып, билік пен байлық бөлісуге білек

сыбана кірісіп кеткен әлеуметтік алауыздық көзімізді әбден жеткізіп отыр. Басқаны қанағат етпегендей, балабақшаға дейін ауыз салып, талапайлап бөліп алуға асыққандарды елдің қамын, ертеңің қамын ойлады деп айта алмайтының рас. Олардың мұндай түйені түгімен, арбаны жүгімен асап салған ашқарақтығы жаңа саяси үрдіске, сол негізде қалыптасып келе жатқан тәуелсіз мемлекеттілікке сенімді азайтпаса көбейткен жоқ. Шамадан тыс асқынып кеткен экономикалық ашқарақтық әлеуметтік бейпілдіктің аузына оқай сөз салып берді. Олар билікті сынағанды місе түтпай, тіпті тәуелсіздікке тіл тигізуден де тайынбады. Тәуелсіздігіміз бен төл мемлекетіміздің жолында қал-қадерінше қызмет етуге тырысқандар неше қылыш құстаналанып бақты.

Мұндай жағдайда «жауға шапқанда бар едік, олжа бөліскенде жоқ болдық» деп, пендешілік өкпе-бопсалардың тасасына барып тығылуға да немесе «өзіме бүйірмайтын қарта қоқысымен бірге қайнасын» деп енжарлық танытуға да, пәлесінен аулақ деп басты ала қашуға да болар еді. Ондай жағдайда әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған тәуелсіздік өз мақсаттарына жету жолында нeden де тайынбайтын баққұмарлар мен байлық құмарлардың талапайына түсіп кетпей ме? Сөйтіп сыртқы көз алартушылық пен ішкі ашқарақтықтың өуелі қолжаулығына, артынан құрбандығына айналып кетпей ме?! Өйтіп ақырына дейін табандылығымыз жетпейтін болса, әуелде тәуекелге несіне бел будық?

Осыны ойлап, әлі күнге түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз болып құбылуын қоймаған екіудай әлеуметтік ахуал жағдайында ақырына дейін төзіп бағуға, ұстанған бағытынан ақырына дейін айнымауға, өз мемлекетіне ақырына дейін болысып бағуға тағаты жетіп келе жатқан табанды қайраткерлеріміздің бірі де Манаш аға екені даусыз. Оған да кемел білікті, кең парасатты тарихшылығы себепкер болған шығар. Өтпелі кезеңде откінші қыындықтардың ауанына беріліп, жүдеген иін мен ашыққан құрсақтың айтқанына құлақ асып, сабырдан аттаған әлеуметтің өзін ғана емес,

артындағы әuletін де пұшаймандыққа ұшырататыны көрмей-білмей жүрген жайт емес. Ал ертеңге деген сенімнен айырылмай, сабырын шашпай, ынтымақ пен ыждаһатқа жүгініп, жасампаздыққа жаппай бой үрған қауым ғана өз ұпайын түгендемей тынбайтыны тағы белгілі. Ол үшін үлттық өткенін, бүгінін, ертеңін жан-жақты пайымдал, өзәрекеттінежарастықты мағына дарыта алатындаи тарихи зердесін шындал, жаңа тарихи санасын қалыптастырмак мұрат. Сондықтан да Манаш Қозыбаев қоғамдық еселеімізге өз ықпалдарын тигізе алған жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, үлттық тарих, үрпақтар сабактастығы, мәдениетті қолдау жылдарын өткізуге білек сыбана атсалысты. Мемлекетіміздің ішкі, сыртқы саясатының тереңдей, пәрмендене түсуіне қолғабыс тигізуден еш тартынып көрген емес. Оның мұндай азаматтық тұрлаулылығы ғылыми кемелдігінен өрбіп жатқаны күмәнсіз. Ол үлттық тарих ғылымының бас-аяғын жинап, бағытын айқындал, қайта жаңғырып жатқан мемлекетіміз бен қайта жасарып жатқан халқымызға мейлінше колғабыс жасауға күш-жігерін түгел сарп етіп келеді. Бұндай өткен мен ертеңге бірдей кызмет еткен ғұлама ғалым, көрнекті саяси қайраткер, елжанды азамат біздердің ғана емес, келешек үрпақтың да терең құрметіне әбден лайық.

*Академик Манаш Қозыбаев. Алматы, 2001. 38-41 бб.*

**Аманжол ҚОШАНОВ**

## **ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН**

Академик М.Қозыбаевтың ғылымдағы орны, сан салалы қоғамдық қызметі өзі дүниеден өткелі даралана түсүде. Мәкеңнің ғасыр тоғысындағы еліміз, халқымыз үшін танымды еңбегі оның шығармашылығының дәүірлеу кезеңі болды. Бұл — ақиқат. Жарты ғасырға жуық ғылымдағы өмірінің соңғы 15–20 жылды халқына тікелей қызмет етіп, сан қырлы қабілет-таланттың қазақ халқының шынайы тарихын қалпына келтіруге аяnbай еңбек етүмен өтті. Қазақ халқының көне дәүірден бүгінге дейінгі тарихын зерттеушілерді бастап, шын мәнінде, Қазақстанның жаңа тарихын өркениет қалыбына келтіруге аяnbай ат салысты. Бұл зерттеушінің пешенесіне жаңа дәүір сыйлаған, тағдыры дарытқан бақыт еді.

Осы жағдайды ғасырлар бойы армандаған елдің егемендігі туындаатты. Тарихи аренада шығып, өздерінің міндетмиссиясын орындауға дайын екенін талай зиялды қауым өкілдері, қоғам, мемлекет қайраткерлері таныта білді. Солардың алдыңғы шебінде бірегей, жарқын жүлдышдар санатында Мәкең болуының өзі де тарихи заңдылық еді дегіміз келеді. Ол кісінің бүған дейінгі арпалыс, толғанысқа толы өмір тәжірибесі, халқына қызмет етсем деген биік арманы, осы халықтың тарих жолындағы күреспен өткен ауыр тағдырын ғылыми, азamatтық елегінен өткізуі – осының бәрі біздіңше, Мәкеңді тарих ғылымындағы үлкен күрес жолына еріксіз әкелді.

Мәкең өткен ғасырдағы ұлы демократтар — Әлихан, Ахмет, Міржакып енбектеріне көп үнілетін, жіңі қолданатын, оларды қайтсек егемен халық боламыз, оның келешек тағдышы қандай жағдайда, қай жолмен өрбіп, өркениетті елдер санатына қалай қосыламыз деген сұрақтар толғандыратын. Әсіресе, халық өміріндегі жер тағдышы, бірлік, кәсіпкерлік жөніндегі пікірлерін Мәкең қазіргі өмір талабына сәйкес әрдайым алға тартатын.

Мәкең кең ауқымды, ғылыми көзқарасы, білімі жан-жақты, әрдайым, әр жағдайда жаңашылдыққа үмтүліс жасаған, сирек кездесетін интеллектуалдар қатарында болды десек қателесспеспіз. Орталық басылымның бірінде 2001 жылды ауқымды мақаласы жарық қөрді. Ол тарих ғылымындағы бүгінгі таңдағы көкейтесті, шешуді қажет ететін мәселелер жөнінде еді. Тарихшы мамандардың есінде болар – көтерілген проблемалар жалпы ТМД елдері тағдышына ортақ болатын. Батыл да дәлелді түрде тоталитарлық жүйеде қалыптасқан жалған көзқарастардан әлі арыла алмай келе жатқанымыз, Ұлы Отан соғысы тарихында стратегиялық басқарудағы, үлттық жауынгерлер қосындарының әлі толық ашылмай келе жатқан беттері, социализмнің ұлы идеяларын жаппай қаралаудан арылып, шын мәнінде, одақтас республикалар: «кеше кім едік, бүгінгі әлеуметтік, экономикалық жетістігіміз неде» деген сұраққа бүкпесіз, шынайы жауап іздеуіміз керек екенін, жалпы Қазақстан тарихшыларының жаңа дәүірдегі міндеттері жөнінде баса айтылып еді. Бұл көзқарастар келешек ғылыми жоспар-бағдарламаларға ұласып жатқандай еді.

Академик Қозыбаевтың ғылымдағы айтулы жетістіктері Қазақстан тарихындағы егемендікке құлаш үрған соны кезеңге сай келіп, оған үндес — рефрен іспепті әсер қалдыруышы еді. Бұл жайт жалпы тарихшыларымызға тағдыр тарту еткен, қазақ халқының арман-талабына сай үлкен құбылышы еді. Мәкең университеттік жүйелі білім алып, азаматтық санасының қалыптасу жылдары Отан тарихын тоталитарлық идеология бағындырып, зорлықпен бұрмалаушылық кезеңін көзімен көріп, қолымен ұстағандай еді. Бұл көзі ашиқ, көкірегі

халқына тендік аңсаған азamatқа тарихи сын, шындалу кезеңі еді десе де болғандай. Мәкеңнің ғылымдағы жолы университет қабырғасынан басталып, Отан соғысы, партия тарихының іс-әрекетіне терең бойлап, сан қырына үңіліп, оның талай құпияларын ашуға мүмкіндік берді. Осыған байланысты оны қатаң жүйе шындық іздедің деп соққыға да жықты. Бірақ Мәкең көзқарастары одан шындала түскендей еді. Оның ғылымдағы өмір жолы Қазақ энциклопедиясы басшылығында, Академияның Тарих және этнология институтын басқарған жылдары еліміздің рухани жаңғыруына байланысты сәйкес келіп, зерттеушілік таланты барынша ашылып, тарих ғылымының жаңа дәүірдегі сардары дәрежесіне дейін көтерілді.

Мәкең қабілеті ерте танылды. Бір сыр бөліскең әңгімесінде университет қабырғасына орыс тілін шала біліп, бірақ шағын уақытта менгеріп кеткенін айтатын. Екінші курста тарих пәнінің доценті (шамасы, жер аударылғандардың бірі болса керек) реферат жазуға тапсырма беріп, Мәкеңе «Ағайынды Гракхтардың реформалары» деген тақырып тиіпті. Реферат жоғары бағаланып, ұстаз: «Бұл рефератты студенттерге оқу құралы ретінде ұсынуға болар еді» дегені жадында сақталыпты. Осының өзі талапты студенттің саралау қабілетінің деңгейін танытқандай еді.

Жас ғалым Манаш Қозыбаевты мінбеден мен алғаш рет 1965 жылды Қазақстан ғылым академиясының үлкен за-лында тыңдадым. Бұл ұлы жеңістің 20 жылдығына арналған үкіметтік дәрежедегі конференция еді. Зиялыштар назарында Баукеңнің (Момышұлының) өзіндік тұлғасы мен баяндамасы болды. Мәкең арындаған, бұлқынған жігер иесі, қалыптасқан ғалым ретінде танылды бізге. Әлі есімде, баяндамасын: «Дорогие соотечественники ...» деп бастады. Бұл қаһарлы соғыс кезіндегі үндеу, жарлықтардың қалыпты әсері әлі жадымыздан кете қоймаған кезі еді. Республикамыздың соғыс арсеналы ретіндегі рөлін ғылыми дәлелдеп, тыңдарман назарын баурады.

Жалпы Мәкеңнің шешендігі ерекше болатын, оның баяндамалары соны пікірлер, тұжырымдарға негізделіп, әдеби, көсемсөздік формасы ерекше өз алдыңа әсер ететін. Оның сыры Мәкеңнің тағы бір таланттың кыры Академия қабырғасында талай үлкен ұлағатты жиындарда толығынан танылды десек қателеспеген болармыз. Ол — халқымыздың ұстамды, пайымды, керек жерінде батыл да ашық турде паш етілетін шешендік өнері еді. Қазақ тіліндегі еліміздің көрнекті ғалым, мемлекет, қоғам қайраткерлеріне арналған баяндамаларының толғанысқа толы, сыршыл беттері ақ өлең түрінде төгілетін. Кейбір азаматтардың реті келгенде Мәкеңе еліктейтіндері байқалып жүрді. «Ойымды Мәкеңше жеткізгім келеді» деушілер де болды. Бұл сегіз қырлы талант иесінің төңірегіндегілерге тікелей әсері болатын. Академияның үлкен залындағы жиналыста академик Марғұлантуралы толғанысы, Республика сарайындағы көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Мақтай Сағдиев, халқымыздың ұлы демократтары тура-лы баяндамалары осындай терең де сыршыл ойымен жүрт назарын аударғаны белгілі. Осы бағытта Мәкең «ұлтжандылық», «азамат», «тұлға», «қайраткер», «отаншылдық», «отанға қызымет ету», т.б. ұғым-категориялардың тарихи негізі мен жаңа дәуірде өзгеріп отыратын заңдылықтарын ашуға мән беретін. Бұл жағынан тарихи құбылыстың фәлсәфалық негізіне үңілу — ойшыл ғалымдарға тән қасиет екені белгілі.

Академик Қозыбаев жоспарлы зерттеулерді былай қойғанда, жеке бір проблемалармен айналысқанның өзінде тың көзқарас, соны пікір айтып, осы төңіректе бөлінген қысқа мерзім ішінде жан-жақты көп ізденетін. Кезінде үлттық тарих жылына байланысты Әбілқайыр хан тұлғасына көп үңілді. Қазақстанның Ресейге «өз еркімен» қосылуына байланысты еліміздің батыс өңірі Ресей мен Иран, Түркмен қыспағында қалып, егемендігімізге үлкен қауіп тәнгенін, Ресей елшісі Тевкелевтің айлалы, екіжүзді саясаты жөнінен маған бөлісіп сыр шерткені есімде. Осы оқиғалар әлі де кешенді, терең жан-жақты зерттеуді қажет ететінін айтушы еді. «Әбілқайырдың

жеке тұлғасына кейде жасанды айып тағудың орнына, оның айтулы мемлекет қайраткері болғандығы әлі де кемшіл зерттегінде деген-ді. Осы секілді Мұхаммед Хайдар Дулати, Жалаңтөс баһадүр туралы баяндамалары, пікір-тұжырымдары кезінде ерекше назар аударған. Әсіресе академик Қозыбаевты Абылай хан тұлғасы толғандыратын. «Біздің тарихымызға халықаралық деңгейдегі, Қытай, Ресей, Орта Азия көлемінде қазақ еліне байланысты сыртқы саясатта тікелей араласып, ықпал етіп, көзге түскен қайраткерлер қажет-ақ» деп отыратын. «Бұлар тарихымыздың қадау-тіреуіштері іспетті, бізді жалпы өркениет үрдісіне апарып қосатын бағаналар деуге болады», — деуші еді. «Әттең, тарихи деректер жетіспейді, әйтпесе сонау Жошы мен Батуды да қарастырып көруге болалар еді» дегені есімде. Мәкенді Кенесары хан мен ірі мемлекет қайраткері Жұмабай Шаяхметовтың тағдыры көбінекөп толғандырып, олардың мүшел тойларына байланысты тыңнан, соны пікірлер ұсынуға дайындалу үстінде жүрген болатын. Тағдыр оған жеткізбей кетті.

Мәкенді бүкіл халық ризалығына бөлеген еңбегі атақты қанішер, нағыз конкистадор Ермактың жауыздығын ғылым тұрғысынан негізделп, әшкереleуі болды. Орыс тарихшылары, Скринников бастаған шовинистік топ Ермакты үлттық жиһангер тұғырына көтеріп, империялық тұрғыдан мадақтаумен болды. Мәкең бүкіл Ресей тарихшыларына керегар, соны пікірмен қарсы тұрды, ғасырлар бойы армандаған халықтың мүддесін ғылым жүзінде батыл паш етті. Соңынан академик М.Қ.Қозыбаевқа Мемлекеттік сыйлық беру шешімі қабылданғанда, комиссия мүшелері «халқымыздың мүддесінде араша түскен тарихшы-ғалым» деген пікірге сайды. Әрине бұл тұжырымда Мәкеннің «ақтаңдақтарды» ашудағы, тағы да сан алуан ғылымға қосқан жаңалықтары ескеріліп еді. 1993 жылы Павлодар облысына ғылым күндерін өткізуғе барғанымызда Ақсу ауданының әкімі Қуат Есімханов Мәкең екеуімізді қонаққа шақырып, қаланың бұрынғы «Ермак» атын «Ақсуға» ауыстырып, орталық алаңдағы Ермактың мүсінін

бір түнде ысырып таstatқанын айтып: «Мәке, бұл тарихи шындықтың орнына келуіне сіздің енбегіңіз халық тілегіне сай келді, қазағымыздың іште ғасырлар бойы құса, шемен болып жатқан ұтылыс кегі шешімін тауып, рухани деміміз ашылғандай болды» дегені бар.

Мәкен кабинетке ғана байланған ғалым емес еді, қызмет талабы мен облыстарға, тарихи ошақтарға жиі шығатын. 90-жылдардың аяғында, Кенесары ханның мүрдесін ізделеп Қырғызстанда, Қордай асуында болғаны мәлім. Атақты Аңырақай шайқасының болған жерін төңіректеп, Балқаш көлінің шығысы мен Алакөл, Жоңғар қақпасына дейін барып, жергілікті жер-су аттарына, топонимдерге үçіліп, белгі-стелла орнататын жерді анықтап қайтқаны бар. Келгеннен кейін Әбілқайыр, Абылай, Ағыбай қосындары, қалмақ қолдары жердің стратегиялық шайқасқа лайық ойпат-қыраттарын еске ала отырып, ұрыстың панорамасын көз алдына елестеткендегі суреттегені бар. Шамасы, осылай пайымдауына Ұлы Отан соғысына байланысты зерттеулерінің де әсері болды ау деймін. Соңғы кездегі бір әңгімемізде «Мәскеудің әскери-тарихи мұражайымен байланысым бар еді, қаражат болса Кенесарының бас сүйегін тауып бергілері бар, осыны бір жүзеге асырсам» деп еді. Оған жете алмай кетті.

Мәкенді Академия тағдыры терең толғандыратын, өтпелі кезең қыспағына түсіп құлдырағаның республиканың бүгінгі болмысы мен келешегіне балта шабумен тең деп есептейтін. Ғылымсыз халық – тұл, мәселені дереу шешу қажеттігін қай трибуунадан болмасын батыл да баса айтатын. Соңғы жылы Академия жұмысын қайта құру жөнінен үкімет салааралық комиссия құрып, оның жұмысына бірге қатысып жүрдік. Талқылау үстінде талай ауытқулар болды. Соңғы бір отырыста: «Егер іс насырға шауып, мәселе дұрыс шешімін таппаған жағдайда, Сәтбаев академиясын қоғамдық негізде қайтадан құруға дейін баруға тұра келер, біз Академияның құрамынан шығуға дейін барамыз» дегенді ашынған, батыл түрде айтып еді. Заман, пікір түзеліп, ғылым академиясының

жаңғырғанын, ғылымның күш алғанын көзімен көріп кетсе, академик Қозыбаев өзін бақыттымын деп санар еді-ау деген ой көніліме орала береді.

Мәкеңмен бірге көп жылдар тығыз аралас, пікірлес, қызмет бабында бірге болдық. Академиктің мүшел тойы Алматыда, туған елі Қостанайда өтті. Сол тойларды басқарысынп, баянда-малар жасауға тұра келді. Осының бәріне көнілімде разылық сезім үялайды. Еңбегін халқы, елі бағалаған үлкен ғалымның, айтулы азаматтың мерейтойы да өз дәрежесінде өтіп жатты.

Мәкеңнің жеке басының азаматтық өресі, іскерлік қасиеті, кісіге көмекке, жақсылық жасауға әрқашан дайын тұратындығы бөлек бір құбылыс. 1989 жылдың маусым айында екеуіміз де Академияның сайлауында академик атағын алу үшін үлкен додаға түсіп, ойдағыдай сайландық. Бірақ басқа мамандықтар бойынша, әсіресе мүше-корреспондент атақтарына үлкен талас болды. Сайлау түнгі сағат 3-ке дейін созылды. Тарихшыларға берілген бір орын үшінші турға түсетін болды. Осы бір қысылтаяң жағдайда Мәкең: «Берілген орын өлеійін деп тұр. Кеңестен лайық ешкім жоқ (Нүрпейісов Кеңесті айтады), берейік дауысымызды» деп жар салды. Ақырында — Кеңес мүше-корреспондент болып сайланды. Ол кісі үнемі жұмыс үстінде болатын. «Нағыз ғалымдардың қол жеткен табыстарының 99 пайызы еңбекке, 1 пайызы талантқа саяды» деген қағида Мәкең шығармашылығымен дәлелденеді десек, қате айтпаған болармыз.

Мәкең уәдешіл, дос-жаранға қайырымды болатын, қазақша жұмсақ әзілді көнілдене қабылдайтын. Қызмет бабымен, басқа жағдайда: «Осындай ұсыныс бар, қалай қарайсыз» дегенде, көбіне-көп: «Жарайды» деп, өзіне тиісті жағын толығымен орындайтын.

Академик М.Қ. Қозыбаев, біздің Мәкең, ғылымдағы үлкен ұлағатты жолымен, жеке азаматтық даралығымен әрдайым біздің жадымызда.

*Кеңжегали САҒАДИЕВ*

## **ТӘЛІМІ МОЛ ӘМІР ЖОЛЫ ЖАЛҒАСА БЕРСІН!**

Мен академик Манаш Қабашұлын ертеден білемін, алыстан да, жақыннан да ағамызыға қарап, ой түзеп, бой түзегеніміз рас. Пенде ретінде Мәкеңнің кемшіліктері жоқ деуге болмайды. Өйткені бәрімізде екі аяқты, жұмыр басты пендеміз. Алдағы мерейтой кезінде ойымызыға түсті деген имандай сырымызбен жанашыр қауым алдында бөліскеніміз орынды сияқты.

### **1. Мерейтой туралы бір-екі сөз**

Біз бұл күні түрлі мерейтойларды тойлаудамыз. Құдайға шүкір, жастың қайсысын болса да елемей жатқан жоқпыз.

Бірақ, ағайын, сол — мерейтойдың да мерейтойы бар.

Ең алдымен мерейтой деген не?

Адам ең алдымен ананың құрсағында жатып, пендениң жаратылу мерзімін — 9 ай 9 күнді «жас» деп санаған. Қазақ 13 жасты мүшел деп таниды.

Ата-бабамыздың пендеге арнаған мерейтой жасы 13, 25, 37, 49, 61, 73, 85, 97, ал пайғамбар жасынан — 61-ден кейінгі жасаған мүшел жасқа бір жыл қосып, 97-ге келген қарияға 100 жас деп есептеген.

Ендеше мерейтой жасы деген — тәнірдің берген сыйы; пендениң мүшел жастағы еңбегінің жемісі, сәні, салтанаты, күйі; әр адамның қадірі мен қасиетіне, отбасына, қоғамға сінірғен еңбегіне сай сол адамға деген ортаның көніл жыры; біздің әрқайсымыздың белгілі бір межеде артымызыға қарай,

шүкіршілік айтып, тәубемізге келіп, алдымызға қарап, болашақты шолып, қалған өміріздің берерін жақсылыққа жорып, бірде шауып, бірде желіп, баратын жайды бағдарлау болса керек.

Менің түсінігімде мерейтой — тек мерейтой иесіне керек дүние емес. Егер той иесі өзі қоғам алдында, арының алдында есеп беріп жатса, қалғанымыз сол той иесінің өмірінен тағлым аламыз. Біздер де ойланамыз, толғанамыз, тебіренеміз. «Өмір» деген жалын сондаға маздай жанады, ілгері жылжып барады, әркім одан өзінің лайықты орнын табады. Ендеше, біз Мәкең ағаның мүшел жасқа келген тойының талғамына бір сәт үңіліп қарағанымыз абзал!

## 2. Ұлылардың ізбасары

Менің алдында академик Манаш Қозыбаевтың 1994 жылы 6 қазан күні бір парақ қағазға жазған бір-екі ауыз өлеңі жатыр. Онда елге беймәлім академик-ақын былай депті:

*Жауға шаптым ту байлап,  
Жорықта жазып жарамды.  
Келемін сермен семсердей,  
Ұшқыр өткір қalamды.  
Жауға келем дес бермей,  
Қызығыштай қорғап анамды.  
Күндері бір күндерде  
Айналайын Отаным,  
Есінег ал Манаш балаңды!*

Осы бір өлеңдер шумағы Мәкеңнің көңіл-күйін, жүрек жарды сырын, астарлы мұңын ғана білдірмейді, сонымен бірге өмірлік мақсатын да танытады. Ол жеке бастың қамын емес, Отанды, тәуелсіз елді руханият майданында қорғауды өмірінің өзегі еткенін көрсетеді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ұлт намысын қорғап, Ақтамберді бабасында ту ұстап, жауға шабады!

Әлем тарихы — табиғат тарихы, адами қоғам тарихы. Енде-ше, тарих барша ғылымдардың атасы, одан сан сала бөлініп, бөлшектеніп енші алған. Сол ата ғылымның туын ұстаған, бұл күні ата жұртында қалған Мәкен академиялық ғылымның сардарларының бірі, бірі болса да бірегейі. Өткен күндегі дана Қаныш жасақтаған ұлы шоғырдың жалғасы іспетті Мәкен, дана лар құрған Академия шаңырағын жаңымен, арымен корғай жүріп, Қаныш Сәтбаевты өркениеттік деңгейде жырлай, оның мұрасын түгендей, Сәтбаевнамаға өзінің қомақты үлесін қосып жүр.

Ұлы ағалардың ізбасары деп осыны айтса керек. Бұл арада мәселенің басы ашық: баршамыз да Қ. Сәтбаевтың ізбасарымыз, ал сол есімге лайықты, сол есімнің рухына сай еңбек ету биік тұғыр. Оған екінің бірі шыға алмасы даусыз, ағайын!

### 3. Қазақтанудың жұлдызды сәті

Сан ғасыр қазақтану — ресейтанудың бөлігі болып келді. Мырза Мұхамед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Шоқан Уәлиханов, Ә. Диваев, С. Асфендияров, Ә. Марғұлан, А. Нұсіпбеков, Е. Бекмаханов т.б. тарихшылар әuletінің көшін бастаған ғалымдар, орыс шығыстанушылары қазақ халқының тарихын бір ізге түсірді.

Алайда, ұлт тарихы кешегі тәуелсіздікке дейін орыс империясының, одан қалды жеке басқа табыну идеологиясының қанды шенгелінен шыға алмады.

Казақтанудың жұлдызды сәті — тәуелсіздік заманасы. Елбасы Н. Ә. Назарбаев тәуелсіздікті тарихи негіздеу керектігін жаңымен де, тәнімен де түсінді, тарихшылар әuletіне өзі болып көш бастады, мүмкіндік туғызды. Ұлттық тарихи сана тәрбиесін негіздеу күн тәртібіне қойылды.

Біз отаршылдық тепкісін көрген халықпаз. Осы тұста тарихшылардың бір бөлігі ашынған халықтың намысын жыртты. Абай дананың прогрестің үш қайнар бұлағы санаған орысбатыс мәдениеті, шығыс мәдениеті, төл қазақ мәдениетінен нәр алудың орнына олар рухани дамудың тек ұлттық негізіне ғана сүйенуді қалады. Таза «Қазақ» боламыз деп ұлт атына

«шылықты» қосып былықты. Енді біреулері тәуелсіздік берген еркіндіктен есі кетіп, қазақ халқының тарихын қиянға шығаруға ұмтылды. Елбасының «солшылдықтан», «оңшылдықтан», «рушылықтан», «жүзшілдіктен» аман болуға айтқан аманаты тарихи объективтік, диалектикалық принциптеріне сай келетінін академик М. Қозыбаев басшылыққа алып, Отан тарихын зерделеудің парасатты жолын ұсынды. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Мемлекеттік саясат комиссиясы академик Манаш Қабашұлының басшылығымен жасалған тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасын қабылдады. Ең алдымен ғалым тарихта орын алып келген қанды ақтаңдақтар беттерін жоюды алға тартты.

Академик ағамыз «менің қалап алған проблемам – Ұлы Отан соғысының тарихы» деп қол қусырып отырмады. Өзі ең алдымен ту алып, баскесер қарақшы Ермакқа қарсы соғыс ашты. Ол кезде әлі Кеңес өкіметі бар болатын. Жекпе-жекке шықсан қазақтың Манаши отаршылдық туын тіккен Ермакты құлатты, Ақсу қаласының тарихи аты ұлт тарихына оралды. Ертіс өнірінің ұлттық негізде түлеуі басталды.

Кеңес заманасы дәуірлеп түрған кездің өзінде-ақ М. Қозыбаев Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ тарихшыларының басын қосып, Ресейдің отаршылдық саясатын талдап, ұлт-азаттық қозғалысының ортақ заңдылықтарын ашты. Оларды әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігінде қарастырылды. Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына отаршылдар позициясынан берілген бағаны қайта қарастырылды. Тарихшылардың алқалы жиынтында орыс империясының ұлт саясаты геноцид - халықтарды тұтас не бөлігін құрту саясаты екендігі батыл айтылды.

80-жылдардың аяғында Тарих және этнология институтына жаңа ғана директор болған ғалым ағамыз Ресей академиясының тарих институтымен бірігіп, Орта Азия мен Қазақстанда күштеп ұжымдастыру саясатын қайта қарады. Бұл ұзақ жылдар бойы жаңадан жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі «Вопросы истории» журналында «Казахстанская трагедия» деген айдармен (1990, № 7) М. Қозыбаев бастаған авторлық топтың мақаласы жарық көрді. Алайда, М. Қозыбаев бұл ғылыми

нәтижемен шектелмей, күштеп ұжыымдастыру, байларды тәркілеу, ұлы аштық кезеңіндегі берілген субъективтік жеке басқа табыну идеологиясынан туындаған бағаларды қайта қарауды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес Президиумының алдына қойды. Өзі арнайы құрылған мемлекеттік Комиссияны басқарып, құжаттарға негізделген қорытынды қабылданды. Тұңғыш рет Кеңес елінің тарихында Сталиннің, Кеңес өкіметінің күштеп ұжыымдастыру кезеңдегі саясаты этноцид саясаты деп бағаланды.

Қазақ сахарасындағы Ұлы аштық сол саясаттан туындағаны дәлелденді, 373 шаруалар көтерілістері, толқулары сол саясатқа қарсыласу қозғалысы деп табылды, аштықтан қырылған қазақтың, басқа халық өкілдерінің саны анықталды, сол кезеңде репрессияға ұшыраған мындаған адамдар ақталды. Бұл болса Отан тарихын зерттеудің жаңа белесі еді. Өйткені бұрын-сонды өткенді зерделеуде мемлекеттік деңгейде тарихи проблемалар қаралмаған еді.

Академик-тарихшы «Голощекин және Қазақстан», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» атты топтама мақалаларында, біріншіден, ғұмырнама жанрын дамытты, екіншіден, бүкіл социализм кезеңінің өзекті мәселелеріне жаңа тұрғыдан баға берді.

Мәкең жеке басқа табыну, социализмнің мәні мен сыры, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы, қуғын-сүргін саясаты проблемаларына қалам тартты. Бұл проблемаларды жан-жақты қарап, тарихшы ғалым, біріншіден, қуғын-сүргінге ұшыраған млн.нан астам адам тағдырына байланысты мәселелерді шешті. Ең алдымен қуғын-сүргінге ұшыраған тұтас халықтар ақталды, парламент арқылы арнайы құжаттар қабылданды. 1937–1938 жылдары атылғандарды ақтау жұмысының қарқыны күшейтілді, «Қасірет кітаптары» шықты. Екіншіден, бұл мәселелерді әділетті шешу Қазақстанды отан еткен халықтардың тәуелсіздік кезеңдегі рухани ортасы қалыптасуына әкелді. Елбасының халықаралық «рухани келісім, бейбітшілік» сыйлығын Мәкеңе тапсыруы да ғалымның тәуелсіздікті баянды етуге сінірген еңбегін ескергені хақ.

Академик ағамыздың үлкен ғылыми табысының бірі – Қазақстанның Ресейге қосылуын жаңа түрғыдан зерделеудер едім. Бұл проблеманы шешемін деген талай тарихтарландары қудаланғаны мәлім, тәуелсіздік рухына сүйенген ол бұл проблемаға қалам тартқан тарихшылардың еңбекін зерделеді. Осы тұста ол өзінен бұрынғы әріптестерінің үшқынды ойларын нақтылай түсті және проблеманы зерттеудің теориялық негізін байытты. Ол Ә. Бекейхановтың патшалық Ресей қорғандар салып, казактардың қонысын шектеді, қазақтар амалсыздан орыс елінің билігін мойындауға мәжбүр болды деген тезисін қолдай отырып: а) орыс елі ол қорғандарды, қорғаныс шептерін қазақтың ата-қоныстарынан ойып алған жерге салды деп көрсетті; ә) отаршылдық түр-түрімен жүргізілді – әскери жаулап алу, қара шекпенді шаруаларды қоныстандыру, дипломатиялық саясат арқылы, экономикалық байланыстар арқылы, казактардың, ресей боданындағы башқұрттардың, құба қалмақтардың қазақ жеріне сұғанақтық жасап, соғыстар жүргізуі, экономикалық блокада, қазақтарды өзен, орманды жерлерден ысырып, шөл далаға көшіру арқылы 282 жылға созылған халықты бодан қылу саясаты жүргізілгенін көрсетті.

Ендеше, М. Қозыбаев бастаған тарихшылар бұл тарихи процеске өте кешенді, парасатты қарағаны байқалады.

М. Қозыбаев «қосылу» деген үғымның өзінде астарлы сыр бар екеніне үңілді. Академик 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының концепциясын қалыптастыруға сүбелі үлес қосты. Мәкең ұлт-азаттық қозғалысы – тек көтеріліс қана емес, ол көтерілген елдің қарсылығы, ереуіл, манифестация, қарулы қақтығыс, қанды соғыс, дипломатиялық келіссөз, патша ағзамға делегациялар жолдау, т.б. түрлерде өткенін жан-жақты зерттеді. Ендеше ол қозғалыс тұтас халық қарсылығына, халық майданына, ұлт-азаттық соғысына ұласты деп өзінің әділ бағасын берді.

М. Қозыбаев Т. Рысқұловтың, Сармолдаевтың т.б. естеліктері мен зерттеулеріне, М. Әуезовтің әдеби шығармаларына сүйеніп, қозғалыстың үшінші орталығы барлығын пайымдады: Торғай орталығына, Жетісу орталығына енді Есіккел – Шу алқабы қосылды.

Ғалым Есіккөл - Шу алқабындағы қозғалыс қазақтың шүрайлы жерлеріне орналасқан қара шекпенділермен ұлт-аралық қақтығысқа әкелгенін, бұл өнірдегі қозғалыс бүкіл Орта Азияға үласқанын, қазақ-қырғыз халқының патшаның жазалау экспедициясы, геноцид саясатына ұшырағанын тұтас алып қарады.

Мәкең көтерілістің Торғай орталығы көсемдерінің бірі болған Әмір Әбдіғапарды тарихқа қайта оралтып, аруағын тірілтті.

Академиктің басшылығымен институт ғалымдары ұлт-азаттық қозғалысын терең сарапал, үш ғасырдан астам созылған қазақ-қалмақ соғыстарының Ұлы Отан соғысына үласқанын жан-жақты дәлелдеді.

Манаш ағаның қайта құру және тәуелсіздік кезінде жазған еңбектері одан бұрынғы 33 жыл бұрын жазған еңбектерімен саны жағынан тең. Ал сапасы жөнінен бұл тұстағы еңбектер автордың ашылып та, кесіліп те жазғандығын байқатады. Бұл еңбектер тың идеяларға толы, концептуалды толықканды туындылар. «Ақтаңдақтар ақиқаты», «История и современность», екі томдық «Тарих зердесі», «Жауды шаптым ту байлап», екі томдық «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» т.б. еңбектері осының айғағы.

Ол өзі, өзінің қаламдастары коммунистік жүйеден шығып, сол жүйеге қолбала, насиҳатшы болғанын талай рет жазды да. Бірақ Мәкең мен оның тұстастарына ортақ занылышқа барлығы байқалады. Олардың қызметі жеке басқа табыну идеологиясын КОКП-ның XX съезі әшкерелеген тұсына дәл келді. Шығармашылық ізденіске аз да болса мүмкіншілік туды.

Брежnevтің «жылымық заманаусы» атанып, доктринизм бұғауды қыса бастаған кезеңде Горбачевтің «қайта құру» саясаты ғылыми ізденіске кеңшілік әкелді, ал ол болса тәуелсіздікке тірелді. Ендеше академик Қозыбаевтың замандастары тәнір берген әлеуетін іске асыруға аға буынмен салыстырғанда әлдеқайда мүмкіндігі мол үрпақ еді. Жаратқан иеміз оларға бар нұрын төтіп, жылдар бойы жинақтаған тәжірибелі пайдалана отыра, опырып-жапырып еңбек етуге жазыпты. Сол үрпақтың көрнекті өкілі ағамыз Мәкең.

Мәкеңнің осы тәуелсіздік кезіндегі еңбегін қалай бағалаған жөн?

Біз бәріміз де социализмнен шықтық. Жаңа заманда жаңғыру процесі бар салада жүріп жатыр, Мәкең осы тұста ең жаңғырған, бойын да, ойын да, еңбегін де тәуелсіздік рухына сай түзеген жан.

Оның ашықтанашық бұрып қате пайымдалған, идеологиялық сарынға салынған өз еңбектерін сыйнауы да осыдан.

Академик М. Қозыбаев осы жылдары Дала өркениеті туралы көп жазды, қазақ халқының өркениеттегі орнын көрсетуге атсалысты, ұлтимымыздың тарихын өркениетінің құрамды бөлігі ретінде қарастырды. Ол өзі қазақ өркениетінің перзенті екендігін танытты. Академик ағамыз Манаш Қабашұлының ғылыми табыстары Отандық тарих ғылымының жүлдізды сәтіне айналды.

Ғалым тойының ең басты тағылымы – жаңғырған еліміздің жаңғырған тарихын, жаңғырған талантты ғалымның қатысумен тарихшылар қауымының жазуы болса керек.

Бұл болса тәуелсіздік рухының арқасы, өркениетті орта, оның төріне ұмтылған халқымыздың рухы екендігі аян.

Әдебиетте дарын туралы, даналық туралы, талант туралы, талап туралы көп жазылды. Таланты бар адам талабына сай еңбек етсе, талант пен еңбек біте қайнап, кіріксе, біріксе, тұтасса, ол даналыққа үласады. Қандай талантты, дарынды болса да еңбек етпесе шөп өспейді, егін көктемейді, тек еңбек, үздіксіз ізденіс, өзіне де, өзгеге де талап қоюшылық, өмір бойы үйренушілік, қарапайымдылық, ұлт мұддесіне еңбек етушілік азаматтың таланттың өсіріп, талабына нұр жауғызады. Мәкеңнің өмір жолы осындағы тағылымға кез жеткізеді. Ізденген жан қалmas үтқа, еңбек еткен жетер муратқа, ағайын!

Мәкеңнің тойы тойға үлассын.

Үлағатты өмір жолы жалғаса берсін!

*Академик Манаш Қозыбаев. Алматы, 2001. 46–51 бб.*

## Жақып МЫРЗАХАН

### **ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫң ҚАРА НАРЫ**

Академик Манаш Қабашұлы есіме түссе болды, ол кісімен танысқан күндерім тайға таңба басқандай болып көз алдыма келе қалады. Манаш ағаның қазасы туралы хабарды естіген күні қайғы-қасірет кеудемді қара таспен басқандай болып, қатты қүйзеліс үстінде Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясына және Манаш ағаның сүйікті жары Сара Пішенбайқызына телефон соғып, көніл айтқан болатынмын. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик, тарих ғылыминың докторы, профессор Манаш Қозыбаев сыңды ғулама ғалымнан айырылу Қазақстан халқы үшін ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі қазақ халқы үшін орын толmas ауыр қайғы еді. Манаш ағаның қазасына бір жыл толуына байланысты 2003 жылы көктемде Алматыдағы «Атамұра» баспасынан шыққан «Жұлдызы жанған ғулама» атты естеліктерге менің «Ақыл-парасатын қазақ тарихын зерттеуге арнаған адам еді» атты эссең енген болатын. Абзал ағадан, жұлдызы биік ғулама ғалымнан айырылған уақытымыз алыстаған сайын оның қадір-қасиеті, құрметі терең сағынышпен бірлесіп, еселеп асып бара жатқандай. Оның мен сияқты шетелдегі әріптес бауыры жүргегінде өшпестей болып қалған жарқын бейнесі биіктеп, шешендігі мен көсемдігі, біліктілігі мен кісілігі бірдей асыл аға жөнінде және біраз сыр шерткім келді.

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы мен ҚХР Қоғамдық Ғылым академиясы арасындағы ғылыми барыс-келіс жиілеген 1992–93 жж. ҚХР Шыңжан Қоғамдық Ғылымдар академиясы президентінің орынбасары міндеттін өтеп жүрген мен

қазақстандық сыйлы қонақтарды Үрімшіде күтіп алып, ол кісілерді Бежін, Шанхай қалаларына және Алматыға апару, шығарып салу жұмыстарын атқардым. Екі елде тұрсақ та қазақ тарихын зерттеу сынды ортақ міндет тіл табыстырған аға – бауыр едік, оңаша қалған тұстарымызда қазақ тарихына қатысты келелі мәселелер туралы ұзақ өнгімелесетінбіз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Қытайға туысшылай келген немесе сауда - саттық, саяхат жұмыстарымен келген адамдар молайды, солардың кейбіреулерінің аузынан «туған елге, атамекенге қайтпайсыздар ма?!» деген сөздерді жиі еститін болдық. Әрине, олардың көбінің ата тарихымызben, әсіресе казақ халқының тегі және ұлт болып қалыптасуымен тығыз қатысты ертедегі рулар, ұлыстық елдер мен олар қоныстанған, билік жүргізген (дәурен деген) өнірлермен онша таныстыры жоқ (немесе білмейтін) еді. Адамдардың атамекен туралы артық-ауыз сөйлейтіні мені қатты ширықтырып жүрген. Алғаш көргеннен мені өзіне жақын тартып, ақ жарқын мінезі, кішіпейілдігі, кіслілігі, шешендігі, білімі және мол ғұлама, ғалымға тән қасиетімен баурап алған Манаш ағаға осы үлкен ғылыми мәселе (атамекен) туралы көзқарастарымды бүкпесіз баяндадым. Өйткені, Қытай мен Қазақстанда, жалпы халықаралық дәрежеде қазақ тарихын шын мәнінде беріле зерттеп жүрген ғалымдардың Қытай қазақтары қоныстанып отырган қазіргі солтүстік Шыңжан (Тянь - Шань тауының солтүстігі - Еренқабырға, Богда Алтай, Тарбағатай таулы өнірлері Жоңғар ойпаты, Іле, Еміл, Ертіс өзені аңғарлары) және Шығыс Шыңжанға, жалпы қазақтың шығу тегіне тығыз қатысты ертедегі Сақтар, Ғұндар, Үйсіндер, Иузилер (Нұкістер) Түріктер, Түркештер, әсіресе Орта жүз бен Ұлы жүз құрамына енген Наймандар, Керейлер, Арғындар, Қыпшақтар, Ұактар, Қоңыраттар, Үйсіндер, Жалайырлардың ежелгі атамекендері туралы бір ортақ пікір, көзқарас болса деген мәселелер қатты толғандыратын еді. Бұл мәселе монголдардың (Шыңғысханның) тегеуірінімен, кейінтінде олардың бір тармағы болған Ойрат жоңғарларының шапқыншылығымен өз атамекендерінен ілгері-кейін қазіргі Қазақстан жерлеріне қарай ығысып, жонғарлар жойылғаннан кейін қайта оралған қазақтарды ешқашандай жат жерге емес өзінің ежелгі ата мекеніне оралды деп қараған жөн. Мен Манаш ағаға өзімнің осы көзқарастарымды сол кезге дейін жариялаған «Қазақ

халқы және оның салт-санасы» атты кесек монографиялық еңбегімде және «Тарихи-этнографиялық зерттеулер» атты ғылыми мақалалар жинағымда жан-жақты дәлелдегенімді айттым. Есімде қалғаны академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев «Мениң атамекен» туралы көзқарастарымды қуана құптаады. Мені қапсыра құшақтай тұрып: «Қытай ұлы ел, оның ұшан-теңіз тарихи жазбаларында біздің ата-бабаларымызға қатысты мол тарихи деректер бар екенін білеміз. Нығмет Мыңжанұлымен, өзің сияқты Қытайдағы қазақ тарихшылары және Сұбихай қатарлы Қытай тарихшыларының еңбектерімен тезірек көбірек танысады ойласудамыз. Біз өздерінді Қазақстанға ғылыми сапарда болуға шақырамыз» деді. Екі елдегі әріптес әрі аға – бауыр болған біздер өте тез тіл табыстық. Қытайдағы бір миллионнан артық қазақ халқының басым көпшілігі Орта жүзге қарасты Керей (негізінен Абақ – Керей) және Найман тайпаларына қарасты рулар және бір бөлім Ұлы жүз – Үйсін (негізінен Албан, Суан т.б.) және ішінара Жалайырлар, Уақтар, Арғындар екені елге аян. Дүниеге әйгілі «Монғолдың құпия шежіресі» және «Алтын шежіре» қатарлы еңбектерінде өз кезіндегі ірі тарихи оқиғалар жазылған. Бұл кітаптарда қазіргі Монғол Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының шығысы және Қытайдың солтүстік Шыңжанға қарасты өнірде дәурендерген Керей, Найман, Меркіт, Татар, Қоңырат, Жалайыр қатарлы Түркі тілдес ұлыстық елдердің (тәуелсіз хандықтардың) Шыңғысхан жетекшілігінде біртіндеп күшейген монголдармен ілгері-кейін жүргізген соғыстары (XII ғ. соны, XIII ғ. басында) айдан анық жазылған емес пе?!

Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін XVIII ғ. ортасынан бастап Найман, Керей қатарлы Орта жүзге Албан, Суан қатарлы Ұлы жүз Үйсінге қарасты бір бөлім рулардың Іле, Тарбағатай, Алтай қатарлы Қытайдың Шыңжан өлкесінің солтүстігіне қарасты өнірге оралуы ешқашан да жат мекенге емес, өздерінің ежелгі атамекеніне отырған дәл осы әлемге әйгілі тарихи оқиғалар болды ғой. Академик Манаш Қозыбаев 1993 ж. бастап Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы мен ҚХР Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясының арасындағы ғылыми барыс-келісті күшеттуді, әсіреле Нығмет Мыңжани, Сұбихай, мен (Жақып Мырзахан) және Нәбижан Мұхаметханұлы қатарлы Қытайдағы қазақ тарихи-

хын зерттейтін ғалымдармен қатынасты жиілетуді дәріптеді. Ол Нұғмет Мыңжани жазған «Қазақтың қысқаша тарихы», Сұбихай жазған «Қазақ мәдениетінің тарихы», мен жазған «Қазақ халқы және оның салт-санасы» атты монографиялардың Қазақстанда басылуына ерекше көңіл бөлді. Менің «Қазақ шежіресінің жазба, тарихи деректермен байланысы жөнінде» атты қолемді ғылыми мақаламды «Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының хабаршысы атты» журналын 1993 ж. бірінші санында жариялатты. Болашағынан үлкен үміт күттіріп жүрген жас зерттеуші Нәбижан Мұхаметханұлын шәкірттікке қабылдап, оның алдымен ғылым кандидаты, одан соң тарих ғылымының докторы болып жетілдіне жол ашты. Сол кездегі Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының президенті Кенжеғали Сағадиевтің Қытайдағы Шыңжан Қоғамдық ғылым академиясының президенті Яң Фарын мырза екеуіміз бастаған үйірменің Қазақстанда ғылыми сапарда болуға шақыруын қызу қолдап қана қоймaston, екі академия арасындағы ғылыми қарым-қатынастарды қүшеттүге қатысты келісім шарттар жасалуына тікелей араласты. 1994 жылы сәуірдің соңы, тамыздың басында болған осы ғылыми сапар екі академия арасында қазірге дейін жалғасып отырған барыс-келісті негіз қылады деп айта аламыз. 1995 жылы, тамызда Қазақстан Республикасында ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толуына байланысты халықаралық деңгейде дүбірлі мерейтой өткізілген тұста мен Қытай мәдениет өкілдер үйірмесінің мүшесі қатарында осы мерейтойға қатынасуға бардым. Қазақстан Ұлттық ғылым академиясы ашқан ұлы Абай жөніндегі халықаралық ғылыми конференцияда мен Қытай ғалымдарының өкілі ретінде төрағалар мінбесінен орын алдым. Сол күні менің қасымда отырған Манаш ағаның өте бір әсерлі сезім құшағында болып, маған арнау өлең жазып ұстатқанын мәңгі үмітта алмаймын.

Ғұлама ғалым ағамыз Манаш Қозыбаевпен бірге болған күндерімнің ең бір үміттылmas кезені 1998 жылы, шілдеде Алматы қаласында «Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы» деген атпен Халық бірлігі және Ұлттық тарих жылына арнап өткізілген халықаралық ғылыми сессияға қатысқан күндер еді. Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі мен ғылым академиясы жағынан үйімдастырылған бұл ғылыми конференцияға дайындық жұмыстары мен оны

басқарып ашуға академик Манаш Қозыбаевтің бастан - аяқ тіке ие болып отырғаны бізге анық еді. Қытай, АҚШ, Жапония, Ресей, Түркия, Өзбекстан қатарлы елдерден келген ғалымдар арасында Қытайдан профессор Сұbihай екеуіміз болдық. Өмір бойы қазақ тарихын, мәдениетін зерттеген және қыруар ғылыми еңбек жазған профессор Сұbihайға Манаш ағаның құрметі белекше болды. Ғылыми сессияның ашылған күні үлкен жиында профессор Сұbihайдың «Қазақтар құрған Түркеш қағандығы» деген тақырыпта баяндама жасауын үйімдастырды. Ал ғылыми сессияның дөңгелек үстел жиында мен «Қазақ тарихын Қытайдағы зерттелу ахуалы» деген тақырыпта сөйлемдім. Сол ғылыми сессия барысында Қазақ тарихының тарланы, академик Манаш Қозыбаев өте рухты сергек болды. Кімдер елден келді, олар қазақ тарихы жөнінде қандай тақырыпта баяндама жасайды, оған қандай орайда, қай мазмұнда лебіз білдіру немесе не деп алғыс айтуда болады деген мәселелерге Манаш аға әбден дайындалып алған сияқты. Оның білімпаздығы, шешендігі және кісілігі әр елден келген ғалымдарды тегіс баурап алды. Қазақ тарихын зерттеудің осы қара нары бүл ретті ғылыми сессия барысында өзінің үйітқы екендігін барынша әйгіледі. Өте-мәте әр елден келген Қазақ тарихын зерттейтін әйгілі ғалымдарға Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі мен ғылым академиясы атынан Құрмет грамотасын тарту еткен күні, академик Манаشتың әр адамға арнаған қысқа лебізінен, оның ғұламаға тән жайсақ қасиеті, кеменгерге тән кеңдігі, білімпазға тән терендігі мен мұндалап түрді. Қазақстан Республикасының сол кездегі ғылым министрлігінің министрі, Ұлттық ғылым академиясының президенті В.Школьниктің қолынан Құрмет грамотасын алып тұрған маған ерекше ыстық мейіріммен күлімдей қараған Манаш аға: «Ата тарихымыздың ашылмаған сырлары Қытайдың телегей теңіз тарихнамаларында жатыр. Қазақтың нағыз төл тарихы жазылу үшін сіздер ол жақта, біз бүл жақта ортақ күш салатын болайық» деген үміт айтты. Осы реткі халықаралық ғылыми сессия тұсында менің тікелей жетекшілігінде Қытайдағы атақты Қытай тіл мамандарынан үйімдасқан ғылыми тапсырмалық топтың «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деген атпен төрт немесе бес том болатын күрделі ғылыми аударма еңбек істеліп жатқанын, бірінші томы таяуда баспадан шығатынын

айтқанымда академик Манаш Қозыбаевтың қуанышында шек болмады.

Бұл туралы «Жұлдызы жанған ғұлама» атты кітапқа енген естелігімде біршама толық жазылғандықтан қайталамаймын. Манаш аға екеуіміздің арамыздары аға-бауырлық, достық, сыйластық барған сайын тереңдеп кеткен еді. 2001 жылдың сонында академик ағамыздың 70 жасқа толған мерейтойы түсында қызмет жағдайымен Алматыға келе алмаған мен арнаулы құттықтау хат жолдап, ағамызға ат мінгізетінімді айттым, бұл менің жұлдызы жанған, ғұлама ғалым ағаға деген ең үлкен құрметім еді. Өйткені, мен оның Қазақстанда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан тарихының «Ақтаңдақтарын» зерттеуге көшбасы болған әйгілі тарих ғалымы болуы салауатымен Президенттің Бейбітшілік және рухани көлісім сыйлығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Ш. Ұәлиханов атындағы сыйлық иегері бола тұра ҚХР Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясындағы кәсіптең бауыры маған таяудаған «Шығыстағы тарих жұлдызымыз» деп жоғары бағалап, сәлем жолдағанын Солтан Жанболаттан естіген болатынмын. Қазақ тарихын зерттеудің қара нары болған ғұлама ғалым ағаның бұл ағалық қамқорлығына, кішіпейілдігіне ата дәстүріміз бойынша сый - құрмет көрсетуді өзімнің өтеуге тиісті борышым деп білген едім. Амал нешік, сүм ажал менің осы сый - құрметімді Қазақстанға қайта бір барғанымда өз қолыммен орындауыма үлгіртпеді. Келесі жылды (яғни, 2002 жылды қазан айында) Түркістан қаласында ашылған Дүние жүзілік қазақтардың екінші құрылтайына қатысуға жіберген Қытай өкілдері үйірмесінің мүшесі болып барған түсында Манаш ағаға арнаған атымды академик ағамыздың өмірлік сүйген жары Сара Пішенбайқызына табыс еттім. Оның суреті алдында тұрып Қытай мен Қазақстан сынды екі ұлы елдегі қазақ тарихын зерттеу саласындағы селбестіктің жалғасты қүшнейуіне екі ел ғалымдарының ғылыми барыс-келістері мен достығының тереңдеуіне күш салатынымды білдірдім.

## **Нәбижан МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ**

### **ТЕКТИ КІСІ, ҒҮЛАМА ҒАЛЫМ**

**(Ұстазым Манаш Қабашұлы Қозыбаев туралы үзік сыр)**

Қытай Халық Республикасынан келген ғалымдар Манаш ағаймен кездесіп, әңгімелесіп шыққаннан кейін маған: «Сенің ұстазың текті кісі, ғұлама ғалым екен», – деп әсерін айтып жатады. Мен ұстазыма айтылған осындай бағалы сөзді естігенде, әсіреле, бұл сөзді Қытай ғалымдарының аузынан естігенде іштей бір мақтанып қаламын. Өйткені, мен Қытай ғалымдарының мінез-құлқын жақсырақ білемін. Олар әдетте өздерін жоғары санайды, сырт елдегі әріптестеріне женіл-желпі, асыра баға айтпайды, олар қашан да өздерінің айтқан әрбір сөзінің дәл, дұрыс және салмақты болуына көп көніл бөледі. Сондықтан олар бейтаныс әріптестерімен алғаш кездескенде өздері аз сөйлеп, басқаларды көбірек тыңдалап, сынаумен болады. Олардың эмоциядан ғері интеллектуалдығы басым келеді де, шынайы болмысқа дұрыс қарауға тырысады. Егер оның әріптесі өзін мойындаға алатын болса, онда олар оған мәнгі қол қойып, табынып, оны құрмет тұтып өтуге бейім келеді. Олардағы бұл әдет — конфуцийлық этикадан қалыптасқан үлттық дәстүр.

Мен соңғы сегіз-тоғыз жылдан бері Манаш ағайдың Қытайдан келген қонақтарды қабылдауының басы-қасында болып, олардың Манаш Қабашұлының білімділігі мен кіслігіне бас иіп, ағайды ұлы тұлға ретінде құрмет тұтатындықтарының қуәсі болып келемін.

Өзім болсам, Қытай Халық Республикасында туылып-өсіп, Қытайдың Гуанджу қаласындағы Сунь Ятсен атындағы мемлекеттік университетін бітіріп, ғылыми зерттеу жолымды

Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясы Орталық Азия зерттеу институтында зерттеуші болудан бастаған болатынын. Кейін институт директорының ғылымға жауптты орынбасары міндептін атқаруыма тұра келді. Сөйтіп мен ғылыми жұмыстардың қажеттілігі бойынша Қазақстандағы тарихшылармен сол жақта жүріп-ақ таныса бастаған едім. Ал Манаш ағайдың фамилиясы маған, яғни Қытайдағы оқырмандарға алғаш рет ол кісі бас редактор болып шығарған Энциклопедия арқылы белгілі болды. Кейін Мәкең ағайдың Ш.Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры болып тағайындалғанын баспасөз бетінен көрдім де (ол кезде Қазақстаннан шығатын газет, журналдардың көбін және анықтамалық кітаптарды Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясы алдырып тұратын-ды), бұл кісі Қазақстанның тарих ғылымы саласындағы маңызды тұлға екен деген ойға келдім. Бірақ ол кезде менің Мәкең ағайға шәкірт болам, ол кісімен кездесем деген үмітім жоқ еді. Қытайдағы қазақтардың Қазақстанға келіп оқуынан гөрі Жапонияға баруы әлдеқайда оңайлау еді.

Қытайдағы қазақтардың Қазақстанға келіп оқуына Қазақстан Республикасы дербестік алып, ҚХР мен тең дәрежелі дипломатиялық қатынас орнатқаннан соң, яғни 1992 жылдан кейін ғана мүмкіндік туылды. Сол жылды екі ел арасында жоғары дәрежелі дипломатиялық делегациялар сапары жиіледі. 1992 жылды мамыр айында сол кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, академик Жабайхан Әбділдин бастаған, құрамында академиктер Аманжол Қошанов, Кенжеғали Сағадиевтер бар Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының делегациясы Қытайға ресми сапармен барды. Сол жылдың күзінде құрамында Сағындық Сатыбалдин, академиктер Манаш Қозыбаев, Серік Қирабаев және археолог Жәкен Таймағамбетовтер болған делегация Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясына ресми сапармен барды. Мен Құдай қолдап, Қытай ғылым академиясының жарлығы бойынша, Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясының вице-президенті Лю Жычаомен бірге осы делегацияны әуежайда қарсы алып, Үрімжі, Пекин және Шанхай қалаларындағы сапарына атқосшы және тілмаш ретінде қызмет көрсету міндептін

атқаратын болдым. Сөйтіп Мәкенді алғаш рет Үрімжі өуежайында қарсы алдым. Алдын-ала белгіленген сапар бағдарламасы бойынша, Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясы және Шанхай Қоғамдық ғылымдар академиясына жол бастап барып, кездесулерде аудармашылық қызметті атқардым. Арада бос уақыт бола қалғанда, Мәкең ағайдың қасына барып, ол кісімен көбірек әңгімелесіп тұрдым. Әңгімелескен сайын Мәкең ағай мені өзіне баурай түсті. Сол кезде маған бір түрлі Мәкенмен бірге болған өмір қызықты, бірге жасаған жұмыс жемісті болатын сияқты сезім, сенім пайда болды. Сапар аяқталар тұста мен Мәкең шәкірт болсам деген талабымды айттым. Ағай қызу ынтымен маған: «Талабың орындалады, қайтып бара салып шақырту жіберемін» деді. Айтса айтқандай, содан көп өтпей Мәкең ағайдың мені өзінің докторанты етіп қабылдаған бүйрүғы келіп жетті. Сол кездегі менің қуанышымда шек болған жоқ. Өйткені, мен егеменді Қазақстанға академик Манаш Қозыбаевтың шәкірті болып баратын болдым ғой, қалай жүрек жарыла қуанбасқа. Мен соған дейін жапониялық әріптестеріммен Токиога барып, олармен бірлесіп екі жыл ғылыми жұмыс жасауға келісім-шартқа отырған болатынмын. Мәкең ағадан келген шақыртуды алған соң, «Қазақстан дербес мемлекет болып құрылып жатқанда Жапонияға барып қайтейін» дедім де, дайындығымды жасап, 1993 жылы сәуір айында Алматыға келдім. Содан бері Мәкең ағайдың шәкірті болып, қол астында жұмыс істеп келе жатқан жайым бар. Сондықтан ұлағатты ұстазымның асыл қасиеттеріне аз-кем тоқталуды езіме парыз санаймын.

Манаш Қабашұлы Қазақстан дербестік алған алғашқы жылдарда, Қытайда болған сапарында немесе ол жақтан келген қонақтарды қабылдағанда дербес Қазақстан Республикасының жалпы жағдайын және ішкі-сыйртқы саясаттарын көбірек түсіндіріп, оларда Қазақстан жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыруға атсалысып жүрді. Өйткені ол кезде дүние жүзіне дербес Қазақстанның ұстанған бағыт-бағдарын дұрыс таныстыру аса маңызды еді. Мысалы, 1994 жылы ҚХР Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясының президенті, экономист ғалым, Шыңжанның саяси саласында ықпалды тұлға Яң Фарын бастаған, құрамында вице-президент, тарихшы Жақып

Мырзахан қатарлы төрт кісі бар делегация Үлттық ғылым академиямызға ғылыми сапармен келді. Осы делегациямен ресми кездесуде болсын, кешкі қонақасыда болсын, алде қонақүйдегі жай кездесуде болсын, бәрінде Мәкең ағайдың Яң мырзаға айтқандары мемлекетіміздің ішкі-сыртқы саясатының басты бағдарлары, Қытай мен Қазақстан арасындағы тарихи байланыстар және қазіргі кездегі ортақ мұдделердің көп екендігі, екі ел арасында жоғары деңгейде ғылыми ынтымақтастық орнатудың қажеттіліктері мен мүмкіндіктері болды. Ғалымның бір тақырыpta ой қозғаса, ағыл-тегіл, жүйелі сөйлейтіні, арасына әзіл-қалжыңын қосып, күлдіріп отыратыны, тыңдаушысын сөзіне иландыра алатын ерекшелігі, әзіл-қалжыңға сарапдау, тұнғиықтау келетін қытайлықтарды да мәз-мейрам ете отырып, өзіне баурап әкететіндігі ерекше еді. Яң Фарын мырза сапардан қайтарында Мәкең ағайға: «Мың естіген бір көргенге жетпейді» дегендей, елдерінізге келіп біраз жерлерді көріп, өзініздің Қазақстан қоғамын және ғылыми ортаны таныстыруыңызды естіп, көптеген жаңа түсініктерге ие болдық. Сіз энциклопедист ғалым екенсіз, кіслігініздің жоғарылығын да байқадық. Қайтып барған соң екі академия арасындағы өзара ынтымақтастықты дамытуға құш саламын» деп ағынан жарылған-ды. Сол сапардан қайтып барған соң, Яң Фарын мырза Үрімжіде өткен алқалы мәжілісте баяндама жасап, Қазақстанды обьективті түрде таныстырғандығын сол жиналысқа қатысушы қандастарымыздан естідім. 1996 жылды Үрімжіде өткен «Евразия — құрлық көпірі» атты халықаралық конференцияда жасайтын баяндамасында Яң Фарын мырза шетелдік ғалымдардан Мәкең ағайды өзіне рецензент етіп шақыруы — оның Манаш Қабашұлын әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде бағалайтындығын аңғартса керек.

1998 жылды құзде Нанкин университетіндегі Үлттар зерттеу институтының директоры, әлемге әйгілі ғалым, профессор Лю Иншиң Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындарына ғылыми сапармен келіпті. Ол Алматыға келіп орналасқан соң, маған телефон шалды. Мен дереу оған сәлем бере бардым (мен 1985—1987 жылдары Пекин университеті Тарих факультетінде стажировкада жүргенде ол сонда докторантурада

болған. Содан екеуіміз жақсы таныс едік). Ол өзінің Алматыдағы іссапары кезінде Манаш Қозыбаевпен кездесуді жоспарлап отырғандығын айтып, менің байланыс жасауға көмектесуімді етінді. Мен одан «Сіз Қозыбаевты қайдан танисыз?», — деп сұрадым. Ол ағылшынша жазылған бір кітаптың арасын ашып: «Ол кісіні осы жерден білдім», — деп, кітапты қолыма ұстартты. Ол кітап АҚШ Гарвард университетінде басылып шыққан «Орталық Азиядағы әйгілі тарихшылар туралы анықтама» екен. Сонда Мәкен ағайды кеңінен таныстырып, «М. Қ. Қозыбаев ағылшын тіліндегі кітаптарды оқи алады, бірақ ағылшынша сөйлей алмайды» деген мәліметтерге дейін беріліпті. Лю Иншың мырза осы «анықтамадан» алған ақпараты бойынша ағайды құрмет тұтып, ол кісіге сәлем беруді жоспарлаған екен.

Лю Иншыңды ағайға ертіп барып, кездестірдім. Ағай онымен Шағатай ұлысы кезіндегі Қазақстан тарихына қатысты мәселелер жөнінде көп әңгімелесті. Өйткені, Лю мырза осы саланың Қытайдағы ең білгір маманы еді. Сондай-ақ оған екі институт бірлесіп «Шоқан Ұәлихановтың Қашқарияға барған жолы бойынша экспедиция» үйымдастырысақ» деген жоба ұсынды. Лю Иншың өзінің кайтып барған соң, өз университеті басшыларының шешімі бойынша ғана жауап бере алатындығын айтты. Кездесуден соң ол маған өзінің Қозыбаевпен кездесуден үлкен әсер алғандығын айтып, ортада дәнекер болғаным үшін ризашылығын білдірді.

1998 жылдың сәуір айында Алматыда «Отан тарихының тағымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми сессия өтті. Оған ұсыныс бойынша Қытайдан Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясының вице-президенті тарихшы Жақып Мырзахан және Шыңжан университетінің профессоры, белгілі қазақтанушы Су Бәйхай келіп қатысты. Осы бас қосуда ағай арнайы Су Бәйхай мырзамен бірнеше рет ғылыми әңгіме өткізді. Оған Қытай жазбалары негізінде «Қазақтың тарихи тұлғалары» атты көлемді еңбек жазып беруді ұсынды. Су Бәйхай қызы ынтымен қабылдады. Ол Үрімжіге бара салысымен жазуға кірісіп, ақтық демі үзілгенше (1999 ж. көктемде дүние салды) қалам тербел, «Қазақтың тарихи тұлғалары» деген 73 адамның ғұмырнамасын қамтыған

қолжазбаны (Дариға Қалиқызымен бірлесіп жазып) ұсынды. Оның кейбір тараулары Мәкеңнің тапсырмасы бойынша, менің қазақшаға аударуыммен «Отан тарихы» журналында жарияланды.

«Отан тарихы» демекші, ағай өзі басқарып отырған осы журнал мен Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясында. Жақып Мырзахан және Қаһар мен Мұқандар басқаруындағы «Шыңжан қоғамдық ғылымы» (қазақ тілінде) журналының екі ел ғалымдарының ғылыми ақпарат алмасуна ерекше дәнекер болып отырғандығын айтпай кетуге болмайды. Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясындағы ғалшадар, тіпті Қытайдары қазақ зияялары Мәкең ағайды пір тұтып, құрметтейтіндігін аса мақтаныш сезіммен айта аламын. Бұл сөзіме дәлел ретінде бірекі мысал келтірейін.

Шыңжан Қоғамдық ғылымдар академиясының ғалымдары «Жүнго (Қытай) жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деген көп томдық тарихи материалдар жинағының 1-томын баспадан шығарған еді. Олар Мәкең ағайдың ұсынысы бойынша осы еңбектерді Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Қазақстанда басып шығаруына баспа құқығын тегін беруімен бірге, бұл жактағы басылымның ғылыми сапасын көтеру үшін екі мәрте ғалымдарын өз қаражаттарымен Алматыға жіберіп, аудармадағы термин мәселеін ақылдасып қайтты. 2001 жылы мамыр айында, ҚХР Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық институтының профессоры, тарихшы Жақып Жұнісұлы Қызай руының зерттеу үшін Алматыға тарихи материалдармен таныса келіп, алғашқы жұмысын Мәкең ағайға сәлем беріп, ақыл-кеңес алудан бастағанына куәгер болған едім.

Міне, осындағы мысалдар Манаш Қабашұлының арғы беттегі қандас ғалымдардың жүргегінен қаншалықты терең орын алғандығын көрсетеді. Жақып Жұнісұлы Алматыдан қайтарында ағайға қайта барып: «Өзініздің қарбаластығыңызға қарамастан, мені ыстық ықыласпен қабылдалап, маған ақыл-кеңес айтып, жән сілтегеніңізге көп рақмет айтамын!» дегендे ағай сезін жұлып әкетіп: «Алыстағы ағайын, сіздерді қабылдамағанда кімді қабылдаймыз? Сіздерге көмектеспегендеге кімге көмектесеміз?»

деп өзінің ағалығын аңғартып, Қазақстанның барлық қазақтарға қара шаңырақ, Ұлы Отан екендігін осылай қарапайым сөзбен сездірді. Жақаң катты тебіренді. Мәкеңнің қолын қысып: «Аман-сая болыңыз, аға!» — деп қоштасты.

Мәкең ағай шетелдік ғалымдарды қабылдағанда, қашан да үлттық мұддені алға қояды. Қазақстан ғылымының дамуын үнемі назарында ұстайды, олармен жоғары ғылыми деңгейде әнгіме өткізеді, әріптестеріне дәл қазір өзіне аса қажетті адам екендігін сездіре отырып, екі жаққа бірдей пайдалы зерттеу жобасын ұсынады. Осындауда шетелдік әріптестер ең алдымен Манаш Қабашұлының ой-пікір, ұсыныстарын жеке басындағы қасиеттерін құрметтеу түрғысынан қабылдайды. Мен өзім күә болған жоғарыдағыдан нақтылы мысалдардан Мәкең ағайдың халықаралық жоғары деңгейдегі ғалым, болмысы бөлек ғылыми дипломат, шебер үйымдастыруши, үлт қайраткері, үлтжандылығын жүргіммен сезініп, іштей сүйініп жүремін.

Мәкең ағайдың алдына жұмыс сұрап келетіндер де аз емес. Бірақ ағай жұмысқа маман кадр қабылдауда қашан да мемлекеттің мұддесі мен ғылыми зерттеу жұмысының қажеттілігін алға ұстайтын принципінен ауытқымайды. Мәкең ағайдың соңғы жылдары ғылыми қызыметкерлер санының жыл сайын қысқарып жатқанына қарамастан, шетелден тарихи отанына оралғаноншақты тарихшыэтнографты жұмысқа қабылдағанына күәгермін. Бұлай істеудегі ойы анық: біріншіден, олардың Қазақстанда орнығып, орын теүіп қалуына жағдай жасау болса; екіншіден, олардағы артықшылықтарды Отандық ғылымды да-мыту үшін пайдалану. Ал шетелден «Қазақстан — Отаным менің» деп еміреніп келіп жатқан зиялыштар кіслілігі жоғары, адамның жан дүниесін түсінетін Мәкендей тұлғаны қара тартып келіп, қол астында жұмыс істеп, өздерінің ақыл-парасаттарын Отан үшін сарқа жұмсағысы келеді. Осындаі көніл-куймен келген оралман мамандарды Мәкең ағай демеп, қашан да олардың көнілін жылды сөзімен жылытып, жігерін қайрап, қыншылықтарын шешуге тырысып отырады. Мен өзім Алматыға алғаш келген жылдары түрмисста қиналынқырап жүрдім. Сол кездерде Мәкең ағай кездескен сайын сәлемнен кейін: «Қарның ашып жүрген жоқ па?» деп сұрайды. Мен: «Жоқ аға, Құдайға шүкір», — деп қоямын.

Мәкеңнің осы сезін естігенде, менің орталау жүрген қарным то-йынып, жігерім тасып кеткендей болады. Мәкең ағайдың маған пәтер мәселе сін шешу үшін институт атынан да, жеке өз атынан да хат жолдамаған мекемесі мен шенеунігі қалмады-ау деймін. Мәкең ағайдың маған жасаған осындай қамқорлығын, мен Ота-ным жасап жатқан мейір-шапағат қой деп қабылдап, Отанға де-ген, ұстазыма деген өз борыштылығымды терең сезіне түсемін.

Мәкең ағай тек мағанғана емес, төрткүл дүниеден келіп жатқан оралман зияллыларға осылай мейірімділік танытып, қамқоршы болып келеді. Бұған мысал ретінде Қазақстанға ғылыми дәреже қорғау үшін шетелден келген қазақ талапкерлердің барлығы дерлік Манаш Қабашұлы басқарып отырған ғылыми кеңестен докторлық, кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап жатқанын айтуда болады. Егер Мәкең бас пайдасын құйттейтін, кісілігі кемшіндеу, пендешілігі басымдау адам болса, қанша ғалым болса да, өздері шетелден қара шығынға батып келген зияллы қандастар ол кісінің қасына жуымаған болар еді.

Манаш Қабашұлы өзінің ғұлама ғалымдығымен, тектілік қасиетімен, шебер мәмлекер үйімдастырушылығымен Қытай елінде, жалпы диаспора әлемінде зор беделге ие, халықаралық деңгейдегі ірі тұлға деп санаймыз. Мәке аға! Біз – шәкірттеріңіз сізден үлгі-өнеге алып, сізге үқсан бағуға тырысамыз! Шәкірттеріңіз сізді 70 жылдық мерейтойынызben құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілейді!

Академик Манаш Қозыбаев. Алматы, 2001. 109–115 бб.

*Биқұмар КӘМӘЛАШҰЛЫ*

## **ҚИЫРДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРШЫСЫ ЕДІ**

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан жаңарудың желі есіп, еркіндіктің пердесі ашылды. Бұрынғы бүғаудағы, отаршылдықтың құрбаны болған елдер бостандыққа бет бұрды. Қазақ ұлты да сол кезде басқалардың басшылығында еді. Туркінің қара шаңырағы, ата мекені саналатын қазақ елі – Қазақстан да Қенес Одағының темір құрсауында болды. Қазақтар тарих тәлкегімен, әлемнің 44 еліне тарыдай тарап кетті. Ұлы Алтай төртке бөлінді. Ежелден Алаш елі мекен еткен Алтай өлкесінен қазақ үрпағы үзілмеді. Қытайдарғы Өр Алтайда 2 млн, Ресейдегі Таулы Алтайда 10 мың, Монгол еліндегі Малды Алтайда 150 мыңдай қазақтар Қазақ елі, атамекенді қанша армандағандарымен, олардан ешкімді қазақ еліне қия бастырмады. Бұған арадағы Қенестік Ресейдің «темір қақпасы» бөгет болған-ды. Бір қазақ Алматыға барып келсе, біздің ел оны Меккеге барғандай құрметтеді. Қазақстанға барып келген кісіден «Атамекендегі ағайындардың халі қалай екен. Алматының алма-сынан жедін бе?» деген сияқты сұрақтарды сұраушы еді. Осы бір демократиялық (бұқарашылдық) дәүір басталған шақта, монгол елі 1990 жылы монгол халқының әдеби-тарихи мұрасының «Үш шыңының» бірі (Монголдың құпия тарихнамасы, Монголдың құпия шежіресі) жазылуының 750 жылдық тойын ел көлемінде атап өтпекші болып жатты. Үш шыңға: Жесір жыры, Жаңғыр жыры, Монголдың құпия шежіресі жатады. Еліміздегі бұл мәртейді, Монголиядағы ат төбеліндей қазақ халқы және оның зиялды қауымы кең көлемде тойлады.

Монғол елінің жаңа ғана жеке шаңырақ көтерген ғылым Академиясының Баян-Өлгей аймағындағы ғылыми-зерттеу орталығы «Монғолдың құпия шежіресіне 750 жыл» атты халықаралық ғылыми мәжіліс ашты. Бұған ата мекен Қазақстаннан мүйізі қарағайдай екі бірдей академик шақырылды. Олар академик, тарихшы Манаш Қозыбаев және академик, тіл зерттеуші Әбдуали Қайдаров ағаларымыз еді. Сондай-ақ қырғыз елінен тарихшы-ғалым (доктор) И.Молдабаев, Ресей елінің Тыва республикасынан тарихшы-ғалым (академик) Ю.Араншын, Таулы Алтай республикасынан ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты А.Сатылаев және Монғол елінің астанасы Ұланбатыр қаласынан көптеген тарихшы ғалымдар қатысты. Аймақ жүртшылығы Қазақстаннан белгілі ғалым, академиктері келіпті десіп дүрлігісіп қалды. Көптеген зиялды адамдар Манаш Қозыбаев, Әбдуали Қайдаров сынды белгілі академиктерге арнайы жолығып, сол кіслермен қазақ халқының тарихы, келешек тағдырлары туралы ақылдасқан еді. Ол кісі «Монғол, қазақтардың тегі бір, ал Монголиядағы қазақтар біртұтас қазақ халқының бір бұтағы, атамекендегі қазақтар біздер шет елдеңі қазақтарға көмектесіп, қол ұшымызды беруіміз керек» деген-ді.

Ғылыми мәжілістен кейін Манаш ағаймен ғылыми орталықтың ғылыми қызыметкерлері жолығып әңгімелесті. Сонда Мәкен; «Жас ғылыми қызыметкерлерді біздің институтқа жіберіндер, аспирантурада оқытын қаржысын біз көтерейік», – деді. Мәкеңнің қамқорлығымен сол жылы бірнеше жас мамандар Алматыға бет бұрды. Біздің ғылыми орталыққа сол кезде ауадай қажет кадрларды Мәкен дайындағып берген еді. Ол кісінің тікелей қамқорлығы және қолдауымен Монголия қазақтарын 4 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты ғылыми диссертацияларын қорғады. Қысқасы, Мәкен сол жылы жаңа құрылған орталықтың шаңырағын көтеріп берген еді. Ол кісі аймақтық ғылыми орталыққа өзімен бірге арнайы шашуын ала келді. Қазақстан Ұлттық ғылым Академиясының ғылыми кітапханасынан екі жүздей ғылыми әдеби кітаптарды ғылыми орталыққа тарту етті. Бұл кәдені Мәкен бірге еріп келген адамдарымен орталық ұжымына табыс етті. Кітаптарды Қазақстан ҰФА-ның ғылыми кітапханасының директо-ры Құлжихан Құлшәріпқызы табысталап берді. Ғылыми орталықты

қажетті кітаптармен қамтамасыз етуді де Мәкең күні бұрын ойласа керек. Бұл қырыдағы қазақ ғалымдары үшін зор қамқорлық еді.

Алматыдағы Мәкең басқарған Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына барғанда, ол ең алдымен бізден ел жағдайын сұрайтын-ды. Бұдан Мәкеңнің шет елдегі қазақтардың қамын жейтінін аңғаруға болатын. Монголияның Баянөлгейінен келген ғалымдар, сондай-ақ жоғарыда аталған институтта оқып жүрген біздің аспиранттар, докторанттар, ізденушілер, үміткерлердің әрқайсысына Мәкең жолыққан сайын олардың хал-жағдайын сұрап, танысып, сырттай қамқорлық жасап отыратын. 1997 жылы Мәкең маған: «Кешікпей Монгол еліне барамыз, да-ындал» деді. Мен әзірлік жасадым. Біраз күннен кейін Қазақстан Республикасының Үкімет өкілдері монгол еліне ұшақпен ұшып келді. Бұл делегацияны сол кездегі Қазақстан Республикасының Министрлер Қеңесінің бірінші орынбасары, қазақ ұлтының салт-дәстүр, мәдениетінің жанашыры, ұлтжанды ұлы Иманғали Тасмағамбетов басқарып келген еді. Жалпы, оның құрамында Қазақстан Республикасының беделді де білгір ғалымдары, қоғам қайраткерлері, зиялды қауым өкілдері көп болды. Делегацияның басты мақсаты монгол жеріндегі көне Түркі ескерткіштерін алдағы уақытта зерттеу, олардың көшірмесін түркінің қара шаңырақ иесі – Қазақстанға жеткізу еді. Бұл тұрғыда монгол елі басшыларымен Иманғали Тасмағамбетов мырза батыл келісімдер жасап, білікті түрде қаражат мәселесін шешіп, маңызды келісім шарттар жасап қайтты. Бұл іске де Манаш аға көп көмек жасап, ақыл-кеңес беріп, құлышына кіріскең еді. Олар Қазақстанға қайтар жолда Баянөлгей аймағына аялдады. Осы сәтте Манаш аға аймақтағы қоғамдық, экономикалық ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдарымен жолығып, өзі уығын шаншысқан орталықтың өркендер үлкейгенін естіп, масайрап қалған еді. Бұл жолы да Мәкең аймақ басшыларымен кездесіп, Монголиядағы қазақтардың хал-жайын сұрап танысқан-ды.

Осы бір мәнгі ұмытылmas ерекше оқиғалардан кейін Мәкеңнің қайда жүрседағы қазақ ұлтының тағдырына алаңдап, қамын жейтінін аңғарасыз. Мәкең тек ғана Монголиядағы зиялды қауым емес, Ш. Үәлиханов атындағы өзі басқарған Тарих және этнология институтына Қытай, Түркия, Германия, Венгрия

сияқты тағысын тағы басқа елдерден зиялды қауымдардың басын қосты. Сол кезде Тарих және этнология институтына шет елдік қазақтар көптеп келіп, шүйіркелесіп жататын-ды. Бұл да Мәкеңнің арқасы, сол кісінің қамқорлығы – ұлт үшінгі ұлылығы болатын. Аймағымыздан бір зиялды адам Алматыға бара жатса, «Мәкеңе жолығайын деп едім, мекен-жайын айтып берші» деп жататын. Осыдан да Мәкеңнің қазақ баласына деген ықылас, қамқорлығын айқын сезінетінбіз. Мәкеңнің кеңесіне келгенде, ол кісінің әрдайым ұлken бір тақырыпта ұлты үшін ірі көлемді еңбек жазып жататынын көретінбіз. Үнемі қолынан қаламы түспейтін, шет елден келген қандастарына назар сала, олардың мұн-мұқтажын зер сала тыңдайтын. Көбінде шет елдерде жүрген қазақтардың басынан өткен нәубет, ақтаңдақтарға көніл қоятын. Ол кісі қазақ тарихының білгірі болатын. Бірде біреу: «Монғолдың Қобдасында» деп қалып еді оған: «Неге Монғолдың Қобдасы, біздің Қобда емес пе, кезінде жоңғарларды Қобда асырып таstadtық емес пе» – деп құлгені бар. Жай бір сөз болғанымен, Мәкеңнің қазақтың ұлтарақтай жері үшін қам жейтін, ұлты үшін толғанатын абыз екенін іштей сезінетінбіз. Мәкең бүгіндері тірі болса, қазақ елінің зайырлы мемлекет болып қалыптасуына, оның тез дамып өркендеуіне және қазақ тарихын жан-жақты жетілтуге ұлken үлес қосар еді. Мәкең дархан мінезді, қоңыр дауысты, тілге шешен ғұлама еді. Ол кісіге қарасақ, біздер үшін мықты қорған іспетті көрінетін. Біреуден жабір көрсөн, Мәкеңді аңсайсың. Мәкеңнің шет елдегі қазақ тарихшыларына, жалпы қазақ зиялыштарына жасаған қамқорлығы өте көп. Сол себепті Мәкеңнің тікелей қамқорлығын көп көрген шет елдегі зиялыштар «Манаштану» тақырыбын зерттеп, Манаш аға бастаған іргелі зерттеу жұмыстарын одан әрі қарай Монғолияда, Қытайда, Түркияда, Ресейде және тағы басқадай елдерде жалғастырса құба-құп, нұр үстіне нұр болар еді демекпіз. Бұған қазақ еліндегі Мәкеңнің шәкірттері қол ұшын берерді деп сенеміз. Мәкеңнің рухы жасай берсін. Ол кісінің өнегелі өмірі бәрімізге үлгі бола бермек.

## Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ

### **МӘКЕҢНІҢ МЕН БІЛЕТІН ҚАСИЕТТЕРИ**

1990 жылдары шет елдегі қазақтардың алғашқы легі ата-жүртқа оралғанда, алдымыздан құшақ жайып қарсы алған, қолынан келген көмегін аямаған азаматтардың бірі Манаш Қозыбаев еді.

Мен ол кісі туралы сонау Моңғолияда жүргенде-ақ естігенмін. Дүниежүзі қазақтарының алғашқы Құрылтайына (1991 ж.) қатысқан азаматтар құрылтайда Мәкенің жасаған баяндамасын ала келіпті. Шет елдегі қазақтардың жай-қүйі жайлы алғашқы жүйелі мағлұматты біз осы баяндамадан алған едік. Ташкентте қызметте жүргенімде (1993 ж.) Манаш Қозыбаевтың «Қазақ тарихының ақтаңдақтары» атты еңбегі қолыма түсті. Қазақсырап жүргендіктен бе еken, әйтеуір осы бір еңбек маған жақсы әсер қалдырды. Атажүртқа оралғасын, сәті түсіп 1997 жылы Манаш Қозыбаев басқаратын Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына жұмысқа орналастым. Сөйтіп, қызмет бабындағы етene таныстырымыз осылайша басталып, төрт жыл бойы бірге қызмет атқардық. Мен Манаш Қозыбаевты гуманитарлық білім саласын университеттегі деңгейде мен-герген, тартымты да ұтымды пікірлерімен өзін де, өзгені де үнемі алға сүйреп отыратын алғыр ғалым ретінде танимын. Әрине, адам әркімге әр қырынан танылады ғой. Манаш менің жадымда тәмендегі үш түрлі қасиетімен қалды. Біріншісі, азаматтық нағыз үлтжандылығы. Мен мұны «үлтжанды» делінетін жалпақ үғымның деңгейінде айтып отырғаным жоқ. Олай дейтінім, үлтжандылықтың да өзіндік қырлары (standartes) болады. Мы-

салы, қайсыбіреулер үлттының қалқасында жан бағып жүргенін «ұлтжандылығымнан» деп санайды. Кейде тіптен үлттының абыройын өзінің бас пайдасына жегіп, өз басын күйттейтін жандар да кездеседі. Олар да бұл әрекетін «ұлтжандылығымнан» деп есептейді.

Ал, Манаштар — үлттын жан-тәнімен сүйгендер. Менің пайымдауымша, мұндай тұлғалар ортамызда тым көп емес. Бірде Мәкең: «Ахмет Байтұрысінов және Мағжандар үлтты үшін басын нағыз бәйгеге тіккендер ғой. Сол ағаларымыздың басынан кешірген қасіреті біздің буынды сәл-пәл сақтандырып тастаған жәйі бар. Ол үшін бір буын үрпақты қалай кінәлаймыз. Тәуелсіздікжаңа мүмкіндік беріп отырған мына заманда үлтүшін аянып қалатын неміз бар», – деген еді. Ғылым, білім жолымен шет елден келіп-кетіп жатқан азаматтарға ерекше мән беруші еді, қолынан келгенін аямайтын. Тек Монголиядан үш азамат докторлық, үш азамат кандидаттық диссертация қорғады. ҚХР-дан келген кәсіби тарихшы Нәбижан Мұқаметханұлының докторлық диссертациясына кеңесші болды.

Азаматтың жұмысбастылығын қастерлеп алдына көп бара бермейтінмін. Барған күнде бір де бір ісімді кейін қайтарып көрген емес. Мен онысын алыстан арып-талып келген қазақ азаматына деген жанашырлық деп танитынмын.

Екіншісі, сезімтал да алғырлығы. Соңғы жылдары тәуелсіздікпен бірге келген еркіндіктің арқасында ел, ұлт тағдырына байланысты талай-талай өткір мәселелер алға шықты. Ұлт тарихына байланысты тұстарды қайта қарауға тұра келді. Мұндай мәселелер ең әуелі Тарих институты, оның директорының жауапкершілігі мен іскерлігіне келіп тірелетін. Мәкең мұндай әрбір мәселеге алғырлықпен қарайтын. Бірде мен институттада бір ғылыми жиында «Ақ Орданы қазақ мемлекеттігінің бастауы деп таныған жөн сияқты» деген пікір айтқан едім. Мұндай бағыт тарихи әдебиеттерде бұрын ауық-ауық кездесетін. 1998 жылы жаздың бір күні шақырғасын кеңессіне бардым. «Актуальные проблемы изучения отечественной истории» деген материал дайындау үстінде отыр екен. «Сіз өткенде Ақ

Орданы қазақтың алғашқы мемлекеті деп қалдыңыз. Мұнда бізге бұрыннан белгісіз қандай жаңа деректер айта аласыз?» деген сауал қойды. Мен өзіме белгілі бірер дерек және аргументтер келтірдім. Ойланып қалғандай сезілді маған. Кешікпей бір конференцияда жасаған баяндамасында «Ақ Орда в сущности была казахским государством» деген түйін айтты. Мені ол кісінің сезімталдығы таңғалдырыды. Қазір де жазып бітіріп қалған «Жошы хан және қазақ мемлекетінің бастауы» атты еңбегімде Манаштың сол ресми ұсынысын Ақ Орда жайлы концептуалдық негізгі пікірлердің бірі ретінде алып отырмын.

Үшіншісі, әр қылы пікірлерді үштастырып, үтімдисын анықтап, қарсы жақтарды ымыраға келтіре білетіндігі. Мұндай тұстарда ол кісінің алғыры саясаткерлігі де байқалып қалатын. Кімнің кім екендігін әркімнің қас-қабағынан танитын. Адамдарды тындай да, өзін тыңдата да біletін. Мұндайда марқұмның жан-жақты білімділігі мен үрымтал шешендігі көмектесетін. Кейде абзал жанның ортамызда жоқтығы байқалып қалғанда, іштей ізден тұрғандай сезінемін.

Жұлдызы жанған ғұлама. Алматы, 2003. 136–138 бб.

*Қайдар АЛДАЖҰМАНОВ*

## **ТӨТЕДЕҢ ЖОЛДЫ САЛҒАН, ТАУДЫ ТЕСІП**

Уақыт білінбей өтіп жатыр. Аяулы Манаш Қабашұлының арамыздан кеткеніне де жылға жуық уақыт болып қалыпты. Қадірмен үстаздың әр жылдардағы ғылыми еңбектерін, кітаптарын, мерзімді баспасөз беттерінде еліміздің тағдырына, келешегіне байланысты жариялаған мақалаларын қайта қарай отырып, осынша дүниелерді қалай жазып үлгіргеніне еріксіз таңғаласың.

2001 жылы күзде шыққан «Дала өркениеті», «Жұлдызым менің» кітаптарында басылған зерттеулерін, публицистикалық мақалалары мен толғауларын, естеліктерін оқи отырып, ол тек тарихшы ғана емес, дана философ екенін де айқын байқауға болады. «Дала өркениетіндегі» ғалымның ел, жер тағдыры, тарихмыздың әр замандағы бетбұрыс оқиғалары туралы өткір де үтқыр мақалалары бүгін мен келешектің келелі міндеттерін алға тартады, қоғамдық ой-пікірді алға жетелейді. Осының бәрі – оқырманның, барша қауымның санасына жетіп, жүргіне берік үляған дүниелер. Себебі ол барша жүртшылықтың қекейіндегі мәселелерді дер кезінде айтып, соларды іске асыруға жантанімен қызмет етті.

Ғалымның зерттеулері мен көсемсөздері неліктен бүкіл жүртшылық ілтипатына ие болғанына оның бүкіл өмір жолы, ғылыми және қоғамдық қызметі дәлел. Манаш Қабашұлымен ұзақ жылдар шекірт және қызметтес іні ретінде араласа жүріп, көнілге бір түйгенім – ол кісі шекірттік сатыдан өтпегендей,

бірден біз бәріміз білетін атақты ғалым Манаш Қозыбаев болып қалыптасқандай көрінетін. Әсіресе Ш. Уәлиханов атындағы Та-рих және этнология институтында жеті жыл оның орынбасары болып, құнделікті қарбалас қызмет барысында ғалымның жұмыс режимі мен жазу қарқынына, қуанышы мен қүйініш сәттеріне күе бола жүріп, талай қызық әңгімелерін де естідім. Қазір ой елегінен өткізіп қарасам, солардың бәрі ұлағатты әңгімелер, өмірден туған шынайы толғамдар еken. Мендіқараадағы педучилищені үздік бітірген Мәкең ҚазМУ-дің тарих факультетіндегі ең жас және ең алғыр студенттердің бірі болғанын замандастары да, бүгін бірен-саран көзі тірі ұстаздары да айтады. Ал өзі оқу бітірген соң, Қостанай педагогикалық институтында жас оқытушы бола жүріп, зерттеуші ғалым ретінде де бірден көзге түседі. Осының нәтижесінде көп ұзамай Алматыға Партия тарихы институтына қызметкे шақырылады. Мұнан кейінгі Манаш Қабашұлының ғылыми қызметінің нәтижесі оны замандастары мен шекірттеріне ғұлама ғалым ретінде танытқаны даусыз.

М.Қ. Қозыбаев – ғұлама ғалым ретінде ғана емес, елінің, халқының алдында өзінің азаматтық парызын терең түсінген, осы жолда халқына қалтқысыз қызмет еткен тұлға. 1990 жылдардың бас кезіндегі Қазақстан Республикасының балама негізде сайланған алғашқы Жоғарғы Қенесінде халық депутаты Манаш Қозыбаевтың атқарған қызметі әлі күнге дейін ел аузында. Еліміздің келешек тағдырына қатысты заң жобаларын талқылауда, әсіресе, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына аянбай қызмет еткен ол мемлекеттік деңгейде ойлап, тұжырым жасайтын қоғам қайраткері ретінде танылды. Оны тәуелсіз Қазақстанның идеологі деп атаған Мәскеу базылымдарының, шетел ғалымдарының пікірі ғалымның зерттеулері мен мемлекеттік және қоғамдық қызметінің нәтижесі еді.

Депутат болған жылдары, онан кейінгі кезеңде де «академик Қозыбаевқа келіп едім» деген адамдардың легі азаймайтын. Тіптен алыстағы ауылдардан да, басқа қалалардан да келген адамдардың ешқайсысын бос сезбен қайтарған емес. Бәріне қолынан келгенше жәрдем ететін, ақыл-кеңесін беретін. Әсіресе саяси құфын-сүргін жылдары қорлық көргендерге,

олардың үрпақтарына деген ықыласы ерекше болатын. Осының нәтижесінде кейбірі баспанага ие болып, Манаш Қабашұлының арқасында басқа да қыындықтарды шешуге мүмкіншілік алды. Солардың бірі Қытайдағы атақты қазақ тарихшысы, марқұм Нығмет Мынжанидың баласы Сырым Алматыға көшіп келіп, пәтер алғаны үшін Мәкеңе дін риза.

Осыны білетін, естіген кейбір адамдардың тым асыра сілтеп те кететін кездері болатын. Манаш Қабашұлы соншама биік лауазымына қарамай, өте кішіпейіл, қарапайым еді. Бірде мені шақырған соң барсам, кабинетінде бір егде адам отыр екен. Мәкең: «Мына кісі пенсиясы өте аз, қиналып жүр екен, қаржылай көмек бере аламыз ба?» – деп сұрады. Институттың өзінің жағдайы белгілі. Ақыры Мәкең өз жанынан ақшалай көмек беруге мәжбүр болды. Осындай бірнеше жағдай болғанына мен өзім қуәмін. Енді бірде алыстан келген бір адамның баласы оқи алмай қиналып жүр еді деп, Алматыдағы бір университеттің ректорына «жәрдемдессеңіз» деп телефон шалды. Әлгі адам кеткен соң: «Бұл кісіні танисыз ба, кім еді?» – деймін. «Жоқ, танымаймын. Мені арқа тұтып келген соң; қалай бетін қайтaramын. Азамат қой», – деді ойға батып.

1980 жылдардың екінші жартысы ғылымда да, қоғамда да үлкен өзгерістер болатынын аңғартқаны мәлім. Манаш Қабашұлының қарыымды ғылыми қызметі осы кезден бастап тарихтың ақтаңдақтарын ақтаруға, тәуелсіз елдің шынайы тарихын пайымдал, қайта жазуға арналды. Оның ғылыми-үйимдастыруышылық қызметінің ең көзге түскені де осы кезең еді. Шынында да, тыңнан жол салып, қазақ тарихының көне заманнан бүгінге дейінгі проблемаларын сараптау, оны үйимдастыру оңайға түскен жоқ. Бірақ соның жемісі айқын нәтиже бергені баршаға аян. Бір ғана мысал: отаршылдардың дәріптеп келген Ермак сынды жаулап алушылары туралы ең алғаш мәселе көтеріп, соны ғылыми-шілдесіне дейін талдап берген, кім екенін дәлелдеген Мәкең болатын. Осының нәтижесінде Ермактың атындағы қала өзінің тарихи атауына ие болды. Немесе қазақ-жонғар соғыстары, XX ғасырдың қасіреті – 30 жылдардағы жаппай ашаршылық сияқты проблемаларды зерттеу Манаш Қабашұлының тікелей қатысуымен, үйимдастыруымен

жүргізілді. Бұл ізденістер оны көп томдық «Қазақстан тарихын» жазуды үйімдастыруға мүмкіндік берді. Оған өзі тікелей автор болды.

Мәкең талантты публицист болғанын айттық. Ол кісі көсемсөз шебері де еді. Жиналыстарда, ғылыми конференцияларда сөйлеген сөздерінде жүрттың көкейіндегі ойын дөп басып, толғандыра білетін. 1998 жылы 4-6 шілдеде Семей университеті халықаралық конференция үйімдастырып, жолға шықтық. Ертеңіне конференцияға жиналған университет залында ректор Ерлан Сыдықов Манаш Қабашұлына сөз бергенде: «Армысыздар, қазақтың Санкт-Петербургі аталған Семей халқының өкілдері!» деп сөзін бастағанда, ду қол шапалақтаған жүрттың көңіл толқуы ерекше болды. Кейбір орта жастағылардың көзіне жас үйірліді. Себебі Семей облысы таратылып, шаруашылығы қыын жағдайдағы қала тұрғындарының еңсесі жаңағы сөзден кейін бір көтеріліп қалғандай еді. Мәкеңнің ақындығы да өз алдына бір әңгіме.

2001 жылы шыққан «Жұлдызыым менің» кітабында белгілі қаламгер, журналист, профессор Әбілфайыз Үйдірысовқа арналған «Ботқалас досыма» деген өлеңінде «Өмірдің өткелдерін өттік кешіп, төтеден жолды салдық тауды тесіп» – деп жазыпты. Бұл оның өзі туралы айтқан ақиқаты. Шынында да, төтеден жолды салып, тауды тескен ғұлама ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың өмір жолы да, еңбегі де осыған саяды.

*Жұлдызы жанған ғұлама. Алматы, 2003. 122–125 бб.*

## *Toқтар БЕЙІСҚҰЛОВ*

### **ЖУЗІНЕҢ ЖЫЛЫЛЫҚ ЕСІП ТҮРАТЫН**

Мен Манаш Қозыбаевты өткен ғасырдың елуінші жылдарынан, студент кезімнен білемін. Ол кезде Мәкең тарих факультетінде, мен филология факультетінде оқимыз. Екі курстай жоғары оқыды. Сол уақыттың өзінде есімі белсенділігімен естіліп жүретін. Басқа факультеттерде оқысақ та, атына қанық болатынын. Тегі, тұмысынан еті тірі, пысық, еңбекқор қасиет дарыған болуы керек, менде ол туралы сондай пікір қалыптасты.

Қызмет, жұмыс бабымен әр жақта жүріп көпке дейін қоян-қолтық араласа алған жоқпыз. Тек 1980 жылдары Қазақстан Орталық Партия Комитетінің телевизия және радио секторының менгерушісі болып жүргенімде, түрлі жиналыстарда жүздесіп, пікір алысатын мүмкіншілік туды. Сол кезде де жоғарыдағы пікірім көкейіме нық орнығып, оған деген құрметім арта тусты. Неге дейтін болсақ, оның сабырлы, ұстамды, қызбаланып күйінбейтін, білімдар жақтары алаулап, үшқын шашып түрғандай көрінетін.

Сонғы жылдары, ол өмірден бақылық болып кеткенше, жиі араласып тұрдым да, оны бұрынғыдан да жақсы біле бастадым.

1991 жылдың аяғында, алпысқа толуыма бір ай қалғанда, ерте зейнеткерлікке шығып кеттім. Соның ақысы күн көріске же-тер, саулығым жетсе, ендігі өмірімді қаламгерлікке арнайын деп түйдім. Әр түрлі қызметтер істедім, бастықтардың баяндамалары үшін көптеген материалдар дайындалап, қағаз жаздым, сонда рахмет естігем жоқ, енді өзім үшін жазайын дедім. Кейде «Маркстен, Лениннен, партия басшыларының сөзінен таңғалдыратын цита-та неге таппадың» деген жәбірді де көрдік-ая. Осындай қиянненнан

да құтылсам-ау деген де ойым болды. Соның дүрыс болған екен, 1986 жылғы жеттоқсандағы көтеріліс жөнінде мол деректер жинап, «Жеттоқсан ызғары» атты зерттеу-толғау кітабымды жазып шығардым. Кім не дер екен деп толқып жүргенімде «Егемен Қазақстан» газетінің бірнеше санына Мәкеңнің «1986 – жеттоқсан: дақпырт пен шындық» атты мақаласы жарияланды. Бұл сол көтерілістің 10 жылдығына орай жазылған еді. Мақалада менің атыма да жылы лебіздер айттыпты. Қоңылтақсып жүрген көнілім бір көтеріліп қалды.

М.Қозыбаев – кісі еңбегін бағалай біletін әділ азамат. Кейбіреулер сияқты іреп-сынап, түкке алғысыз етіп жатпайтын, әркім әліне қарай шабатынын түсіне біletін.

Осы мақаласынан кейін менің тарихқа қарай пейілім молырақ ауып, оның жазғандарын қалт жібермей оқып жүретін болдым. Мәкең сергек те сезімтал ғалым еді. Республикада, бұрынғы Одақта қандай да бір оқиға, құбылыс атальып етіп жатса, ол кісі дереу үнін қоспай, салиқалы, білікті ой-пікірін ортаға салмай отыра алмайтын. Еске түсірейік: Аңырақай шайқасы, А.Байтұрсыновтың юбилейі, егеменді Қазақстанның он жылдығы, тағы басқа маңызды кезеңдер атальып жатқанда зерделі талдаумен жазған мақалалары мен кітаптары жарық көріп жатты. Қазақтың ұлы классик жазушысы «Б. Майлинді әлем деңгейінде көрсете алмай келеміз» дегені құлағымызыда. Оны Бейімбеттің 100 жылдығы кезінде айтқан еді. Ол сөзінде еш жалғандық жоқ. Менің Мәкеңнің бұл ойын осы уақытқа дейін санамда сактап жүруімнің себебі мынада. Б. Майлиннің тақсыретті өмірі мен қаламынан туған мол рухани қазынасын көп жыл зерттеп, бірнеше кітаптар шығарған маған ол түсінікті еді: «Бейімбетті атқан кім?» деген кітабымды жазып шығуға аз уақыт кеткен жоқ. Оның алдында КГБ архивіндегі Б.Майлиннің ісімен танысу мүмкіншілігін алу біраз жүйкені тоздырды. Ақыры ол да жүзеге асқаннан кейін әлгі еңбекті жазып шықтым. Бір баспаға ұсынбас бұрын ғалымдардың біріне көрсетіп алсам деп ойладым. Еңбек кезеңдермен астастырып жазылғандықтан М.Қозыбаевқа беріп, оқытып алайын деген тоқтамға келдім. Бірақ ол кісі уақытым жоқ, жұмысым көп деп жүре ме деп қобалжығаным рас. Хабарласып, жұмысына барып, жөнімді ай-

тып едім, қиналған, тыжырынған, шытынған мінез көрсетпей, бірден қолына алды да, бір-жар бетін ашып, «жарайды, қарап шығайын» деді. Көнілім орнына түсті. Қанша мерзім кететінін мен де сұрағам жоқ, ол да айтпады. «Тез оқып беріңіз» деуге ауызым бармай, этика сақтадым. Тықаңдаپ жатуды өзім де жа-рата бермеуші едім. «Қанша уақытқа созылар екен, ұзақ ұстар ма екен» деп, жүргем алып-ұшып, тықыршып жүргенімде бір күні телефон шалып, келіп алуыымды өзі хабарлады. Не бәрі бір-ақ жұма өтті. Дегбірім кетіп, ұшып жеттім. Не дейді екен, кем-кетікті көп тапты ма екен, жаратты ма, жоқ па? - деп мазасызды-нып келдім. Онымың бәрі бекер екен. Кітапты қолыма ұстасып жатып, «мынау менің пікірім» деп машинкаға басылған екі-үш беттік қағазды қоса берді. Ешқандай кейістік білдірген жоқ, ана жерін дұрыс емес, мына жерін алып таста деген сөз де естігем жоқ, ешбір жерін сыйзбапты да, түзетпепті де. Жазған пікірінде мені артығырақ мақтап та жіберген сияқты. «Бейімбетті атқан кім?» атты сол кітабым М.Қозыбаевтың баталы сөзімен 2000 жылы жарыққа шықты. Осы бір жайды тәптіштеп босқа ай-тып отырғам жоқ. Бұл жерде Мәкеннің қарапайымдылығы, менмендігі жоқ, кішіпейілділігі, адамға деген мейірбандылығы, әсіресе басқа кісінің еңбегіне мүқият болып, бағалай білетіндігі айқын көрінеді. Академикпін деп шекесінен шекірейгенді білмейді екен.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін тұрмыс-жағдай қынданай түсті. Ақшаның құны кете бастады. Алатын зейнетакы бірте-бірте үйдің төлемдері мен азық-түлікке жетпейтін болды. Сондайда кеңес кезіндегі алатын зейнетакының артылып та жататыны ойға орала беретін. Енді жұмыс істемеймін деген пікірімнен айни бастадым. Бірақ екі өкпеден қысып бара жатқан нарық заңы да қатал келді. Жұмыстың қайдан табарсың, зейнеткерді кім мүсіркеп ала қояды деген алаң көніл тежей берді. Сонда да бір қарекет жасау керек.

Салып ұрып М.Қозыбаевқа бардым, жағдайымды айттым. Көп сөзге келген жоқ, «жарты ставкаға алайын, кейін тағы көрерміз» деп кесіл айтты. Менің тарихшы емес, филолог екеніме де қараған жоқ, анау-ақ, мынау-ақ дейтін көп сылтауларды да көлденең тартқан жоқ. Сөйтіп, Ш. Ұәлиханов атындағы Тарих

және этнология институтына ғылыми қызметкер етіп алып, жаңадан қазақ, орыс, ағылшын тілінде шығатын «Отан тарихы» журналының қазақша материалдарын қарайтын редакторы етіп белгіледі. Кереметі сол, көп сөзге келген жоқ. Мәкең істі қолмақол шешетін, реті келмесе, бірден болмайтынын айтатын бейнесі бөлек жан. Бұл 1998 жылдың көктемі еді, ол сол институттың директоры еді.

Институтта алты-жеті айдай жұмыс істедім. Тегі, жаңадан келген қызметкерді бастықтардың бағалап, осы істі алып кете ала ма деп құдіктеніп қарайтын әдептері бар. Ал Мәкеннен мен соны сезбедім. Сенім артып жұмысқа алған соң өзі ойлансын дегендей, кірген-шыққан ізінді бақылап отыра бермейді еken. Ал сеніммен қарау – үлкен қасиет. Мен Мәкеннен соны байқадым.

М. Қозыбаевтың жұмыс стилі де қызық. Тұрлі жиындарға кеткенде болмаса, басқа уақыттарда сағат тоғыздан қалмай жұмысына келіп отыратын. Шүқшия жазуға кірісетін. Басқалардың келген-келмегендігін тәптіштеп сұрап, түгендей жатпайды. Соның өзінде кім қандай іспен шұғылданып жургенін білетін. Қызметкерлерді де, кейбір аяқ астынан керек болмаса, шақырып, зерттеуің не болып жатыр деп мазалай бермейтін. Тек ғылыми кеңестің отырыстарында, жұмыстың барысын қарап, талқылайтын жиындарда талап қойып, анықтап, өз пікірімен қорытып отыруға үлкен мән беретін. Қалай болғанмен де қызметті бірге істеуге жайлы, түсінісуге бейім адам еді.

Осы пікіріме бір дәйек келтірейін. Сол жылдарда ғылымның көп саласы бойынша қазақша-орысша сөздіктер шығару керек болды да, Мәкең тарих жөніндегі сөздерді теріп, оларға түсінкітер жазуды маған тапсырды. Тарихшыға жүктемегеніне іштей таңырқадым. Тағы да сенгені ғой деп түсіндім. Соны ақтау керек қой.

Сонымен ғылыми кітапханаға барып, тарихи кітаптар мен материалдарға, алуан тұрлі сөздіктерге көміліп кеттім. Тапқандарымды алфавит бойынша тізе бердім. Бірнеше ай өтті. Мәкең шақырып сұрайтын емес. Төрт жузге жуық сөз жинағанда, өзім барып жайды айттым. «Жинағаныңды қарап шығайын, жұмысты ары қаратса жалғастыра бер» деп алып қалды. Артық ауыз сөз жоқ. Көп ұзамай қайтарып берді. Тағы да ләм деген жоқ. Алып

кетіп қарасам, кейбір түсініктерді түзетіпті, кейбір сөздерді сыйыпты. Жалпы барлық дерлік сөз сол қалпында қалыпты. Жақсы не жаман, мынау жарайды, мынау жарамайды деп жүйкеге ти-ген жоқ. Мен жаратқаны, қабылдағаны деп түсініп, ісімді ары жалғастырдым. Қара сұық күзде басқа жұмысқа ауысып болып, тағы бардым. Бұл кезге дейін тергенім 900-ге жетті.

Кететінімді айтқанда оған таңғалған жоқ. «Ақшасы көбірек жер табылды ма?» деді. Шын көңілден раҳметімді айтып, жиналған сөздерді кімге тапсыратынымды сұрадым. «Өзіме қалдыр, қанша болды?» деп сұрады. Санын айтып едім: «бірсұыра болыпты, мыңнан асырсақ» деп маған қарады. Қозінен ризалық көңілі білініп тұрды. Мен ойладым: басқа бастық болса, ренжіп, «келерің бар, кеткенің қалай?» деп қабақ шытар ма еді, қайтер еді? Мәкенді жайлы бастық дейтінім осы мысалынан да байқалады. Осыдан екі-үш жыл бұрын тарих жөніндегі сөздік шыққан еді. Құрастыруши ретінде онда менің де атым жазылыпты. Кетіп қалды деп сыйып тастамай, қалдырған Мәкене қалай разы болмайсын.

Мен нақты өзім көрген-білген, басымнан кешкен жайларға байланысты Мәкенің көп қырлы қасиеттерін ғана әңгімелеп өттім. Ал оның республикамыздағы белді, беделді бірегей ғалым екендігі, тарихымызды тереңінен қазып, өркениетті ел екенімізді дәлелдеп, шетжүртқа таныта білгес ғұлама екендігі көңіл түпкірінде сақталатыны сөзсіз.

*Жұлдызы жаңған ғұлама. Алматы, 2003. 128–133 бб.*

*Тұрсынбек КӘКІШЕВ*

## **ҒҰЛАМА ҒИБРАТЫ**

Манаш Қозыбаевтың «Тұлғалар тұғыры» атты кітабының ерекшелігі – біріншіден, тарихшының көзімен қарап, заман, уақыт, кезең шындықтарын жеке тұлғалардың іс-әрекеттерін нақты деректерге сүйене отырып ой толғау болса, екіншіден, шын публицистке тән машықпен окушы зердесіне жеткізу мақсаттарын көздейді. Үшіншіден, тарихшының өрнегі мен әдебиетшінің ой-қиялы нақты мәселені баяндауға келгенде үлкен әлеуметтік арнаға бұрылып, философиялық түйін жасайтыны Манашты ғалым ретінде ерекшелендіретін сипатқа ие болады екен.

Әуелі жинақтың мейлінше жүйелі жасалғандығын айрықша атау қажет. Тіпті өзің жазғандарды окушыға түсінікті де ыңғайлы деңгейде жеткізу үшін талай ойланасың ғой. Ал «Тұлғалар тұғырын» жүйелі де мәнді құрастырған Ілияс Қозыбаев өзінің балалық парызын ғана орынданап қоймай, әкесімен бірге мектеп оқулығын жазып жүргенде алған тәжірибесі болсын, әдетте тірлікте көргені болсын барынша ықтияппүрәткіштің көрсетіп, жақсы үлгі-өнегені бойына сіңіре білгендігін мықтап танытыпты. Әкесінің мұрасын білгірлікпен жеткізуге кім болса да талпынады ғой. Сонда да Ілияс, шын мәнінде, әкесіне жаны ашитындығын ғана емес, мықты маман, шын тарихшы екендігін дәлелдепті. Оны кітапты талдау барысында аңғарып отыратындарыңызға кепілдік бере аlamын.

Сонымен, «Тұлғалар тұғыры» не, қандай ғибраты бар? Жинақ үлкен төрт бөлімнен тұрады. Әсіресе, «Арыстары қазақтың» және «Замана перзенттері» атты екінші және үшінші тараулары тарихи тұрғыдан да, эстетикалық таным арнасынан да мәнді де сәнді,

алымды да ажарлы, түсінікті де тағылымды. «Ой толғау» тарауына кірісерде Манаш «Өлім екі түрлі. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу» деген субелі ойдан бастайды да, ғұламалығын таныту мақсатымен емес, негізгі әңгімелерге апарар арналарды анықтау үшін «Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелеріне» әрі тарихшы, әрі әдебиетші ретінде назар аударады.

Мәскеудің атақты «Тамаша адамдардың өмірі» сериясынан қазақ қайраткерлеріне, атап айтқанда, Сәкен, Шоқан, Қаныш жайындағы ғұмырнамаларды атай отырып, «болашақта мұндай кітаптардың көбейгені жақсы болар еді» деген иті тілекті іші елжірей отырып жазады да, қазақ тіліндегі газет-журналдарда түркі текстес қайраткерлерге арналған жариялымдарды түгелге жақын шолып шығады.

Манаш Қозыбаев осы еңбегінде ғұмырнаманың талай шарттарын жеке-жеке мақалаға, ой-тұжырымға айналдырып отырыпты. Ғұмырнамасы жазылар кезде әуелі Азамат болуы шарт, ал оның көрікті, жарқырап қасиетін аңғартар, ел тілегін орындар, кісілік келбетін көрсетер сәттерін тәптіштеп баяндайды да «әрбір отбасы, мектеп, қоғам балаларды азамат етіп тәрбиелесе ғана еліміздің болашағы жарық. Әрбір перзентіміз құлқынның құлы болмай, Отанның ұлы болса қандай бақыт» деген иті тілекті айтудан жалықпайды. Бұдан кейінгі «Батыр – ел қорғаны», қазақ зиялыштары хақындағы толғаулар ғұмырнамасы жазылар қайраткерлердің сипатын айқындайтын қасиеттерді еске түсіріп, түсіндіріп, ұғындырып отырады.

Ал «Бізде ұлттық элита бар» деген тұжырымын қазақтың өткен-кеткен, бүгінгі тарихымен дәлелдеуге үмтүлады. Әрі-беріден соң элита қатарына қосылу үшін нендей қайраткерлік қажет екендігін бажайлап, тарамдатып айтып та береді. Мәселен, «ұлт элитасы деп ұлтына сенетін, оның басына түскен қындыққа, өз мұддесіне жететін, тығырықтан жол тауып, әлемдеі 2000-нан астам ұлт пен ұлыстардың ішінен «қазақ» деген ұлттың өркениеттік орнын тауып қана қоймай, оны өркениеттік талдаудың даңғыл жолына салып беруге өнерін, білімін, күш-қайратын, ар-намысын жегетін, керек кезде ең қыимбатты – өмірін беретін ұлт асылдары» деген түйіндеуінде Азаматтықтың ең биік өресін көреміз. Осы

теориялық ойларды Манаш «Арыстары қазақтың» деген екінші тарауда нақты тұлғалардың іс-әрекеттерімен дәлелдеуге қөшеді.

«Мырза Мұхамед Хайдар Дулати дала өркениетінің шежіресі» деген бірінші мақаласының өзінде теориялық баяндауға көбірек ден қояды. Ең алдымен, әлемнің бар жақсылығы Еуропадан тарауды деген жалған евроцентризм қағидаларының арамза сырын ашып, кейінгі кемел ойларына жол ашып алғыты. «Шын мәнінде, Орталық Азия халықтары өркениетінің әлемдік өркениеттегі мәртебелі орнын тұнғыш дәлелдеген Мырза Мұхамед Хайдар Дулати» болғандығын, осы көзқарастан айнымау қажеттігін дәлелдей келіп, Тарих-и-Рашиди өткенімізді зерттеудің методологиялық негізіне айналып, Дала өркениеттеріне негіз болған түркі текстестердің бірнеше ғасырлық тарихына үңіліп, азамат мәдениетіне қосқан үлестерін тарамдата баяндайды. Және бұл ғылыми толғаудың бір ерекшелігі, Манаш басқа тарихшылардай деректерді көзге көлбендете бермей-ақ мәселенің ішкі сырқұпиясын ашуға көп көніл бөліпті. Соның арқасында ел билеушіге қажетті он шартты баяндап, әр мұсылманның 17 күнәдан ада болуына назар аударады, әр мемлекеттің этно-территориялық болмысын, шарттарын білгірлікпен әңгімелейді.

Мұнан кейін тікелей қазақ тарихына қатысты ойларын тарамдатып, Қазақияның мән-жайына, жаңа үлттардың қалыптастып, мемлекеттері шаңырақ көтергенін, 92 баулы қыпшақ болмысының моңғол тектілерді жұта бастағанын, шынтуайтына келгенде, Шоқан айтқандай, Алтын Орданың негізгі жері мен елін қазақтың Ақ Ордасына айналдырып жібергенін мықтап еске салады. Олай болса, – дейді автор – «Қазақ хандығы – ата тарихымыздың асқар белесі, заңды жалғасы. Мырза Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашидиін» ата-баба тарихының толыққанды шежіресі» дегенді нығарлай жазады да, әлі күнге дейін евроцентризм түсінігімен келе жатқан әріптестерін, тарихшыларды, зиялыштарды шынайы ғылым жолына түсуге шақырады.

Осы ойын ғана емес, бүкіл қазақ тарихының даму ерекшеліктерін анғарту үшін ұлы тарихшы Қадырғали Қосымұлының ерен еңбегін санаға сіндіре баяндайды. «Қадырғалидің «Шежірелер жылнамасы» өзінің деректілік дәлелдігі мен байлығы жөнінен

сол заманның биік туындысы. Қазақ халқының тарихы тура-лы ең бай, ең негізгі дерек көзі» деген түйін де бір жолға аздық жасамайды. Бірімізді-біріміз тыңдал, айтылған ойды әрі қарай жалғастырып әкетсек, бүрмаланған қазақ тарихы тез-ақ жөнге түсер еді. Өкінішке қарай, орысша оқып, еуропаша ойлап қалғандар әлі де кес-кестеп алдымыздан шыға береді және білгірсіп солай ғой деп түсіндіруге бейім тұрады.

Әлі күнге дейін анықталмай келе жатқан қазақ этнонимі жайында Қадырғали айтқанды Манаштың бүгінгі біздерге түсін өзгертіп беруі де қызығылықты ғана емес, терең ойланатын мәселе. «Қадырғали қазақты шежіреде «Алаш», ал мемлекеттік одағын «Алаш мыңы» деп атайды» деп, Р. Сыздықова, М. Қойғелдиев және Ә. Қопабаев айтып жүрген пікірлерге назар аудару қажет екендігін ескертеді.

Манаштың тағы да бір құнарлы ойына, яғни «Шежірелер жинағы» қазақ әдебиеттану ғылымының да қайнар көзі іспетті дегені де еленуге тиіс. Қадырғали жинағында халық шығармаларынан үзінділері бірқыдыру беріледі. Мысалы, «Тоқтамыс хан туралы дастаннан» үзінділер бар. Бұл мысалдардан біз қазақ поэзиясы жазбаша түрде XVI ғасырдан бұрын хатқа түсkenін байқаймыз» деген ойына мен еріксіз іш тартамын. Себебі, Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында «бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихы ретінен қарасақ, үлкен адасқандық» (М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. «Ғылым», 1998) дегенін 1924 жылы Сәкен Сейфуллин «қазақ арасына жазба әдебиет таратқан Түркістаннан шыққан қожалар. Ол кезде қазақ арасына көп тараған Қожа Ахмет Йассаудің кітабы. Біздің қазақ ақындары соны еліктеп кеткен» («Еңбекші қазақ», 19.02. 1924) деген ойға қарсы «Ақ жол» газеті дау-дамай айтқан болатын. Коммунистік идеологияның күшеюіне және шовинистік көзқарастың өріс алуына байланысты «қазақта мәдениет түгіл тарихы жоқ на-дан халық» деген жалғандыққа қарсы өнімді ойды әрі қарай өрбітпей, әлі күнге дейін далақтаумен келеміз. Манаштың осы

кітабын оқып отырғанда талай сүбелі ойларға бастайтын пікірлер кездесіп жататыны осының өзіне дәлел болса керек.

Жинақты құрастырушы Ілияс Манашұлы әкесінің тарихшылдығы мен сөзге шеберлігін қатардағы оқушы болсын, зерттеуші болсын, атағы мол академик болсын, бәріне бірдей ұсынар ойларды сатылап жеткізгені, оқушы танымын молайтқаны өте орынды болған. Мәселен, Абылай ханмен қазақ тарихында болған басқа тұлғаларды тұйықтап тастаса, кейінгі тарихи шындықтарға зияны тиер еді. Абылай ханды айтқаннан кейін оны оң жолға салып, ақылын айтып отырған «Дала даңасы – Бұқар жырауды» айтпай, жазбай кетсе, көп мәлімет пен шындық көрпе ішінде қалып қояр еді. Міне, осы тұста Манаштың тарихшылдығы ғана емес, әдебиетшілдігі, көркем сөздің қадірін түсіне білетіндігі бірден көрініп, Бұқар жыраудың көмекей әулие екендігі, кейінгілерге қалдырған тағылымы өзінен-өзі андыздан оқушы санасына жетеді.

Манаштың Бұқар жырауға байланыстыра қазақ елінің халықтық гимнін (Елім-ай) жасаған Қожаберген сынды дауылпаз дарынға айрықша тоқтағаны жөн болған. Академияның, қазақтың талай ғалымдары бас болып ғылыми конференция өткізгеннен кейін де филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанов сынды зерттеушілер Қожабергенді «аңыздық тұлға», яғни қолдан жасалған мұсін дегендегі қысас пікір таратып жүр. Осы тұрғыда ғұламаның сезімі хабар берді ме еken, Манаш Қозыбаев «Елім-ай» әдеби тұрғыдан алғанда теңдесі жоқ туынды. Онда тек халық мұңы ғана емес, оның сыры, рухы бар. Автор егіліп те, төгіліп те жырлайды. Бірде тарихи тереңдікпен бойласа, бірде бүгінге қайғырып, болашақты ойлайды, философиялық пайымдармен орағыта толғайды. Ендеше, Қожаберген бабамызды қол бастаған батырдан өтіл, ғасырлар қойнауына мұра етіп келе жатқан асылымыздың авторы – Дауылпаз жырау деп атау орынды» деген ойын әсіресе әдебиет тарихын зерттеушілер қатты ескеруге тиіс. Түсіне алмағандар кездессе, Манаштың «Дауылпаз баба – Қожаберген» деген тарихи-әдеби эссесінен оқып алсын. Өйткені, «Қожаберген есімі Әз-Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты ұлттымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында

хатталады» деген шешімді ойы тарихи шындықпен дәлелденген тұжырым.

Рухани құشتің мықтылығын, айрықша пәрменділігін Манаш енді ел тірегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Керей Ер Жәнібек, Жәуке, Исатай-Махамбет, Сырым, Қарасай, Қенесары-Наурызбай батырлардың ел үшін, халық қамы үшін бастарын оққа тіккендерін нақты мұрағат деректерімен оқушыға жеткізіп, тарихи таным-біліктерін молайтып тастайды.

Қазақ тарихының арғы белестерін қасиетті тұлғалармен көрсете келіп, енді қазақ мәдениеті батыс, орыс мәдениеттерінің ігі нийетпен не зорлық жүйесімен тоғысқанын көрсету үшін әңгімені «Шоқан шоқыларынан» бастайды.

Отаршылардың негізгі мақсаты жаулаған бодан елдердің мысын басып, қанау-тонау әрекеті болса да, объективті түрде басқа да ықпалы тиетінін жоққа шығармау керек. Осыны біз Ресей империясының үзын қолы қазақ даласына жеткен кезден анық аңғарамыз. Қазақ байлары мен төрелері балаларын орысша оқытуға құмарлануының өзі нәпақадан құр қалып қоймаудың амалы еді. Ал оқу-білімге араласу, сез жоқ, өзінің илі ықпалын жасамай қоймайды. Олардың ішінен Шоқан, Ұбырай, Абай сынды ағартушы-демократтармен қатар кешегі алаш қозғалысын бастаған ата-ағаларымыздың шыққанын айтудымыз парыз. Игі мәдениет араласқан тұста иглікті істер болмай қоймайды. Міне, осыны ескерген Манаш Қозыбаев «Шоқан шоқыларын» даралай әңгімеледі әбден заңды.

Ал осы ойларға қосыла отырып, Шоқан көзқарасын баяндауда ескерілмей жүрген үлкен бір мәселеге назар аударыпты. «Шоқанның көзқарасына әсер еткен факторлардың тағы бір саласы марксизм идеяларымен таныстыры деп ойлаймын. Шоқан Чернышевскийдің «Современник», А.Герценнің «Колоколын» оқығанын замандастары сол кезде-ақ айтып кеткен еді. Ал Шоқан маркстік әдебиетті оқыды, онымен таныс еді деген дерек жоқ» дей тұра, оның әдеби мұрасына көз қырын салу керек деп бірден-бір дұрыс жолды көрсетіпті. Және адамды сендірерліктең деректерді келтіріпті. «Шоқанның көзқарасы ағартушылықтан асып, революционер-демократ аясына бейімделумен танылады»

деген қорытынды жасапты. Тап осындай ойдың шеті «Абай және оның заманы» деген толғауында да бар. Төгінде, тарихшының көзқарасы әдебиетшілдігі жәрдемге келер сәті осыдан-ақ байқалса керек.

Ағартушы-демократтардан кейін Әлихан Бекейхановқа арналап «Тағдыр: түнек пен шырақ» деген мақаласы 1995 жылы «Ақиқат» журналына басылған нұсқасымен беріліпті. Онда «Әлихан Бекейхан есімі алаш, қазақ ұлы, қазақ мәдениеті, оның тарихы, қазақ мәдениеті, шығыс мәдениеті түбірлі де дүбірлі проблемалармен байланысты. Кешегі казармалық социализм заманында біз оның есімін, тек қана «буржуазиялық ұтшыл», «алашордашыл», «халық жауы» деген сияқты құбыжық ұғымдармен байланыстырып, қалың елді, оның ішінде зиялыштар қауымын үркітіп келдік. Не жасыратыны бар, үркіп қана қоймай, үріп келгендердің қалың ішінде біздің үрпақ та бар» дегені Манаштың парасаттылығын айқын танытады.

«Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы», «Ұлт перзенті Смағул Садуақасов хақында», «Әмір Әбдіғапар», «Тағдыр тәлкегі (Аманкелді батыр туралы ізденіс)», «Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар» атты толғаулар мен мақалалар негізінен алаштың ардақтыларының толқылмалы тағдырларына арналып, талай соны пікірлерді айтқан. Осы жөнінде тарихшының көзімен көргендерді, түйінделген ойларды біздің әдебиет зерттеуші ғалымдар ойлана оқып, толғана тұжырым жасаса қазақ ғалымына едәүір олжа болар еді.

Сәкенге арналған «Халықтың еркесі, көш бастар серкесі» әссеци, Жұсінбек Аймауытовтың «Қабырғалы қаламгер», Үбірай Алтынсариннің дәстүрін жалғастырған «Спандияр Қобеев тағылымы» ұласып, Қаныш Сәтбаевтың қазақ тарихында алатын орны мен даңқына сүбелі сөздер арналты.

«Тұлғалар тұғыры» жинағының үшінші тарауы «Замана перзенттер» деп аталады да, қазақ тарихының пірәдары Әлкей Марғұланға арналады. Бұдан кейін Ғабеңнің – Ғабит Мұсіреповтің адамгершілігін, пендешілігін, майталман жазушылығын сөз етіп, халқымыздың аяулы ұлы Илияс Омаровтың өмір тынысына үніледі.

Бұл үшінші тараудың екінші бөлігі естелік іспеттес ой-тұжырымдарын жеткізген еken. Оған өзі аралас-құралас болған қазақтың ірілері мен жайсандары топтасып, қазақтың ғылыми-әдеби элитасы кескін-келбетін, әдет-ғұрпышын, іс-әрекетін аңғарлықтай деңгейде баяндайды. Оның әрқайсысына мінездеме беріп сипаттасақ, рецензиямыз шұбатылып кетері сөзсіз. «Халқының Мәлігі» деп қазақтан шықкан Қеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллин жөнінде ұзақ толғанса, «он екі мыңға жуық Қеңес Одағының батырлары қатарынан Бауыржан Момышұлы орын алуға тиіс» деп шамырқанғаны 1990 жылы шамырқанғаны періштенің құлағына шалынды ғой.

«Димекен туралы естелік жазамын деп кім ойлапты» дегеннен басталатын «Өтті, кетті сол заман» толғауы 70–80 жылдардағы жағдайды көзге елестетеді. «Кеңес режимінің дәуірлеген тобы. Бәрін өзі шешіп, өзі билік айтатын партияның заманы. Адам өмірі, еңбегі ойыншыққа айналған кез» деп өз басынан өткен оқиғасын былай жалғастырады. «Белгілі антрополог О. Смағұловтың кітабы өртенді. Содан кейін кезек М. Қозыбаев, З. Голикова бірігіп жазған «Золотой фонд партии. Из истории кадровой политики КПСС» деген кітапқа жетті. Бір сағатта бірнеше жылғы еңбек күлge айналды. Бес жыл «жер ауып», Алматы мал дәрігерлік институтында өксік өмір өтіп жатқанда» құдай беріп, Д.Қонаев шақырып, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы етіп тағайындағаны өрбітер ойға тиек болыпты. Сол сияқты «Өрге баста елінді» деген тілекті Н.Назарбаевқа достық ниетпен айтыпты. Сондай-ақ, Шахмардан Есенов, Өмірбек Жолдасбеков, Өмірзак Сұлтанғазин, Сақтаған Бәйішев, Қалтай Мұхамеджанов, Өзбекәлі Жәнібеков, Салық Зиманов, Евней Бекетов, Батырбек Бірімжанов тағы басқа қайраткерлер жөніндегі естеліктер мен көргендері окушыға ой салатын гибратты дүниелер.

Көзі көріп, аралас-құралас болған қайраткерлердің ішінен екі пендеге, атап айтқанда, Илияс Есенберлин мен Ермұқан Бекмаханов жайлы толғамдарына тоқтау қажет. Өйткені, олар бір-бірімен байланысып жатуымен, тағдыр талқысымен бауырлас болуыменғана емес, қазақ еліне сіңіріп кеткен еңбектерімен қадірлі екені еске алынған.

«Ілияс Есенберлин есімін атағанда қазақ әдебиетінің, қазақ мәдениетінің алып тұлғаларының бірі көз алдыма келеді. Ұлы жазушының мен өз басым ерлігіне тәттімін. Кешегі атақты ғалым Е.Бекмұхановтың итжеккенге айдалуының басты себебі, ұлт-азаттық қозғалысының ең бір жабық тақырыбы Хан Кене бастаған қаһарман халқымыздың бостандық күрес тарихын зерттеуі емес пе еді?! Міне, осы бір «жабық», басқаша айтқанда, «абақты», «итжеккенге» айдауы мүмкін тақырыпқа оралу үшін қандай жүрек керек десеңізші! Ілеkeң империялық қаһардан қорықпады, зиялыш қауым ішінде Хан Кенедей батырлығын танытты, заманнан ширек ғасыр озып, арттағы үрпаққа өлмес мұра, Ә.Кекілбаев, М.Мағаунин, С.Сматаев сияқты талантты тарихи романнестер мектебін қалдырды» деген кесек ой әділдігімен құнды. Ал өзінің ұстазы, үлгі алған ғұлама ағасы Ермұқан Бекмұханов жайындағы «Тағдыры күрделі қайсар талант», «Ұстазым туралы бір-екі сөз» толғаулары шынайы сезіммен, ғибратты ойларымен құнды. Ұлы тарихшы мен жазушының артында қалған орасан зор мұраларын білуге, оқуға еріксіз жетелейді. Бұдан кейін әнгімеленетін көп есімдердің атын біліп, бұл жалғанда қалған іздерін, өнегелерін аңғарып, ғибрат аламыз.

Ал тәуелсіздік келгеннен кейін жазған «Сталин және Қазақстан» немесе Голощекин, Хрущев, Брежнев тұсындағы Қазақстанның шындықтары барынша дәлелді де, ашық баяндалған уақытта пенделік пиғылымен қатар қазақ халқының рухын сындыру, басып-төстеу үшін ойына келгендерін істегендерін ішкі дүниесі қан жылай отырып баяндауы да, бар ойын емеурінмен білдіруі де, әбден қысастық жеңген сәтте ашына да ашы айтатындары да осы кітаптың өн бойынан анық аңғарылады. Өтпелі осы дәуірді басынан кешірген, шын мәніндегі, тарихшы қай кезеңде мақала жазбасын, жан-сырын толғанысын, өзінің адами позициясын аңғартып келгені үшін қадірлеуге тиістіміз. Ондайды істемей, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып шығатындардың, әсіресе, қазақ зиялыштарының психологиясынан жиі кездесетін аярлықты Манашта аз екенін аңғарып, шын мәнінде ғұлама тарихшы екендігіне ден қоямыз.

*Мейір ЕСКЕНДІРОВ,  
Мұхтарбек КАРИМОВ*

## **МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ КӨРСЕТКЕН ЖОЛМЕН**

Халқымыздың ардақты перзенті, көрнекті ғалымы Манаш Қабашұлы Қозыбаев отандық тарихтың құрамдас бөлігі саналатын өнірлер тарихын жан-жақты зерттеудің қажеттігін күн тәртібіне қойып кетті.

Манаш Қабашұлы Қазақстанның өзіндік тарихқа бай өлкелеріне де ерекше ілтипатпен қарағанын ел біледі. Соның бір көрінісі, оның өнірлер тарихына байланысты ұстанымдары мен көзқарасы болатын.

Ол өлкे тарихын зерттеуге барынша қолдау көрсете отыра, сонымен бірге отандық тарих ғылымының регионоведение сияқты саласының, еліміздегі іргелі зерттеулердің орталығы – Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ұстанатын концептуальді бағыттарына сай зерттелуі қажет деп есептеді.

Манаш Қабашұлы өмірінің соңғы кезеңінде Семей жеріне екі рет, дәлірек айтқанда, 1998 және 2001 жылдары ат басын тіреген еді. Ол алғаш 1998 жылы Семейге келіп, сол кездегі Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ұстаздары және студенттерімен кездесуінде «Қадірлі қауым! Семей жерінің тарихы бай. Ол сонау көне дәүірлерден бастау алады. Семейдің Ертіс өнірі бір кездердегі ер түрік пен жауынгер қыпшақтың кіндік жері емес пе еді? Бұл жер тұнып тұрған шежіре. Мына қарт Семейдің көшесінде кешегі Әлихан, Ахмет, Міржақып, Райымжан, Халел сияқты Алаш арыстарының іздері сайрап жатыр. Міне, сіздер бағытты түрде өнір тарихын зерттеулеріңіз керек. Бұл отандық тарихқа қосқан сүбелі еңбек болар еді. Сол сияқты, Семей жері

мына көрші Ресеймен де ежелден тығыз байланысты болды. Сібірде небір тамаша бізге ниеттес тарихшы әріптерестер бар. Со-лар мына құрделі кезеңде материалдық қыындықтар көріп жүр. Соларды бірігіп жұмыс істеуге тартса, артық болмас еді...» деп, айтқаны есімізде.

Сол жолы ерекше бір тебіреністе болған Манаш Қабашұлы Қазақстанның шығыс өнірі өзіне ерекше ыстық екенін де шәкірті Ерлан Сыдықовқа сырғып айтқан. Сөйтсек, ол кісінің ұлы атала-ры шамамен, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында отарлық саясаттың қысымымен Қара Ертістің бойынан сонау қыырдағы Қостанай өніріндегі Обаған бойындағы керей ағайындарына көшken көрінеді. Бір қызығы, біз Монголияның Баян-Өлгей аймағында болып жүргенімізде, абақ керейлердің бір тармағы бо-латын «қарақастардың қара шаңырағының Торғай жақта көшken елмен бірге кеткенін, содан қарақастардан бақ тайғанын» айтқан өлеңдерін жазып алдық. Бұл сол кездердегі оқиғаларға қатысты әңгіме емес пе екен, кім білсін? Осы жолы Манаш ағаға Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің Құрметті профес-соры атағы берілген болатын. Сонымен бірге, ол кісі Университет-тің құрметті меймандары аллеясына пирамида тәріздес теректің жіптікей көшетін отырғызған еді. Бүгіндері бойын көкке созған сол терек, ағаның біздің жерге келуінің үнсіз белгісіндей желге тербеліп, жайқалып тұр.

Манаш Қабашұлының Семей жеріне екінші келуінің алдында, ғылыми зерттеулерді бағытты және жүйелі жүргізу үшін Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде Қазақстан Рес-публикасы Білім және ғылым министрлігінің 25 наурыздағы арнайы қаулысымен «Тарихи зерттеулер ғылыми орталығы» құрылды.

2004 жылды наурызда Семей мемлекеттік педагогикалық ин-ститутының өз алдына шаңырақ көтеріп, Шәкәрім атындағы Се-мей мемлекеттік университетінен бөлініп шығуына байланысты академик Манаш Қозыбаев атындағы Тарихи зерттеулер ғылыми орталығы жаңадан құрылған осы оқу орнының құрамына енгізілді.

Көп ұзамай, 2004 жылдың 5-сәуірінде Семей мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми кеңесінің қаулысымен

Тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер ғылыми орталығына тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлтық ғылым академиясының академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың аты берілді.

Қазіргі таңда Манаш аға атындағы ғылыми орталық аса көрнекті ғалымның атына сәйкес ғылыми ізденістерді іске асыруда. Манаш Қозыбаев атындағы тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер ғылыми орталығының зерттеу жұмыстарына Семейдің, Өскеменнің, Павлодардың және т.б. жерлердің жоғарғы оқу орындарының тарихшы және қоғамтанушы ғалымдары тартылған. Олардың арасында тарих ғылымдарының докторлары, кандидаттары, ғылым магистрлары, магистранттар және студенттер бар. Сол сияқты, ғылыми орталық зерттеу аясын кеңеңті отырып, Ресей Федерациясы ғылым Академиясының Сібір бөлімінің Тарих институтының, Барнаул мемлекеттік педагогикалық университетінің, Таулы-Алтай мемлекеттік университетінің және Монгол Ұлысы ғылым Академиясының Баян-өлгей қаласындағы Әлеуметтік-экономикалық ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдарымен де кең ғылыми байланысқа түсken. ғылыми орталық оқтын-оқтын болса да, Қытай Халық Республикасының Шыңжан аймағының ғалымдарымен де байланыс орнатып отыр.

Құрылғанына 11 жылдан асып бара жатқан уақыттың ішінде 9 монография, 8 мұрағат құжаттары мен материалдарының жинағы, 500-ге жуық ғылыми мақалалар жарық көрді. ғылыми орталықтың ұсынған тақырыптары бойынша 7 тарих ғылымдарының докторы, 15 ғылым кандидаттары дәрежесіне диссертациялар дайындалып, негізінен қорғалды. Олардың ішінде, Ресей азаматтары да бар. Мәселен, ресейлік тарихшы М.П. Малышева ғылыми орталықта докторлық диссертациясын дайындағы. Оның «Казахи в период демографических кризисов (1919–1934 гг.)» деген тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында ойдағыдай қорғалды.

Профессор Е.Б. Сыдықовтың «Российско-казахстанские отношения на этапе становления тоталитарной суперэтнической державы», «Высшая школа: современный взгляд и подходы к реформи-

рованию», «Тәуелсіздік танымы», профессор В.С. Познанскийдің және доцент М.П. Малышеваның «Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934 гг.)», «Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана (1919–1922 гг.)», профессор М.Ф. Ескендіровтің «Восток Казахстана на стыке столетий (вторая половина XIX – начало XXI вв.)», «Восточный Казахстан в годы силовой модернизации (20–30 гг.)», профессор Ж.О. Артықбаевтың «Эрчисын-сүмә – храм на Иртыше (Загадочные истории XVIII в.)» монографиялары, доцент А.И. Исиннің «Әділ сұлтан» эпикалық жыры, Семей мемлекеттік педагогикалық институтының құрылғанына 75 жыл тулына арналған «Еліміздің шығысындағы үстаздар дайындау ордасы» және «Мақтанышымыз-түлектеріміз» атты ұжымдық монографиялары осы орталық құрылғаннан бергі кезеңде жарық көрген еңбектер болып табылады. Сол сияқты, қазақ халқының даңқты перзенті Бауыржан Момышұлының туғанына 100 тулына орай оның 1944 жылы Қаз ССР Ғылым Академиясында оқыған «Соғыс психологиясы» деп аталатын дәрістерінің жинағын қайтадан бүгінгі талаптар негізінде басып шығару орталықта іске асырылды.

Ғылыми орталықта Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз еліміздің аяқта туруынан және дамуынан жан-жақты мағлұмат беретін, еліміздің осы заманғы тарихы іспеттес «Казахстанский путь» еңбегін «Қазақстан жолы» деген атпен тәржімалау ойдағыдай іске асырылды.

Манаш Қабашұлы бір кездерде бізге айтқан «Ресей ғалымдарын бірлескен зерттеулерге тарту керек» деген ұсынысы бұл күндері іске асуда. Орталық Ресей ғылым Академиясының Сібір бөлімінің Тарих институтымен «Жоғарғы Ертіс XVII–XXI ғғ.: үлттық-мемлекеттік, этно-мәдени, экологиялық өзара байланыс» тақырыбында бірлескен жобаны Ресей грантының негізінде іске асыруда. Бұл бойынша Новосібір қаласында екі ғылыми конференция өткізілсе, осындаи конференцияны құзде Семейде өткізу көзделуде. Аз ғана уақыттың ішінде «Верхнее Прииртышье в XVII–XXI вв. Национально-государственное и этнокультурное взаимодействие. Новосибирск, 2009» ғылыми мақалалар жинақтары, «Сибирские переселения. Освоение Верхнего Прииртышья во

второй половине XVII – начале XX вв. Новосибирск, 2010» деп аталағын XVII–XVIII ғасырдағы Қазақстан және Сібір аймағын қамтитын аса қызықты саяси жағдайларға қатысты мұрағат құжаттарының жинағы және «Социально-экономические и этно-культурные процессы в Верхнем Прииртышье в XVII–XX веках. Новосибирск, 2011» тақырыбындағы ғылыми конференцияның материалдарының жинағы жарық көрді.

Академик Манаш Қозыбаев атындағы тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер ғылыми орталығы Ертіс, Алтай, Тарбағатай өнірлеріне қатысты мұрағат материалдарын іздеуде және оларды жүйелеуде Ресей, Қазақстан мұрағат мекемелерімен бірлесіп іс-қимылдар жасауда. Нәтижесінде, «Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20–30 гг. XX в.)» және «К истории российской колонизации Восточного и Северо-Восточного Казахстана». Сборник документов и материалов (XVIII в. – 1917 г.», «Развитие горного дела в Восточном Казахстане (XVIII в. – 30 годы XX века)», «Административно-территориальное управление в Восточном Казахстане (XVIII в. – 30 годы XX века)», «Из истории величайшей трагедии казахского народа 1932–1933 гг.», «Переселенческая политика царского правительства и ее осуществление в Восточном Казахстане, XVIII – нач. XX вв.» 2 томдық құжаттар мен материалдар жинақтары дүниеге келді.

Сонымен бірге, ғылыми орталықтың негізінде ғылыми конференциялар өткізіліп отырылады. Мәселен, 2002 жылы Императорлық Ресей географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің 100 жылдығына, ал 2004 жылы ұлы ғалым Әлкей Марғұланың 100 жылдығына, 2008 жылы қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл тулуына арналған «Қазақ және Әлем мәдениетіндегі Шәкәрім шығармашылығы» және Алаш Автономиясы үкіметі – Алашорданың құрылғанына 90 жыл тулуына орайластырылған «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» атты конференциялар болып өтті. 2009 жылы Монголияның Баянөлгей аймағының әкімшілігімен және ондағы Монгол ғылым Академиясы Баянөлгей қаласындағы Әлеуметтік-экономикалық зерттеу орталығымен бірлесіп, Баянөлгейде «Қазақ диаспорасы: кешегісі, бүтіні, ертеңі», Жәнібек батырдың туғанына 300

жыл толу қарсаңында үйымдастырылған «Қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру», 2010 жылы Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының құрылғанына 90 жыл толуына арналған «Еліміздің әлеуметтік-саяси және мәдени дамуын зерттеудегі мұрағат құжаттарының рөлі» және Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Қазақстан және қазіргі әлем: тарихы және қоғамдық-саяси дамудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялары өткізілді.

Ғылыми орталық этно-мәдени саладағы зерттеулерге үлкен маңыз беруде. Ғалымдарымыз бен студенттердің күшімен Қазақстанның Ертіс өңірінің және қазақ халқының мәдени мұраларын жинауға қатысты кең көлемдегі бағытты және жоспарлы түрде археологиялық және этнографиялық зерттеулер іске асрылуда. Жыл сайын институттың «Тарбағатай» археологиялық экспедициясы Әлкей Марғұлан атындағы археология институты және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археология және этнография кафедрасы жүргізетін археологиялық қазба жұмыстарына кең қатысада.

Археологиялық, этнографиялық, фольклорлық бағыттағы ізденістер болашақ мамандардың тарихи саналарын кеңейтіп, болашақта тарихты оқытуда ғылыми-зерттеудің әдістерін кең пайдалануға, әсіре идеологияландырудан, әсіре саясаттанудан шығуға жол ашады, өткендегіге шындық көзімен қарауға мүмкіндік береді. Ғылым мен білім арасындағы тығыз байланыс, студенттің өзін, өткен үрпақтың құндылықтарын келер үрпаққа жеткізуші ретіндегі сезімін қалыптастыратыны анық.

Ғылыми орталықта «Еуразия орталығы» ғылыми журналы шығарылады. Журнал таяу және алыс шетел мемлекеттерінің әр түрлі мектептері мен бағыттары өкілдерінің теориялық және әмпирікалық зерттеулерін жарыққа шығарып отырады.

Манаш аға көрсеткен жолмен жүріп келе жатқан академик Манаш Қозыбаев атындағы тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер ғылыми орталығын, отандық тарихқа қомақты үлес қосуға, тұрақты демократиялық қоғамды қалыптастыруға, азаматтылық пен Отан тағдырына жауапкершілікті нығайтуға негіз болатын жаңа ашылулар күтіп тұр.

**Кәкімбек САЛЫҚОВ**

## **МАНАШТЫ ОҚЫ**

Беу, қазақтар, қойыңдар көп таласты,  
Бет тырнасу кімге, қашан жарасты.  
Кім екенін Шыңғыс ханның білмекке,  
Тереңірек оқу керек Манашты.

Ол – тарихшы әділетті, ең бапты,  
Елдің мұңы, оған қалың шер батты.  
Үңілейік жазғанына Манаштың,  
Айқындауға алабұлік Ермакты.

Озбырлықтың оған зілі бататын,  
Шырмауықта білгір басы қататын.  
Манашты оқы  
білгің келсе дүрыстап,  
Отыз екінші жылдың аштық апатын.

Байрағы еді, барлаушысы оң істің,  
Білді сырын қытайдың да, орыстың.  
Манашты оқы  
Тереңірек білуге,  
Зар-зардабын қан шенгелді соғыстың.

Көзі куліп,  
Кендеу ашып қабағын,  
Бұрқыратты асau тарих сабағын.  
Енді қайда барамыз? – деп ойлансақ,  
Қозыбаев Манашты оқы, қарағым.

2002 ж.

## Сведения об авторах

**Зиманов Салык Зиманович** – действительный член (академик) Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор юридических наук, профессор.

**Ахметов Канапия Габдуллинович** – кандидат философских наук, профессор.

**Сужиков Бахыт Мухамбеткалиевич** – руководитель отдела Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова Национальной академии наук Республики Казахстан, кандидат исторических наук, доцент.

**Мажитов Саттар Фазылович** – руководитель отдела Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор.

**Алимова Дилором Агзамовна** – директор Института истории академии наук Республики Узбекистан, доктор исторических наук, профессор.

**Деревянко Анатолий Пантелеевич** – действительный член (академик) Российской академии наук, академик-секретарь Отделения историко-филологических наук РАН, директор Института археологии и этнографии Сибирского отделения РАН, доктор исторических наук, профессор.

**Ламин Владимир Александрович** – член-корреспондент РАН, директор Института истории Сибирского отделения РАН, доктор исторических наук, профессор.

**Плоских Владимир Михайлович** – действительный член (академик) Национальной академии наук Кыргызской Республики, вице-президент НАН КР, доктор исторических наук, профессор.

**Бельгер Герольд Карлович** – писатель, переводчик и публицист.

**Маяр Иосиф Исерович** – заслуженный работник культуры Казахстана, кандидат исторических наук.

**Гуревич Леонид Яковлевич** – генеральный директор Центра бизнес – информации, социологических и маркетинговых исследований BISAM Central Asia, профессор кафедры социологии и права Казахского экономического университета им. Т. Рыскулова, доктор исторических наук.

**Пирманов Адильхан Батырханович** – главный редактор корпорации «Атамұра», кандидат исторических наук.

**Капаева Айжан Токановна** – руководитель отдела Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор.

**Кайдар Абдуали** – действительный член (академик) Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор филологических наук, профессор.

**Султангазин Умирзак Махмутович** (1936–2006) – действительный член (академик) Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор физико-математических наук, профессор, экс-президент Национальной академии наук РК.

**Кекильбаев Абиш** – народный писатель Казахстана.

**Кошанов Аманжол Кошанович** – действительный член (академик) Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор экономических наук, профессор.

**Сагадиев Кенжегали Абенович** - действительный член (академик) Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор экономических наук, профессор.

**Мырзахан Жакып** – профессор Академии общественных наук СУАР Китайской Народной Республики.

**Мухаметханулы Набижан** – профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби, доктор исторических наук.

**Камалашулы Бикумар** – доктор исторических наук, профессор (Монгольская Республика).

**Кинаятулы Зардыхан** – руководитель отдела Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор.

**Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич** – ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова Национальной академии наук Республики Казахстан, кандидат исторических наук, доцент.

**Бейскулов Тохтар** – писатель и публицист, кандидат филологических наук.

**Какишев Турсынбек** – писатель, доктор филологических наук, профессор.

**Ескендиров Мейыр Гариполлаевич** – ректор Семейского государственного педагогического института, доктор исторических наук, профессор.

**Каримов Мухтар Карпыкович** – директор Центра исторических и социально-политических исследований имени академика Манаша Козыбаева при Семейском государственном педагогическом институте, кандидат исторических наук, доцент.

**Салыков Какимбек** – поэт.

## Содержание

Вместо предисловия.....	3
Зиманов С. Феномен академика М.К.Козыбаева .....	4
Ахметов К. Историк и его интеллектуальное влияние на общество (Заметки неисторика) .....	10
Сужиков Б. Академик Манаш Козыбаев и культурно-нравственный потенциал исторического знания .....	20
Мажитов С. Академик М.К.Козыбаев – основатель историософии независимого Казахстана, ученый-гуманист .....	31
Алимова Д. Образ историка Центральной Азии.....	41
Деревянко А., Ламин В. Рецензия на книгу М.К.Козыбаева «Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды)» .....	45
Плоских В. М.К.Козыбаев: монолог об Отчизне .....	51
Бельгер Г. Он называл меня «бауырым» – «брать мой» .....	56
Маляр И. Полководец военной истории Казахстана .....	59
Гуревич Л. Историк Отечества .....	72
Постановление Правительства Республики Казахстан №134 от 5 февраля 2003 года «Об увековечении памяти академика Манаша Козыбаева».....	81
Дополнения к указателю «Манаш Кабашевич Козыбаев: Материалы к библиографии ученых Казахстана». ....	83
Пірманов Э., Қатаева А. Алғысөз орнына .....	117
Қайдар Ә. Тарихтың ауыр жүгін арқалаған азамат .....	162
Сұлтанғазин Ә. Асыл аға, әріптес дос туралы сөз .....	166
Кекілбаев Ә. Бүгін мен ертеңге бірдей қызмет еткен .....	168
Қошанов А. Халқына қызмет еткен.....	173

<i>Сагадиев К.</i> Тәлімі мол өмір жолы жалғаса берсін!	180
<i>Мырзахан Ж.</i> Қазақ тарихының қара нары	188
<i>Мұқаметханұлы Н.</i> Текті кісі, ғұлама ғалым	194
<i>Кемелашұлы Б.</i> Қырыдағы қандастардың шынайы қамқоршысы еді	202
<i>Қинаятұлы З.</i> Мәкенің мен білетін қасиеттері	206
<i>Алдажуманов Қ.</i> Төтеден жолды салған, тауды тесіп	209
<i>Бейіскүлов Т.</i> Жүзінен жылыштық есіп тұратын	213
<i>Қекішев Т.</i> Ғұлама гибраты	218
<i>Ескендеров М., Каримов М.</i> Манаш Қозыбаев көрсеткен жолмен	227
<i>Салықов К.</i> Манашты оқы	233
Сведения об авторах	234

---

На клапанах обложки книги представлены фотографии:

- зала музея СКГУ имени Манаша Козыбаева;
- памятника на центральной площади университетского городка в Петропавловске;
- мемориальных досок на доме, где жил М.К.Козыбаев, и на улице его имени в Алматы;
- стандартных почтовых марок из серии «Юбилейные и памятные даты» - «75 лет Манашу Козыбаеву». Марки отпечатаны офсетным способом в одну краску на РГП «Банкнотная фабрика (филиал) Национального Банка Республики Казахстан». Оформление Р.Жапалова. Тираж марки номиналом 30 тенге - 2,4 млн штук, номиналом 20 тенге - 5,52 млн штук.

700 лет

СЫЙЛЫҚ ДАНА  
ДАРСТВЕННЫЙ  
ЭКЗЕМПЛЯР

Казахстан  
Ұлттық кітапханасы



2 100115 187134

**МАНАШ КОЗЫБАЕВ:  
КОЛЬЦА ЖИЗНИ**  
Сборник воспоминаний

Генеральный директор З. Тен

Редактор А. Даткин

Дизайн и компьютерная верстка Н. Раймкуловой

Технический редактор О. Пегова

Корректор С. Ибраева

Подписано в печать 22.08.11.

Формат 60x84 $\frac{1}{16}$ . Бумага офс. Печать офс. Усл.п.л. 13,95.

Тираж 1000 экз. Заказ № 5892.

Издательская компания «Раритет»  
г. Алматы, ул Масанчи, 98  
Тел./факс: 8(727) 292-88-36, 260-67-08  
e-mail: [rarity\\_pc@mail.ru](mailto:rarity_pc@mail.ru)  
[www.rarity.kz](http://www.rarity.kz)

Отпечатано с файлов заказчика в ТОО «Полиграфкомбинат»  
Республики Казахстан, 050002, г. Алматы, ул. Макатаева, 41





КАЗАКСТАН  
KAZAKHSTAN

2006

20

Манаш Қозыбаев (1931-2002)  
Тарихшы, академик қоғам қайраткөрі

КАЗАКСТАН  
KAZAKHSTAN

2006

30

Манаш Қозыбаев (1931-2002)  
Тарихшы, академик қоғам қайраткөрі

Бұл үйде 1971-2002 жылдары  
көрнекіт мемлекеттік  
және қоғам кайраткері,  
тарихши-ғалым.  
Казақстандың еңбек сінірген  
ғылым кайраткері,  
Президенттің Бейбітшілік  
пен рухани татулық  
сыйылыштарының лауреаты  
академик

Манаш Қабашұлы тұрған



ҚОЗЫБАЕВ

В этом доме с 1971-2002 годы  
жил видный государственный  
и общественный деятель,  
ученый-историк, заслуженный  
действительный член Академии  
наук Казахстана,  
лауреат  
Государственной премии  
Казахстана,  
Премии Президента Казахстана  
Мира и духовного согласия,  
академик

Манаш Кабашевич

Бұл көше  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МЕМЛЕКЕТТЕКІ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТТІҢ  
БЕЙБІТШІЛІК ПЕН РУХАНИ КЕЛІСІМ  
СЫЙЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ,  
АКАДЕМИК  
**МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ**  
ҚОЗЫБАЕВТЫҢ  
КҮРМЕТИНЕ АТАЛДЫ

**М. ҚОЗЫБАЕВ**  
көшесі